УДК
ББК
Т

Қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағышты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны әзірледі

Пікір жазғандар:
А.М. Алдаш, Т.Н. Ермекова, Ж.А. Жақыпов, А.Ә. Жаңабекова, М.С. Жолшаева, О.С. Жұбаева, Қ.Т. Рысалды, А. Д. Сейсенова

Қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағыш/ Авторлары:
Г.Қ. Досмамбетова, З.С. Ерназарова, З.С. Күзекова, А.О. Тымболова
Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012 – 300 бет.

Грамматикалық анықтағыш қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренуге арналған. Анықтағышта грамматика функционалдық тұрғыда беріледі. Күнделікті өмірде жиі қолданылатын құрылымдар арқылы қазақ тілінің грамматикасы түсіндіріледі. Қазақ тілінің әрбір грамматикалық элементі жаттығулар арқылы пысықталады. Тіл үйренушінің сабаққа қатысты жаттығуларды «осында және дәл қазір» қағидаты бойынша орындау мүмкіндігі бар. Барлық жаттығулардың жауаптары беріледі.

Грамматический справочник предназначен для изучения казахского языка как иностранного или как второго языка. В справочнике дан функциональный аспект грамматики языка. С помощью часто употребляемых языковых конструкций разъясняется грамматика казахского языка. Каждый элемент грамматики закрепляется упражнениями. Пользователь языка имеет возможность выполнять упражнения по принципу «здесь и сейчас». Ко всем упражнениям прилагаются ответы.

ISBN

УДК
ББК

© Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті, 2012
© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2012

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
	Құрметті, Тіл үйренуші!	10
1-сабақ	Қазақ тілінің дыбыстары. Дауысты дыбыстар Звуки казахского языка. Гласные звуки	12
2-сабақ	Дауыссыз дыбыстар Согласные звуки	16
3-сабақ	Қосымшалардың жалғануы Присоединение аффиксов	18
4-сабақ	Зат есім. Жалпы, жалқы есімдер Имя существительное. Собственные, нарицательные имена	22
5-сабақ	Зат есімнің грамматикалық категориялары. Көптік жалғау Грамматические категории имен существительных. Аффиксы множественного числа	28
6-сабақ	Тәуелдік жалғауы Притяжательные окончания	33
7-сабақ	Иелік форма Форма принадлежности	36
8-сабақ	Септік жалғауы. Атау септігі Падежные окончания. Именительный падеж	40
9-сабақ	Ілік септігі Родительный падеж	42
10-сабақ	Барыс септігі Дательный падеж	46
11-сабақ	Тәуелдеулі барыс септігі Притяжательная форма дательного падежа	49
12-сабақ	Табыс септігі Винительный падеж	53
13-сабақ	Тәуелдеулі табыс септігі Притяжательная форма винительного падежа	56
14-сабақ	Жатыс септігі Местный падеж	58
15-сабақ	Тәуелдеулі жатыс септігі Притяжательная форма местного падежа	64
16-сабақ	Шығыс септігі Исходный падеж	66

17-сабақ	Тәуелдеулі шығыс септігі Притяжательная форма исходного падежа	70
18-сабақ	Көмектес септігі Винительный падеж	72
19-сабақ	Тәуелдеулі көмектес септігі Притяжательная форма винительного падежа	75
20-сабақ	Жіктік жалғауы Личные окончания	77
21-сабақ	Жіктік жалғауының болымсыз түрі Отрицательная форма личных окончаний	80
22-сабақ	Сын есім. Сапалық және қатыстық сын есімдер Имя прилагательное. Качественные и относительные имена прилагательные	82
23-сабақ	Сын есімнің шырайлары. Салыстырмалы шырай Степени имен прилагательных. Сравнительная степень	85
24-сабақ	Сын есімнің күшейтпелі шырайы Усилительная степень имен прилагательных	88
25-сабақ	Сан есім. Есептік сан есім Имя числительное. Количественные имена числительные	89
26-сабақ	Реттік сан есім Порядковые числительные	91
27-сабақ	Жинақтық сан есім Собирательные числительные	93
28-сабақ	Топтық сан есім Разделительные числительные	95
29-сабақ	Болжалдық сан есім Предположительные числительные	97
30-сабақ	Бөлшектік сан есім Дробные числительные	100
31-сабақ	Есімдік. Жіктеу есімдіктері Местоимение. Личные местоимения	102
32-сабақ	Сілтеу есімдіктері Указательные местоимения	105
33-сабақ	Өздік есімдіктері Возвратные местоимения	108
34-сабақ	Сұрау есімдіктері Вопросительные местоимения	110
35-сабақ	Белгісіздік есімдіктері Неопределенные местоимения	112

36-сабақ	Болымсыздық есімдіктері Отрицательные местоимения	114
37-сабақ	Жалпылау есімдіктері Определительные местоимения	117
38-сабақ	Етістік Глагол	120
39-сабақ	Етіс. Өздік етіс Залог. Возвратный залог	123
40-сабақ	Өзгелік етіс Побудительный залог	126
41-сабақ	Ортақ етіс Совместный залог	128
42-сабақ	Ырықсыз етіс Страдательный залог	130
43-сабақ	Шақ категориясы. Осы шақ. Нақ осы шақтың жай түрі Категория времени. Настоящее время. Простая форма собственно-настоящего времени	132
44-сабақ	Өткен шақ. Жедел өткен шақ Прошедшее время. Очевидно-прошедшее время	136
45-сабақ	Жедел өткен шақтың қолданылуы Употребление очевидно-прошедшего времени	139
46-сабақ	Жедел өткен шақтың болымсыз түрі Отрицательная форма очевидно-прошедшего времени	142
47-сабақ	Бұрынғы өткен шақ Давно-прошедшее время	144
48-сабақ	Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі Отрицательная форма давно-прошедшего времени	147
49-сабақ	Нақ осы шақтың күрделі түрі Сложная форма собственно-настоящего времени	149
50-сабақ	Нақ осы шақтың болымсыз түрі Отрицательная форма собственно-настоящего времени	153
51-сабақ	Ауыспалы осы шақ Переходное настоящее время	157
52-сабақ	Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі Отрицательная форма переходного настоящего времени	160
53-сабақ	Ауыспалы осы шақтың қолданылуы Употребление переходного настоящего времени	163
54-сабақ	Келер шақ. Болжалды келер шақ Будущее время. Предположительное будущее время	166

55-сабақ	Мақсатты келер шақ Будущее время цели	169
56-сабақ	Ауыспалы келер шақ Переходное будущее время	172
57-сабақ	Рай категориясы. Ашық рай. Бұйрық рай Категория наклонения. Изъявительное наклонение. Повелительное наклонение	176
58-сабақ	Шартты рай Условное наклонение	180
59-сабақ	Қалау рай Желательное наклонение	182
60-сабақ	Мақсат мәнді қалау рай Желательное наклонение со значением цели	188
61-сабақ	Қимыл есімі (Тұйық етістік) Инфинитив	190
62-сабақ	Есімше Причастие	194
63-сабақ	Есімшенің болымсыз түрі Отрицательная форма причастия	198
64-сабақ	Көсемше Деепричастие	201
65-сабақ	Көмекші етістіктер. *Бол, ет, қыл* көмекші етістіктері Вспомогательные глаголы. Вспомогательные глаголы *бол, ет, қыл*	207
66-сабақ	Үстеу Наречие	209
67-сабақ	Еліктеу сөздер Подражательные слова	215
68-сабақ	Шылау. Жалғаулықтар Служебные слова. Союзы	218
69-сабақ	*Да/де, та/те* жалғаулық шылаулары Соединительные союзы *да/де, та/те*	221
70-сабақ	*Туралы, арқылы, үшін* септеулік шылаулары Послелоги *туралы, арқылы, үшін*	224
71-сабақ	*Байланысты, сәйкес/сай, бола* септеулік шылаулары Послелоги *байланысты, сәйкес/сай, бола*	227
72-сабақ	*Бірге, қатар, қоса* септеулік шылаулары Послелоги *бірге, қатар, қоса*	229
73-сабақ	*Барысы, кезі, іші, бойы* септеуліктері Послелоги барысы, кезі, іші, бойы	231
74-сабақ	*Сияқты, секілді* септеуліктері Послелоги *сияқты, секілді*	233

75-сабақ	Модаль сөздер Модальные слова	235
76-сабақ	Модаль сөздердің қолданылуы Употребление модальных слов	238
77-сабақ	*Тиіс, міндетті* модаль сөздері Модальные слова *тиіс, міндетті*	241
78-сабақ	*Бар, жоқ, иә* модаль сөздері Модальные слова *есть, нет, да*	243
79-сабақ	Көмекші есімдер (*ішінде, үстінде, астында*) Служебные имена *(ішінде, үстінде, астында)*	245
80-сабақ	Сөз тіркесі Словосочетание	248
81-сабақ	Сөздердің байланысу түрлері Типы соединения слов	250
82-сабақ	Синтаксистік қатынастар Синтаксические отношения	252
83-сабақ	Сөйлем мүшелері. Бастауыш Члены предложения. Подлежащее	254
84-сабақ	Баяндауыш Сказуемое	256
85-сабақ	Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері Второстепенные члены предложения	258
86-сабақ	Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі Порядок слов в предложении	261
87-сабақ	Сөйлем Предложение	264
88-сабақ	Құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем Сложные предложения. Сложносочиненные предложения	266
89-сабақ	Сабақтас құрмалас сөйлем Сложноподчиненные предложения	271
90-сабақ	Аралас құрмалас сөйлемдер Сложные предложения смешанного типа	276
91-сабақ	Оқшау сөздер Обособленные слова	279
92-сабақ	Бөгде сөз. Төл сөз бен төлеу сөз Чужая речь. Прямая и косвенная речь	283
93-сабақ	Тыныс белгілері Знаки препинания	286
Жаттығу жауаптары Ответы к упражнениям		282

КІРІСПЕ

Қазақ тілі шетел тілі және екінші тіл ретінде оқытуда грамматиканың орны ерекше. Тіл үйренуші тілді үйренудің алғашқы қадамында негізгі грамматикалық құрылымдарды үйрене бастайды және айтайын деген ойын құрылымдық, стилистикалық тұрғыдан дұрыс құрылған сөйлемдермен жеткізуге талпынады. Сондықтан негізгі тілдік бірліктерді және олардың қолданылу ерекшеліктерін білу – басты мәселе болып табылады.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқыту әдістемелерінің тиімді тәсілдері айқындалып, қолданысқа енгізілуде. Қазақ тілін үйренуде сөйлеу әрекеті арқылы үйрену үрдісі тиімді жол ретінде таңдалып отырғандығы белгілі. Алғашқы қадамдарда, көбіне сөйлеу әрекетінің сөйлесім түріне көңіл бөлінетіні анық, тіл үйренуші тезірек қазақ тілінде сөйлегісі келеді. Алайда сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгеру тіл үйренушінің түрлі дағдыларының қалыптасуына тікелей байланысты.

Грамматикалық материалды әртүрлі құрылымда беру және жаттығулар жүйесін соған сәйкестендіру арқылы грамматикалық дағдыны қалыптастыруға болады. Мұндағы негізгі мәселе – таңдалып алынған грамматикалық материалды мөлшермен беру, яғни қандай көлемде және қай уақытта беру мәселесі. Тілдік бірліктердің түрленуін бәрін бірден және күрделі құрылымдармен бірге ұсыну – тілдің грамматикасын тиімді үйренуге кері әсерін тигізетіні анық. Осы ретте машықтануға арналған жаттығулар да тілдік дағдының қалыптасуына, белгілі сөйлеу үлгілерін ұқсас жағдайларда пайдалану арқылы сол тілдік құрылымның қалыптасуына ықпал етеді. Бір тақырыптың аясында болатын тілдік құрылымның бір үлгісіне дағдыланудың мысалдары мен жаттығулары дәл сол тақырыпқа ұқсас жағдайларда сол үлгі мен тілдік құрылымды дұрыс қолдануға септігін тигізеді, осы арқылы грамматиканың табиғатын түсінуге үлкен мүмкіндік туындайды.

Ұсынылып отырған қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағыштың негізгі мақсаты – тіл меңгеруші тұлғаның бойында қазақ тілін үйрену барысында грамматикалық құрылымды қамтитын минимальды грамматикалық қорын қалыптастыру.

Грамматикалық анықтағыштың құрылымы төмендегідей:

1) алдымен тілдік құрылымның ережесі беріледі. Ережелер түсінікті тілде баяндалады;

2) ережеге сәйкес мысал келтіріледі;

3) әртүрлі дағдылардың қалыптасуына ықпал ететін жаттығулар беріледі және жаттығулардың үлгісі орындалып, көрсетіледі;

4) тілдік құрылымды тиімдірек түсіну үшін келтірілген жағдаяттарға байланысты суреттер мен безендірулер беріледі;

5) жаттығуларды орындау барысында «осында және дәл қазір» қағидасы бойынша анықтағышты жұмыс дәптері ретінде пайдалануға, яғни берілген тапсырмаларды осы құралда орындауға мүмкіндіктер бар;

6) грамматикалық материал құрылымдық және функционалдық тұрғыда тілді оқытудың халықаралық тәжірибелеріне негізделіп ұсынылады;

7) тіл үйренуші ұсынылған анықтағыштың өзіне қажетті тақырыбынан бастап, тіл меңгеру деңгейін жетілдіре алады.

ВВЕДЕНИЕ

В обучении казахскому языку как иностранному или как второму языку грамматика играет большую роль. На начальных этапах личность, обучающаяся языку изучает основные грамматические конструкции языка, стремится излагать свои мысли грамотными с точки зрения структуры и стилистики предложениями. Поэтому знание основных языковых конструкций, а также особенностей их употребления является основной задачей.

На сегодняшний день изучены и активно внедряются наиболее эффективные методики обучения казахскому языку. Очевидно, что одним из эффективных путей обучения языку является изучение языка через речевую деятельность. На начальных этапах большее внимание уделяется такому виду речевой деятельности, как говорение, так как личность, изучающая язык, стремится быстрее научиться говорить на казахском языке. Однако овладение видами речевой деятельности напрямую зависит от формирования разного рода речевых навыков.

Грамматический материал можно представить в разной форме, грамматические навыки можно сформировать посредством соответствующей системы упражнений. Основная задача заключается в выборе объема грамматического материала, то есть в какой период обучения и в каком объеме его представить. Представление всех языковых конструкций в сложной форме с начальных этапов отрицательно влияет на процесс эффективного изучения грамматики языка. Формированию языковых навыков способствуют тренировочные упражнения. Употребление определенных примеров речевой деятельности в схожих ситуациях способствует формированию и закреплению данных языковых конструкций. Примеры и упражнения для применения одной и той же языковой конструкции в рамках единой темы в схожих ситуациях способствуют правильному применению языковой структуры, посредством этого представляется возможность понять и овладеть элементами грамматики.

Основная цель предложенного грамматического справочника для изучения казахского языка – это формирование в процессе изучения языка минимального запаса грамматических единиц и структуры казахского языка.

Структура Грамматического справочника следующая:

1) для начала предложены правила, раскрывающие структуру языка. Правила излагаются доступным языком.

2) далее приведены примеры, соответствующие правилам;

3) также даны упражнения, способствующие формированию различных языковых навыков. В упражнениях приведены образцы их правильного выполнения;

4) для эффективного восприятия языковых конструкций приведены картинки и иллюстрации, соответствующие ситуациям;

5) в процессе выполнения упражнений можно использовать справочник в качестве рабочей тетради по принципу «здесь и сейчас», то есть дана возможность выполнить упражнение;

6) подача грамматического материала основана на международном опыте обучения языку с позиций структурного и функционального аспектов изучения языка;

7) личность, изучающая язык, имеет возможность совершенствовать уровень владения языком, начиная с нужного для него раздела данного справочника.

Құрметті Тіл үйренуші!

«Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы» – қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын түсінуге септігін тигізетін көмекші құрал.

«Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы» қазақ тілін практикалық тұрғыда пайдалануға бағытталған. Әр ереже түсінікті тілмен баяндалады және оларға тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін бірнеше жаттығу беріледі.

Қазақ тілінің әрбір грамматикалық қағидалары сабақтар арқылы бекітілген. Сабақ барысында ереже беріледі, тілдік құрылымның жасалу жолы арнайы қоршаумен ерекшеленіп, тілдік құрылымның жасалу жолы бойынша мысалдар келтіріледі. Одан соң тақырыпқа сәйкес өз бетінше орындауға арналған жаттығулар ұсынылады. Суреттер мен иллюстрациялар тілдік құрылымды нақтырақ түсінуге көмектеседі.

«Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы» қазақ тілінің тілдік құрылымдарын қамтитын сабақтардан тұрады.

Қазақ тілінде жиі қолданылатын құрылымдар кесте түрінде берілген. Бұл кестелер қалыптасқан тілдік дағдыларды еске түсірудің тиімді тәсілі болып табылады.

Жаттығулардың дұрыс жауаптары қосымшада берілген.

Ұсынылып отырған грамматикалық анықтағыш қазақ тілін меңгеруге септігін тигізеді деген сеніммен қазақ тілін игеруде үлкен сәттілік тілейміз!

Уважаемый Пользователь языка!

Данный грамматический справочник казахского языка является вспомогательным пособием, которое поможет Вам усвоить грамматическую структуру казахского языка.

Грамматический справочник направлен на употребление казахского языка с практической точки зрения. Каждое правило разъясняется доступным языком, к ним предлагаются разного рода упражнения для формирования речевых навыков.

Каждый элемент грамматики казахского языка приведен отдельным уроком. В ходе уроков даются правила, способы образования определенной языковой конструкции взяты в рамки. К каждому способу образования языковой конструкции приведены примеры. После чего предлагается самостоятельно выполнить упражнения. Картинки и иллюстрации способствуют более эффективному усвоению языковых конструкций.

Грамматический справочник в полной мере охватывает языковую структуру казахского языка.

В таблицах приведены частоупотребляемые языковые конструкции казахского языка. Данные таблицы предлагаются как эффективный метод закрепления сформированных речевых навыков.

Правильные ответы к упражнениям приведены в приложении.

С надеждой на то, что представленный грамматический справочник будет способствовать изучению казахского языка, желаем Вам огромных успехов!

1-САБАҚ

Қазақ тілінің дыбыстары. Дауысты дыбыстар

Звуки казахского языка. Гласные звуки

Қазақ тілінің дыбыстары *дауысты* және *дауыссыз* болып екіге бөлінеді.

Өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырамай шыққан дыбыстар ***дауысты дыбыстар*** деп аталады. Қазақ тілінің дауысты дыбыстары: *а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і*.

Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай *жуан*, *жіңішке*; жақтың қатысына қарай *ашық*, *қысаң*; еріннің қатысына қарай *еріндік*, *езулік* болып бөлінеді.

В казахском языке звуки делятся на две группы: дауысты дыбыс (гласные звуки) и дауыссыз дыбыс (согласные звуки).

Звуки, образующиеся свободным потоком воздуха, не встречая преграды в виде органов речевого аппарата, называются дауысты дыбыстар (гласными звуками). Гласные звуки казахского языка: *а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і*.

Дауысты дыбыстар делятся по положению языка на жуан (твердые) и жіңішке; (мягкие); по степени раскрытия рта на ашық (широкие) и қысаң (узкие); по участию губ на еріндік (губные) и езулік (негубные).

Тілдің қатысына қарай (по положению языка)	жуан твердые	а, о, ұ, ы
	жіңішке мягкие	ә, е, ө, ү, і
Жақтың қатысына қарай (по участию губ)	ашық широкие	а, ә, е, о, ө
	қысаң узкие	ұ, ү, ы, і
Еріннің қатысына қарай (по степени раскрытия рта)	еріндік губные	о, ө, ұ, ү
	езулік негубные	а, ә, е, ы, і

Сөз құрамындағы дыбыстардың бір әуезбен айтылуы *үндесім* *құбылысы* деп аталады.

Произношение гласных в слове в созвучии называют сингармонизмом.

Қазақ тілінде сөздер бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке дауыстылардан тұрады.

В казахском языке слова бывают либо с твердыми гласными либо с мягкими гласными.

жуан **үндесім** (созвучие твердых звуков)	жіңішке **үндесім** (созвучие мягких звуков)
ғалым, маман, ақын, домбыра, бұрыш	зерттеуші, әнші, әріптес, әкім, өндіріс

1. Сөздерді тиісті бағандарға жазыңыз.
Впишите слова в соответствующую колонку.

~~сабақ~~, ~~тіл~~, қала, тақырып, сөйлем, олар, күнделік, пәтер, Атырау, бөлме, орындық, ақпарат, Астана, дүкен, Өскемен, дәптер, аспан, терезе, жігіт, кеме, Қазақстан, мектеп, гүл, алма, көлік, ағаш, шалбар, жылқы, әнші, қызанақ

жуан **үндесім**	жіңішке **үндесім**
1. *сабақ*	1. *тіл*
2.	2.
3.	3.
4.	4.
5.	5.
6.	6.
7.	7.
8.	8.
9.	9.
10.	10.
11.	11.
12.	12.
13.	13.
14.	14.
15.	15.

2. Көп нүктенің орнына тиісті дыбыстарды қойыңыз.
Впишите соответствующие звуки вместо многоточий.

ұ/ү



Менің атым – Г*ү*лнұр.
Меня зовут Гульнур.



Менің атым – С*ұ*лтан.
Меня зовут Султан.

о/ө



Қ...лым таза.
У меня чистые руки.



Мен к...лге барамын.
Я пойду на озеро.

а/е



Мен Астан...да қалдым.
Я остался в Астане.



Ол театрға к...лді.
Он пришел в театр.

ә



...кем келді.
Пришел отец.



С...кен университетте оқиды.
Сакен учится в университете.

ы/і



М...нау – менің ұял... телефоным.
Это – мой мобильный телефон.



Мен дәптерд... үстелге қойдым.
Я положил тетрадь на стол.

3. Көп нүктенің орнына тиісті дыбысты қойыңыз.
Впишите вместо многоточий соответствующие звуки.

а/е	*о/ө*	*ұ/ү*	*ы/і*
қ....лам	....тан	д....кен	тапс....рма
т....резе	....сімдік	....йрек	с....нақ
ад....м	к....мір	к....міс	көл....к
к....ме	....рындық	ж....мыс	ес....к
т....мақ	....құшы	к....рек	жылқ....
жарық бөлм....	....рнек	....стелдің беті	Алмат.... қалас....
ақ қ....ғаз	ұзақ ....мір	қазақ ....лты	ауа рай....

2-САБАҚ

Дауыссыз дыбыстар
Согласные звуки

Өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында сөйлеу мүшелерінің бірінің кедергісіне ұшырап шыққан дыбыстар ***дауыссыз дыбыстар*** деп аталады.

Қазақ тіліндегі *дауыссыз дыбыстар*: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, h, ц, ч, ш, щ.

Дауыссыз дыбыстар дауыс пен салдардың қатысына қарай *қатаң, ұяң, үнді* болып бөлінеді.

Звуки, которые образуются при преодолении различного рода преград в разных участках речевого аппарата, называются согласными звуками.

Согласные звуки казахского языка: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, h, ц, ч, ш, щ.

Согласные звуки в свою очередь делятся на қатаң (твердые), ұяң (звонкие), үнді (сонорные).

Қатаң Глухие	п, ф, к, қ, с, т, ш, щ, х, ц, ч
Ұяң Звонкие	б, в, г, ғ, д, ж, з, h
Үнді Сонорные	м, н, ң, й, л, у, р

Ескерту: и, у дыбыстарымен келген бір буынды сөздерге жуан да, жіңішке де қосымша жалғанады.

Примечание: К словам со звуками и, у, состоящих из одного слога, присоединяются и твердый и мягкий вариант аффиксов.

жуан **үндесім** (созвучие твердых звуков)	жіңішке **үндесім** (созвучие мягких звуков)
су+*ға* (в воду) ми+*ы* (его мозг)	ти+*ме* (не трогай)
ру+*дан* (из рода) бу+*дан* (из пара)	би+*лер* (танцы)
ту+*ым* (мой флаг) шу+*лар* (шумы)	ши+*ге* (к соломинке)

П, к, қ дыбыстарына біткен сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, ол дыбыстар ұяңданып, *б, г, ғ* болып өзгереді.

Мысалы: жауап + *ым* – жауаб*ым*, сұрақ + *ым* – сұрағ*ым*, көйлек + *ім* – көйлег*ім*.

Если последний звук основы глухой согласный *п, к, қ,* а прибавляемый к основе суффикс или окончание начинаются с гласного, эти глухие звуки озвончаются: *п-б, қ-ғ, к-г.*

Например: жауап + *ым* – жауаб*ым*, сұрақ + *ым* – сұрағ*ым*, көйлек + *ім* – көйлег*ім*.

1. Мәтіннен қатаң дауыссыздарды тауып, белгілеңіз.
Найдите и отметьте в тексте согласные звуки.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

(М. Жұмабаев)

2. Ұяң дауыссыздарды бір сызықпен, үнді дауыссыздарды екі сызықпен белгілеңіз.
Отметьте звонкие согласные одним, сонорные согласные двойным подчеркиванием.



1. Мен кітап оқығанды жақсы көремін.



2. Бос кезімде спортпен шұғылданамын.



3. Бақшада гүлдің түр-түрі бар.

3-САБАҚ

Қосымшалардың жалғануы
Присоединение аффиксов

Қазақ тілінде қосымшалар сөздің соңғы буынына қарай жалғанады. Сөздің соңғы буыны жуан болса – жуан дыбысты қосымша, жіңішке болса – жіңішке дыбысты қосымша жалғанады.

В казахском языке аффиксы присоединяются к последнему слогу. Если последний слог слова твердый, то к нему присоединяется твердый аффикс, если последний слог мягкий - присоединяется мягкий аффикс.

жуан **үндесім** (созвучие твердых звуков)		жіңішке **үндесім** (созвучие мягких звуков)	
досым	~~досім~~	дәптерім	~~дәптерым~~
нанға	~~нанге~~	үйге	~~үйға~~
асханасы	~~асханасі~~	мемлекетіңіз	~~мемлекетыңыз~~
қаладан	~~қаладен~~	кілемге	~~кілемға~~

Сондай-ақ, сөздің соңғы дыбысына да байланысты болады.


Так же присоединение аффикса зависит от последнего звука.

Соңғы дыбыс (последний звук)			
а, ә, е, і, ұ, о, ы, р, у, й		*-лар/-лер*	оқушы***лар*** үй***лер***
з, ж, л, м, н, ң		*-дар/-дер*	адам***дар*** көл***дер***
п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ц, ч, һ, б, в, г, д		*-тар/-тер*	дос***тар*** мектеп***тер***

Бақытбек+ке
Бакытбеку



Айгүл+де
у Айгуль



Төлеухан+ның
у Толеухана



Сұлтанбек+ке
Султанбеку



әуежай+лар аэропорты		Ақтөбе+ден из Актобе	
елорда+дан из столицы		шекара+дан из-за границы	
тікұшақ+тар вертолеты		жолсерік+пен с проводником	


Аралас буынды сөздерге де (өзге тілден енген) қосымша соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады.

К основе заимствованных из других языков слов, состоящих из твердых и мягких слогов, аффиксы также присоединяются в зависимости от твердости/мягкости последнего слога.

жуан **үндесім** (созвучие твердых звуков)	жіңішке **үндесім** (созвучие мягких звуков)
кітап+қа в книгу герман+дық германский	компьютер+лер компьютеры мұғалімдер+ге учителям

1. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Присоедините нужный аффикс.

бала*.лар*..... *(-лар/-лер)* (дети)		дос..... *(-ым/-ім)* (мой друг)	
тау..... *(-ға/-ге)* (в гору)		ұн..... *(-нан/-нен)* (из муки)	

сүт..... *(-та/-те)* (в молоке)		бақ..... *(-қа/-ке)* (в сад)	
ағаш.....*(-тан/-тен)* (из дерева)		орындық..... *(-тар/-тер)* (стулья)	
өзен..... *(-ға/-ге)* (на реку)		кесте..... *(-дан/-ден)* (из таблицы)	

2. Сөйлемдегі сөздерге тиісті қосымшаны жалғаңыз.
К словам в предложениях присоедините соответствующие аффиксы.

1. Конференция сағат 10-да бастала*ды* . *(-~~ды~~/-ді)*
2. Сенің кабинет……. қайда? *(-ың/-ің)*
3. Қыз……. сөйлесіп тұр. *(-дар/-дер)*
4. Бейбітшілік күн…. 1 мамырда. *(-ы/-і)*
5. Сіздің қызметкер……. келді ме? *(-ыңыз/-іңіз)*
6. Мұражай қала орталығында орналас..... . *(-қан/-кен)*
7. Теледидар..... айтыс көрсетіп жатыр. *(-дан/-ден)*
8. Ғылым таппай мақтан..... . *(-ба/-бе)*
9. Студент..... аудиторияға кірді. *(-тар/-тер)*
10. Кинотеатрда «Жаужүрек мың бала» фильмі көрсетіл..... . *(-ды/-ді)*

3. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вместо многоточий вставьте нужные аффиксы.



Интернет желісін жиі пайдалана*мыз* .
(-мыз/-міз)



Делегаттар Астанаға ұшақпен кел..... . *(-ды/-ді)*



Тоқтар Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкер..... . *(-ы/-і)*



Менің әпкем іссапар..... кетті.
(-га/-ге)



Біз жазда Алакөл..... демалдық.
(-да/-де)



Қазақстан.... көп ұлт өкілдері тұрады.
(-да/-де)

4. Жалғаулардың жуан немесе жіңішке нұсқасын қойыңыз.
Выберите твердый либо мягкий вариант окончаний.

1. Үстел.....де. оның күнделігі жатыр.
2. Көкшетау..... табиғаты керемет.
3. Қызметтестер..... сенбілікке барды.
4. Ешқашан өтірік айт..... .
5. Қала..... сыртында демалыс орындары көп.

4-САБАҚ

Зат есім. Жалпы, жалқы есімдер
Имя существительное. Собственные, нарицательные имена

Заттың атын, заттық ұғымды білдіретін сөз табы ***зат есім*** деп аталады.

Часть речи, которая обозначает наименование предмета, понятие предмета называется ***зат есім (имя существительное).***



Мира – мұғалім



Бұл – домбыра

Қазақ тілінде ***кім?*** деген сұрақ адамға қатысты, ***не?*** деген сұрақ заттарға, жануарларға, құбылыстарға т.б. қатысты қолданылады.

В казахском языке вопрос кім? (кто?) задается только по отношению к человеку, во всех других случаях (по отношению к предметам, животным, явлениям и т.д.) употребляется вопрос не? (что?).

Кім? кто?	Не? что?
студент	күй
министр	компьютер
сазгер	арман
жазушы	арыстан
Ақан сері	мемлекет

Ұқсас заттар мен құбылыстардың, жан-жануарлардың ортақ атауы ***жалпы есім*** деп аталады. Мысалы: қала, кітап, білезік, сазгер, ғылым т.б.

Обобщенные наименования предметов, явлений, живых существ называются жалпы есім (нарицательные имена существительные). Например: город, книга, браслет, композитор,

наука и.д.

Жеке адамның аты-жөні, жекелеген заттар мен құбылыстардың атауы ***жалқы есім*** деп аталады: Алматы, «Абай жолы», Жайық, «Қазақстан».

Конкретные имена, фамилии людей, наименования предметов, отдельных вещей и явлений называются жалқы есім (собственные имена существительные).

Жалқы есімдер бас әріппен жазылады.

Жалқы есімдер (собственные имена существительные) пишутся с заглавной буквы.

Жалқы есімдерге:

- адамның аты-жөні: Ахмет Байтұрсынұлы, Нұрғиса Тілендиев т.б;
- жан-жануарлардың аттары: Құлагер, Тайбурыл, Бөрібасар т.б;
- мемлекет, қала, облыс, аудан аттары: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы т.б.;
- жер-су, тау, көше аттары: Атырау, Сарыарқа, Ұлытау т.б.;
- газет-журнал, кітаптардың аттары: «Қазақ әдебиеті газеті», «Жұлдыз» журналы, «Ақсақ киік» күйі, «Сұлушаш» поэмасы т.б;
- мекеме, кәсіпорын атаулары: Халық банкі, Қазақ Ұлттық техникалық университеті, «Хан шатыры» кешені т.б;
- астрономиялық атаулар: Күн, Ай, Үркер, т.б;
- тарихи оқиғалардың аты: Ақтабан шұбырынды, Ұлы Отан соғысы, Желтоқсан оқиғасы т.б;
- лауазымдар мен атақтар: Қазақстан Республикасының Президенті, «Тарлан» сыйлығының лауреаты т.б. жатады.

К жалқы есім относятся:

- имена, фамилии людей: Ахмет Байтұрсынұлы, Нұрғиса Тілендиев и т.д.;
- клички животных: Құлагер, Тайбурыл, Бөрібасар и т.д.;
- названия государств, городов, областей, районов: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы и т.д.;
- названия местности, озер, рек, гор, улиц: Атырау, Сарыарқа, Ұлытау и т.д.;
- названия газет, журналов, книг: «Қазақ әдебиеті газеті», «Жұлдыз» журналы, «Ақсақ киік» күйі, «Сұлушаш» поэмасы и т.д.;
- названия учреждений, предприятий: Халық банкі, Қазақ ұлттық техникалық университеті, «Хан шатыры» кешені и т.д.;
- астрономические названия: Күн, Ай, Үркер и т.д.;
- названия исторических событий: Ақтабан шұбырынды, Ұлы Отан соғысы, Желтоқсан оқиғасы и т.д.;
- названия должностей и званий: Қазақстан Республикасының Президенті, «Тарлан» сыйлығының лауреаты и т.д.



Әнші жаңа әндерін орындады.
Певица исполнила новые песни.



Серік Сәпиев – Лондон олимпиадасының жүлдегері.
Серік Сапиев – чемпион лондонской олимпиады.



Мария дубляж бөлімінде істейді.
Мария работает в отделе дубляжа.



Елшілер өзара келісімге келді.
Послы пришли к взаимному согласию.



Бұл – «Баспана» компаниясының құрылысшысы.
Это – строитель компании «Баспана».



Жарысқа бүркітшілер қатысты.
В состязании участвовали охотники с беркутами.

1. *Кім? не?* сұрағының қажеттісін қойыңыз.

Задайте нужный из вопросов: *кто? что?*

Қозы	Сағат	Бала	Ту	Ноутбук
				
Не?	.....	.....	.....	.....
				
Студент	Ақсақал	Дәптер	Биші	Шам
.....	.....	.....	.....	.....

2. Жалқы есімі бар сөйлемдерді бір бағанға, жалпы есімі бар сөйлемдерді екінші бағанға жазыңыз.

Впишите жалқы есім в одну колонку, жалпы есім - в другую.

Еліміздің аса көрнекті ғалымы Марғұлан Әлкей Хақанұлы – Қазақстан ғылымының тарих, әдебиет, өнер, археология, этнография, география, архитектура сияқты алуан саласында өзіндік із қалдырған ғалым. Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Марғұланның «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан», «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті», «Қазақтың киіз үйі және оның жасауы», «Ежелгі мәдениет куәлары» сияқты кітаптары – туған өлкеміздің тарихи-мәдени шежіресін зерделеген құнды еңбектер.

Жалқы есім	Жалпы есім
Марғұлан Әлкей Хақанұлы, ...	*Ел, ғылым,* .....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
..... .	..... .

3. Сөздерге *-шы/-ші* жұрнағын қосып, тиісті суретін табыңыз.

Присоедините к словам суффикс *-шы/-ші* и найдите к ним соответствующие картинки.

А



Ә



Б



жазу*шы*	Ә
аударма.....	
балық.....	
жүргізу.....	
домбыра.....	
сату.....	
бокс.....	
теннис.....	
теңіз.....	
тіл.....	


Е




В




З



Г



Ж



Ғ





Д


4. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазыңыз.
Вместо многоточий впишите нужные слова.

Қажетті сөздер: ~~футболшы,~~ домбырашы, боксшы, жүргізуші, даяшы, шаңғышы



Бұл – Асхат. Ол 10 жасында  *футболшы* болғысы келді. 13 жасында  ..... болғысы келді. Қазір Асхат 20 жаста. Ол университетте оқиды. Университетте  ..... достары көп. Универсиадада Асхат  ..... ретінде алтын медаль алды. Сенбі, жексенбі күндері  ..... ағасына қонаққа барады. Ал досы Бақыт  ..... болып істейді.

5. Әр суретке жалқы есімді және жалпы есімді сөйлем құраңыз.
По каждому рисунку составьте жалқы есім и жалпы есім.

1	*Екі команданың хоккейшілері де осал емес. Бұл ойында, әсіресе, Жайлауов Талғат ерекше көзге түсті.*	
2	.....	
3	.....	
4	.....	

5-САБАҚ

Зат есімнің грамматикалық категориялары. Көптік жалғау

Грамматические категории имен существительных. Аффиксы множественного числа

Зат есім көптеледі, септеледі, тәуелденеді, жіктеледі. ***Көптік жалғау*** заттың біреу емес, бірнеше екенін білдіреді. Көптік жалғаулары: *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер*.

Зат есім (имена существительные) могут спрягаться во всех грамматических формах. Көптік жалғаулары (окончания множественного числа) обозначают, что предмет не один, а несколько. Көптік жалғаулары (окончания множественного числа): *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер.*



алма	алма**лар**



қаз	қаз**дар**



доп	доп**тар**



кеме	кеме**лер**



гүл	гүл**дер**



өрік	өрік**тер**

Қазақ тілінде көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік мәнді білдіретін сөздер бар. Мысалы: *құм, күріш, сүт, мейіз, жүк, зиян, ауа райы, жұмыс, тәртіп және т.б.*

В казахском языке есть слова, которые являются неисчисляемыми. Например: *құм (песок), күріш (рис), сүт (молоко), мейіз (изюм), жүк (груз), зиян (вред), ауа райы (погода), жұмыс (работа) и т.д.*

*Жағаға **құм** үйілген.*

*Күріштен **тамақ** істедім.*

Сөзге көптік жалғауы жалғанбай-ақ, түбір күйінде көптік мағынаны беретін сөздерді **саналмайтын зат есімдер** дейміз.

Слова, которые выражают множественное значение без присоединения окончаний множественного числа, называются неисчисляемыми именами существительными.

*Теңіздің **суы** салқын екен.*

*Айнаға қарап, **шашымды** тарадым.*

Сөздің алдында сан есімдер (1,2, ..., 100, ...) және *көп, біраз, бірнеше, әлденеше, әлдебір, кейбір* сөздері келсе, көптік жалғауы жалғанбайды.

Если перед словом стоит имя числительное (1,2, ..., 100, ...) и слова *көп, біраз, бірнеше, әлденеше, әлдебір, кейбір*, то окончание множественного числа не присоединяется.

Біз бірнеше ән орындадық.	*Мы исполнили несколько песен.*
Біраз студент жүлделі орындарға ұсынылды.	*Несколько студентов номинированы на призовые места.*



~~үш кітаптар~~
үш кітап



~~6 үйлер~~
6 үй



~~2000 теңгелер~~
2000 теңге



~~миллион адамдар~~
миллион адам

Зат есімге **тәуелдік**, **жіктік** немесе **септік** жалғаулары **көптік** жалғаудан кейін жалғанады.

Притяжательные, личные и падежные окончания к именам существительным присоединяются после окончаний множественного числа.

Мысалы: *әріптес-тер-іміз-ден*



Университетте менің дос*тар*ым көп.



Біз – тыңдаушы*лар*мыз.



Ағаш*тар*да жапырақ жоқ.

1. Көптік жалғаулы сөздерді табыңыз.
Найдите слова с окончаниями множественного числа.

1. Мына кітапта жаңа өлеңдер бар.
2. ~~Қазір сағат алты болды.~~
3. Кітапта суреттер жоқ.
4. Сіздер ертең не істейсіздер?
5. Сен Асқар туралы не білесің?
6. Жастар саябақта қыдырып жүр.
7. Бұл қалада үлкен дүкендер көп.
8. Кенгурудің артқы аяқтары ұзын.
9. Бұл жарысқа студенттер қатысты.
10. Мен дүйсенбіде жұмысқа бармаймын.

2. Сөздерге көптік жалғауын қосыңыз.
Присоедините к словам окончания множественного числа.


1. Кітап*тар* үстелде жатыр. *(-~~тар~~/-тер)*
2. Қыз..... дүкенге кірді. *(-дар/-дер)*
3. Тау..... алыстан көрінеді. *(-лар/-лер)*
4. Басшы..... тапсырма берді. *(-лар/-лер)*
5. Бұл сөздік..... кімдікі? *(-тар/-тер)*
6. Жер-жерден сарапшы..... келді. *(-лар/-лер)*
7. Күзде жапырақ..... сарғаяды. *(-тар/-тер)*
8. Жас дәрігер..... ауруханаға ерте келді. *(-лар/-лер)*
9. Жексенбіде банк..... жұмыс істей ме? *(-тар/-тер)*
10. Мен газетке спортшы..... туралы мақала жаздым. *(-лар/-лер)*
11. Кинотеатрда қызықты кинофильм..... көрсетіліп жатыр. *(-дар/-дер)*

3. Сөйлемдердегі сөздерді ретімен қойыңыз.
Поставьте слова в нужном порядке.

1. ілулі тұр/көйлектер/шкафта ..... *Көйлектер шкафта ілулі тұр* .
2. компьютерлердің/қымбат/бағасы .....
..... .
3. гүлдер/өсіп тұр/гүлзарда .....
..... .
4. тексеріңдер/кітаптың/беттерін .....
..... .
5. Қазақстан/мен/туралы/оқыдым/мақалалар .....
..... .

4. Суретке сәйкес сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения в соответствии с картинками.

мәшине гүл	шаңғышы ~~екі мысық~~	төрт алма акула	екі ғимарат екі ұялы телефон

1	2	3	4
			
5	**6**	**7**	**8**
			

1. Қорапта *екі мысық*.. отыр.
2. Әкем маған ..... сатып алды.
3. Менің ..... бар.
4. Табақта ..... бар.
5. Құмырада..... тұр.
6. Сайысқа Өскеменнен ..... қатысты.
7. Океанариумда ..... бар.
8. Банкінің артында ..... тұр.

5. Сөздерді реттеңіз.
Расставьте слова в нужном порядке.

~~қарындаштар~~, қарындаш



1. Мынау – ұзын, қысқа *қарындаштар* .
2. Мынау – екі ..... .

медальдар, күміс, қола, медаль



1. Мынау – алтын, ...
2. Мынау – үш ..... .

орташа, кішкентай, доп, дәптер



1. Мынау – үлкен, ...
2. Мынау – төрт ..... .

қызғалдақ, гүл, бәйшешек, қалампыр



1. Мынау – раушангүл, ...
2. Мынау – төрт ..... .

6. Қажетті орынға көптік жалғауын қойып шығыңыз.
Проставьте окончания множественного числа.

1. Мен қазақша өлең*дер* білемін.
2. Ол ескі мәшине..... сатады.
3. Үйде қанша бөлме..... бар?
4. Мен ағылшынша сөйлем..... оқи аламын.
5. Азық-түлік дүкенінде жиырма терезе..... бар.
6. Дүкенде сәнді көйлек....., шалбар..... сатылады.

Тәуелдік жалғау
Притяжательные окончания

6-САБАҚ

Зат есімнің **тәуелдік жалғауы** заттың, құбылыстың бірінші, екінші, үшінші жаққа тәуелділігін білдіреді.

Тәуелдік жалғау (притяжательная форма) имени существительного показывает принадлежность предмета, явления первому, второму либо третьему лицу.

Тәуелдік жалғау көрсеткіштері Притяжательные окончания		
Жақ	**Жекеше түрі** (ед. ч.)	**Көпше түрі** (мн. ч.)
I	*-м, -ым, -ім*	*-мыз/-міз, -ымыз/-іміз*
II	*-ң, -ың,/-ің*	*-лар/-лер* *-дар/-дер + -ың/-ің* *-тар/-тер*
	-ңыз/ңіз, -ыңыз/-іңіз	*-лар/-лер* *-дар/-дер + -ыңыз/-іңіз* *-тар/-тер*
III	*-сы/-сі, -ы/-і*	*-лар/-лер* *-дар/-дер + -сы/-сі, -ы/-і* *-тар/-тер*

Жақ	**Жекеше түрі** (ед. ч.)	**Көпше түрі** (мн. ч.)
I	Менің дос-***ым***	Біздің дос-***ымыз***/дос-тар-***ымыз***
II	Сенің досы-***ың***	Сендердің дос-тар-***ың***
	Сіздің дос-***ыңыз***	Сіздердің дос-тар-***ыңыз***
III	Оның дос-***ы***	Олардың дос-тар-***ы***

Тәуелденетін зат бірнеше болса, көпше түрде алдымен көптік жалғау, содан соң тәуелдік жалғау жалғанады.

Мысалы: біздің жолдас + ***тар*** + ***ымыз***, сендердің жолдас + ***тар*** + ***ың***, сіздердің жолдас + ***тар*** + ***ыңыз***, олардың жолдас-***тар***+***ы***.

Қатаң *қ, к, п* дыбыстарына аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, ол дыбыстар ұяң *ғ, г, б* дыбыстарына айналады. Жүрек + *ім* – жүрегім (мое сердце), қасық + *ың* – қасығың (твоя ложка), құлақ + *ым* – құлағым (мое ухо), кітап-*ым* – кітабым (моя книга).

Если предмет не один, а несколько, тогда во множественном числе присоединяется окончание множественного числа, а затем тәуелдік жалғау (притяжательное окончание).

Если корень слова оканчивается на глухие звуки *қ, к, п*, то перед окончаниями, начинающимися с гласной буквы, они преобразуются в звонкие *ғ, г, б*.

Тәуелдік жалғаулы сөздің септелуі Склонение слов в притяжательной форме	
Септік атауы (Наименование падежа)	Септелуі (Склонение)
Атау	үй+*ім*
Ілік	үй+*ім*+*нің*
Барыс	үй+*ім*+*е*
Табыс	үй+*ім*+*ді*
Жатыс	үй+*ім*+*де*
Шығыс	үй+*ім*+*нен*
Көмектес	үй+*ім*+*мен*

Септік жалғауы көптік және тәуелдік жалғауынан кейін жалғанады.

Падежные окончания присоединяются после окончаний множественного числа и притяжательных окончаний.

Сөз + көптік жалғау + тәуелдік жалғау + септік жалғау + жіктік жалғау (кейбір жағдайда)

Терезе + ***лер*** + ***і*** + ***нің***
Бала + ***лар*** + ***ы*** + ***мен***
Үй + ***лер*** + ***і*** + ***нен***

1. Тәуелдік жалғауын қосыңыз.

Присоедините притяжательные окончания.





Менің	*дойбым*	Біздің	.....
Сенің	.....	Сендердің	.....
Сіздің	.....	Сіздердің	.....
Оның	.....	Олардың	.....

2. Үлгі бойынша өз отбасыңызды таныстырыңыз.
Познакомьте со своей семьей по образцу.

Үлгі: *Бұл – менің отбасым. Мынау – менің әкем. Оның жасы 50-де. Мынау – анам. Жасы – 48-де. Мынау – менің жұбайым. Оның жасы – 27-де. Ал мынау – балам.*

.....
.....
.....
.....
..... .

3. Тиісті жалғауларды қосып, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения, вставляя нужные окончания.

Үлгі: *Бұл – біздің ұжым.*

Ұжым басшы..... – Жанар Исақызы. Ұжымда 10 қызметкер жұмыс істейді. Өз кабинет....., жұмыс орын....., атқаратын міндет... бар. Әркім өз міндет....не жауапкершілікпен қарайды. Менің міндет..... – қала тұрғын...на анықтама беру.

7-САБАҚ

Иелік форма
Форма принадлежности

Меншіктік, иелік мағына *-нікі, -дікі, -тікі* қосымшасы арқылы да беріледі. Иелік форма қосымшалары жіңішке түрде ғана жалғанады.

К словам, обозначающим принадлежность предмета кому-либо, присоединяются суффиксы: *-нікі, -дікі, -тікі.* Аффиксы *-нікі, -дікі, -тікі* присоединяются как к мягкой, так и к твердой основе.







Дәптерлер м**енікі**. Тетради мои.	Бұл сандық әжем**дікі.** Этот сундук – бабушкин.	Мына хат Омаров**тікі**. Это письмо Омарова.

Иелік форманың сұрақтары: Вопросы формы принадлежности:			
кім**дікі**? чей?	кім**дікі**? Анау үй біз**дікі**.	не**нікі**? чей?	не**нікі**? Мына кілт үй**дікі**.

Мысалы: Бұл қалам м*енікі* **емес**. Мына көйлек о*нікі* **емес**.

Иелік мәндегі сұраққа ілік септік және иелік формада жауап беруге болады.

На вопрос, выражающий значение принадлежности, можно ответить в форме ілік септік и форме принадлежности.

– Бұл қолшатыр кім**дікі**?	– Бұл – Айжан**ның** қолшатыры. – Бұл – Айжан**дікі**.

Иелік форманың болымсыз түрі **емес** сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.

Отрицательная форма принадлежности образуется путем сочетания со словом *емес*.

Бұл сөмке м*енікі* **емес**.	Это сумка не моя.
Пульт мына теледидар*дікі* **емес**.	Пульт не от этого телевизора.

Иелік форманың жіктеу есімдіктеріне қосылуы: Присоединение к личным местоимениям формы принадлежности:	
Мен → м**енікі**	Біз → біз**дікі**
Сен → с**енікі**	Сендер → сендер**дікі**
Сіз → сіз**дікі**	Сіздер → сіздер**дікі**
Ол → о**нікі**	Олар → олар**дікі**

Кейбір, бірнеше, әлденеше, әлдебір сөздерімен тіркескен сөздер көптік мәнде қолданылады.

Слова, которые сочетаются со словами *кейбір, бірнеше, әлденеше, әлдебір* употребляются во множественном значении.

*Біз **бірнеше** ән орындадық.*

1. Иелік формадағы сөздерді табыңыз.

Найдите слова в форме принадлежности.

1. Бұл кітап менікі.
2. ~~Бұл – сен, анау – мен~~.
3. Мына оқулық сіздікі.
4. Бұл жиһаз Қытайдікі.
5. Мына етік әжеміздікі.
6. Әжеңіздің жасы нешеде?
7. Сіз қайда жұмыс істейсіз?
8. Анау екі қабатты үй біздікі.
9. Бұл велосипед мына баланікі.
10. Жасыл доп сенікі, қызыл доп менікі.
11. 2012 жылы Лондонда жазғы олимпиада өтті.

2. Берілген сөздерге *-нікі, -дікі, -тікі* жұрнақтарын жалғап, сөйлем құраңыз.

Составьте предложения, присоединив к данным словам суффиксы *-нікі,-дікі,-тікі.*

өшіргіш	қайшы	қарындаш	дәптер
сызғыш	~~қалам~~	желім	қылқалам

1	2	3	4
			
~~ол~~	сіз	сендер	мен
5	**6**	**7**	**8**
			
сен	олар	сіздер	біз

1. *Мына қалам онікі* .
2. ..... .
3. ..... .
4. ..... .
5. ..... .
6. ..... .
7. ..... .
8. ..... .

3. Сөйлемдердегі сөздерді ретімен қойыңыз.
Расположите слова в нужном порядке.

1. кімдікі/орындық/бұл *Бұл орындық кімдікі?*
2. кітап/менікі/ол .....
3. мына/сіздікі/сурет .....
4. ойыншық/бұл/біздікі .....
5. сенікі/кесе/үстелдегі .....
6. бөлме/мына/сіздердікі .....

4. Сұхбаттардағы жауаптарды иелік формаға ауыстырыңыз.
Замените ответы в диалогах на форму принадлежности.

1. – Көк дәптер кімдікі?
   Ол – *менің* дәптерім. – *Дәптер менікі* .
2. – Бұл – кімнің ақшасы?
   Әйгерімнің ақшасы. – .....
3. – Бұл сіздің телефоныңыз ба?
   Бұл менің телефоным. – .....
4. – Мынау Жәнібектің үйі ме?
   Иә, *Жәнібектің* үйі. – .....

5. ***-нікі, -дікі, -тікі*** **жұрнақтарын қосыңыз.**
Присоедините суффиксы -нікі, -дікі, -тікі.



Бұл – Саша.



Бұл – Даша.



Мынау – аю.



Саша: Қандай әдемі аю!
Даша: Ол ме.*нікі*
Саша: Жоқ, ол сен..... емес.
Даша: Сонда кім..... ?
Саша: Мен..... .
Даша: Жоқ, ол Таня..... .
Саша: Жоқ, Таня..... емес, мен..... .
Даша: Сен..... емес, мен..... .
Саша: Жарайды, аю сен..... .

8-САБАҚ

Септік жалғауы. Атау септігі
Падежные окончания. Именительный падеж

Сөздерді өзара байланыстыратын жалғаулардың бірі – септік жалғауы. Қазақ тілінде 7 септік бар.

Одним из видов окончаний, связывающих слова между собой, являются падежные окончания. В казахском языке 7 падежей.

Септік түрі: Падеж:	Сұрақтары: Вопросы:	Жалғаулары Окончания
Атау септік Именительный падеж	Кім? кто? Не? что?	-
Ілік септік Родительный падеж	Кімнің? Кого? Чей? Чья? Чье? Чьи? Ненің? Чего?	*-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің*
Барыс септік Дательный падеж	Кімге? Кому? Неге? Чему?	*-ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не, -а/-е*
Табыс септік Винительный падеж	Кімді? Кого? Нені? Что?	*-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, -н*
Жатыс септік Местный падеж	Кімде? У кого? Неде? В чем? Қайда? Где?	*-да/-де, -та/-те, -нда/-нде*
Шығыс септік Исходный падеж	Кімнен? От кого? Неден? От чего? Қайдан? Откуда?	*-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен*
Көмектес септік Творительный падеж	Кіммен? С кем? Немен? С чем? На чем? Қалай? Как?	*-мен, -бен, -пен*

Септіктің екі түрлі жүйесі бар: жай септеу, тәуелдеулі септеу.

Септік жалғауларының зат есімнің түбір не көптік жалғаулы түріне қосылуы ***жай септеу*** деп аталады: *қалаға, университеттерде, өндірістің т.с.с.*

Зат есімнің тәуелдік жалғауынан кейін септелуі ***тәуелдеулі септеу*** деп аталады: *үйінен, уақытымен т.с.с.*

Есть два типа склонения: склонение простых падежных окончаний и склонение притяжательных окончаний.

Присоединение падежных окончаний к корню или после окончания множественного числа называется склонением простой падежной формы: *қалаға (в город), университеттерде (в университетах), өндірістің (производства) и т.д.*

Склонение имен существительных после притяжательных окончаний, называется склонением формы принадлежности: *үйінен (из своего дома), уақытымен (в свое время) и т.д.*

Атау септігінің сұрақтары: ***кім? не?*** Атау септігінің арнаулы қосымшалары жоқ. Атау септік формасындағы сөз қимыл иесін білдіреді: *Шешен кісі* сөз бастар, *адал кісі* ел бастар.

Вопросы атау септік (именительного падежа): кім? (кто?) не? (что?). У формы атау септік нет своих аффиксов. Слово в форме атау септік обозначает лицо действия: *Шешен кісі* сөз бастар, *адал кісі* ел бастар.

Сонымен қатар атау септік формасындағы сөз төмендегідей мәнде қолданылады:

– сөйлеушінің біреудің назарын өзіне қарату үшін: *Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл.*

– белгілі бір оқиғаны, деректі білдіреді: Биыл *сайлау* өтті.

– белгі иесін білдіреді: *Бақыт* – қаладағы ауруханада дәрігер.

Также слова в форме атау септік выражают следующие значения:

- для обращения внимания на себя: *Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл.*
- обозначает конкретные факты и события: *Биыл сайлау өтті.*
- обозначает лицо, которому присущи какие-либо признаки: *Бақыт – қаладаға ауруханада дәрігер.*

Тәуелдеулі атау септігінің сұрақтары: ***кімім? нем? кімің? нең? кіміңіз? неңіз? кімі? несі?***

Вопросы притяжательной формы атау септік: ***кімім? нем? кімің? нең? кіміңіз? неңіз? кімі? несі?***

Адамның *басшысы* – ақыл, *жетекшісі* – талап, *шолғыншысы* – ой, *жолдасы* – кәсіп, *қорғаны* – сабыр, *қорғаушысы* – мінез.

1. Сөйлемдерді берілген сөздермен толықтырыңыз.

Дополните предложения данными ниже словами.

~~*домбыра*~~, *қымыз, жұмыс, Роза, әжем,* ~~*анам*~~, *Айман*

1. *Анам* ініме *домбыра* алып берді.
2. Тойда көп ..... ішілді.
3. ..... – менің сүйікті әншім.
4. Мен ..... істеп жүрмін.
5. ..... теледидардан түрік сериалын көріп отыр.
6. ..... университетте оқып жүргенде театрға жиі барушы еді.

2. Мәтіннен атау септік формасындағы сөздерді табыңыз.

Найдите в тексте слова в форме атау септік.

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда, Абай келіп сәлем береді. Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

– Ата, арзан не? Қымбат не? Дауасыз не? – деп сұраған екен. Сонда Жанқұтты шешен:

– Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік қой. Жанарыңның оты бар екен – ақындығың шығар, маңдайың жазық екен – ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол! – деп батасын беріпті.

(«Ел аузынан» кітабынан)

9-САБАҚ

Ілік септігі
Родительный падеж

Ілік септігінің сұрақтары: *кімнің? ненің?*
Қосымшалары: *-нің/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің.*
Ілік септік формасындағы сөз әрдайым тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркеседі.
Вопросы родительного падежа: *кімнің?* (кого? чей? чья? чье?) *ненің?* (чего?)
Аффиксы: *-нің/-нің; -дың/-дің; -тың/-тің.*
Слова в форме ілік септік употребляются в сочетании с формой принадлежности.



Оның мәшинесі бар.
У него есть машина.



Мен Абайдың өлеңдерін ұнатамын.
Мне нравятся стихи Абая.

Ілік септікте тұратын сөз үнемі *тәуелдік жалғаулы* сөзбен байланысты болады.
Ілік септік употребляется в речи в сочетании со словами в тәуелдік жалғау (притяжательной форме).



Автобустың есігі ашылды.
Дверь автобуса открылась.



Айдардың әжесі Көкшетауда тұрады.
Бабушка Айдара живет в Кокшетау.

Ілік септік формасындағы сөз заттың иесін білдіреді: *дәрігердің* міндеті, *институттың* ғимараты т.с.с.
Слово в форме ілік септік обозначает лицо, которому принадлежит предмет: обязанности *врача*, здание *института* и т.д.

Ілік септігі мен тәуелдік жалғаулы сөз төмендегідей мәнді білдіреді:
- туыстық жақындықты: менің әкем, сенің нағашың т.б;
- бүтіннің бөлшегін: кітаптың беті, есіктің тұтқасы т.б;
- уақыт мерзімін: сәуірдің үші, 2012 жылдың қарашасы т.б.

Слова в форме ілік септік (родительного падежа) и притяжательной форме выражают следующие значения:
- слова, выражающие родственные отношения: *менің әкем (мой отец), сенің нағашың* (твой нағашы - родственник по линии матери) и т.д.;
- часть целого: *кітаптың беті (страница книги), есіктің тұтқасы (ручка двери)* и т.д.;
- временные сроки: *сәуірдің үші (третье апреля), 2012 жылдың қарашасы (ноябрь 2012 года)* и т.д.

Тәуелдеулі ілік септігінің сұрақтары: *кімімнің? немнің? кіміңнің? неңнің? кіміңіздің? неңіздің? кімінің? несінің?*

Тәуелдеулі ілік септігінің (вопросы притяжательной формы) родительного падежа: кімімнің? немнің? кіміңнің? неңнің? кіміңіздің? неңіздің? кімінің? несінің?

Ілік септік жалғауларының жіктеу есімдіктерге қосылуы:
Присоединение окончаний ілік септік к личным местоимениям:

мен → мен*ің* сен → сен*ің* сіз → сіз*дің* ол → о*ның*	біз → біз*дің* сендер → сендер*дің* сіздер → сіздер*дің* олар → олар*дың*

1. Ілік септіктегі сөздерді табыңыз.
Найдите слова в форме ілік септік.

1. Сен бұл әннің сөзін білесің бе?
2. ~~Маған нан беріңізші.~~
3. Көйлектің түсі қызыл.
4. Бүгін мамырдың жетісі.
5. Мен жұмысқа барамын.
6. Бөлменің ішінде жиһаз жоқ.
7. Францияның астанасы – Париж.
8. Менің анам банкіде жұмыс істейді.
9. Мен Республика көшесінде тұрамын.
10. Оқушылардың демалысы жақсы өтті.
11. Конференция тура тоғызда басталады.
12. Абайдың өлеңдері орыс тіліне аударылды.

2. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойыңыз.
Вместо многоточий вставьте нужные аффиксы.

-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің, -сы/-сі, -ы/-і

1. Астанадағы «Бәйтерек*тің*» биіктіг*і*.. – 97 метр.
2. Алма..... түс..... қызыл.
3. Санжар..... дос..... бар ма?
4. Кітап..... атау..... қандай?
5. Әнші..... дауыс.... жақсы.
6. Бүгін қараша..... жиырма..... .
7. Компания..... президент.... кім?
8. Сабақ..... тақырыб.... қандай?
9. Оспанов..... сөз.... қысқа болды.
10. Әлібек..... ата-ана..... Жезқазғанда тұрады.
11. Троллейбус..... жүргізуші..... аялдаманы хабарлады.
12. Мектеп директоры мұғалімдер..... тәжірибе..... туралы баяндады.

3. Үлгі бойынша диалог құрыңыз.

Составьте диалоги по образцу.

~~Шәмші Қалдаяқов – әндер; сазгер – «Өмір өзен».~~

Құрманғазы – күйлер; күйші –«Аққу».

Моцарт – опералар; композитор – «Заида».

1

Азат: Саған кімнің шығармалары ұнайды?

Әсел: Маған *Шәмші Қалдаяқовтың* ..... *әндері* ..... ұнайды.

Азат: Қандай шығармасы?

Әсел: Маған *сазгердің «Өмір өзені»* ..... ұнайды.

2

Азат: Саған кімнің шығармалары ұнайды?

Әсел: Маған ..... ұнайды.

Азат: Қандай шығармасы?

Әсел: Маған ..... ұнайды.

3

Азат: Саған кімнің шығармалары ұнайды?

Әсел: Маған ..... ұнайды.

Азат: Қандай шығармасы?

Әсел: Маған ..... ұнайды.

4. Жақша ішіндегі сөздерге ілік септік жалғауларын қосып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы, присоединяя к словам в скобках окончания **ілік септік**.

1. Бұл – кімнің үйі? Бұл – *ағамның* ..... үйі. (ағам)
2. Сенің туған күнің қашан? ..... 21 қыркүйегінде. (1982 жыл)
3. Мынау – ненің ғимараты?..... ғимараты. (мейрамхана)
4. Ертең айдың нешесі?..... жетісі. (ақпан)
5. Анау – кімнің кітабы?..... кітабы. (Асан)
6. Асхана қайда орналасқан?..... қасында. (стадион)
7. Үстелде кімнің оқулығы жатыр? ..... оқулығым жатыр. (Мен)
8. Анкара қай елдің астанасы?..... астанасы. (Түркия)
9. Сен қай жерде тұрасың? Мен ..... орталығында тұрамын. (аудан)

5. Жақша ішіндегі сөздермен сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения, используя слова в скобках.

1. *Менің* әкем жұмысқа кетті. (Мен)
2. ..... жақсы дискілері бар. (Ол)
3. ..... досың кім болып жұмыс істейді? (Сен)
4. ..... ата-аналарың Павлодардан қашан келеді? (Сендер)
5. ..... атыңыз кім? (Сіз)
6. ..... үйлері Сәкен Сейфуллин көшесінде орналасқан. (Олар)
7. ..... телефондарыңыз қайда? (Сіздер)

6. Тиісті жалғауларды жалғап, үлгі бойынша сұхбат құрыңыз.
Составьте диалоги по образцу, присоединив нужные окончания.

~~желтоқсан төрті – Асан немересінің тұсаукесер тойы – «Көктем» дәмханасында;~~
шілде тоғызы – Марат туған күні – «Наурыз» мейрамханасында;
тамыз жиырмасы – Жәмила мерейтойы – Ақбұлақ ауылында;
наурыз отызы – Ажар концерті – «Шабыт» сарайында.

1	2
Сәуле: Бүгін нешесі? Марат: Бүгін *желтоқсанның төрті* . Сенбіде *Асанның немересінің тұсаукесер тойы* ғой. Сәуле: Иә, ол бізді де шақырды. Марат: Қайда болады? Сәуле: *«Көктем» дәмханасында* .	Сәуле: Бүгін нешесі? Марат: Бүгін ..... . Сенбіде .... ғой. Сәуле: Иә, ол бізді де шақырды. Марат: Қайда болады? Сәуле: ..... .
3	**4**
Сәуле: Бүгін нешесі? Марат: Бүгін ..... Сенбіде .... ғой. Сәуле: Иә, ол бізді де шақырды. Марат: Қайда болады? Сәуле:	Сәуле: Бүгін нешесі? Марат: Бүгін ..... . Сенбіде .... ғой. Сәуле: Иә, ол бізді де шақырды. Марат: Қайда болады? Сәуле: ..... .

10-САБАҚ

Барыс септігі
Дательный падеж

Барыс септігінің сұрақтары: *кімге? неге?*
Қосымшалары: *-ға/-ге, -қа/-ке.*
Барыс септігіндегі сөз қимылдың *кімге, қай жаққа* бағытталғанын білдіреді.
Вопросы барыс септік (дательного падежа): кімге? кому? неге? чему?
Аффиксы: -ға/-ге, -қа/-ке.
Значение барыс септік обозначает лицо или объект, к которому направлено действие.





Ол жұмыс*қа* барады. Он пойдет на работу.	Мен Руслан*ға* алма бердім. Я дал Руслану яблоко.

Сондай-ақ барыс септігі төмендегідей мәндерді білдіреді:
- іс-әрекеттің мақсатын: *Алтай атасымен амандасуға келді.*
- іс-қимылдың мөлшерін: *Конференция екі күнге созылды.*
- неге арналғанын, қызметін: *Айтарға сөзі жоқ.* т.б. білдіреді.

Также барыс септік имеет следующие значения:
- цель действия: Алтай атасымен амандасуға келді.
- мера действия: Конференция екі күнге созылды.
- чему было посвящено действие, функция: Айтарға сөзі жоқ.

Барыс септік жалғауларының жіктеу есімдіктеріне жалғануы:
Присоединение окончаний барыс септік к личным местоимениям:

Мен → ма*ған* (мне) Сен → са*ған* (тебе) Сіз → сіз*ге* (вам) Ол → о*ған* (ему, ей)	Біз → біз*ге* (нам) Сендер → сендер*ге* (вам) Сіздер → сіздер*ге* (вам) Олар → олар*ға* (им)

1. Барыс септіктегі сөздерді табыңыз.
Найдите слова в форме барыс септік.

1. Мен базарға барамын.
2. ~~Бұл алмалар тәтті.~~
3. Олар мектепке кетті.
4. Сәуле жұмыста болды.
5. Жастар саябаққа жиналды.
6. Раушан Маржанға сұрақ қойды.
7. Нұржан сабаққа дайындалып отыр.
8. Мен Көкшетауға телефон соқтым.
9. Томирис, сөйлемдерді дәптерге жаз.
10. Мен кеше ұялы телефон сатып алдым.

2. Жақшадағы сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы, используя слова в скобках.

1. Сен журналды қайда қойдың? (үстел)
Мен журналды үстелге қойдым .....
2. Сен менің кітабымды қайда салдың? (сөмке)
..... .
3. Суретті қайда ілдіңіз? (қабырға)
..... .
4. Сіз мақаланы кімге бердіңіз? (Рүстем)
..... .
5. Ернұр кімге қарады? (бастық)
..... .

3. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға қысқа жауап беріңіз.
Ответьте кратко на вопросы, используя слова в скобках.

1. Сен қайда барасың? (кітапхана) *кітапханаға* .....
2. Спортшылар қайда кетті? (жаңа стадион) ..... .
3. Айжан кімге кеңес берді? (Сәуле) ..... .
4. Ол кеше қайда барды? (дәріхана) ..... .
5. Сәрсенбіде олар қайда барады? (мұражай) ..... .
6. Сіз жексенбіде қайда барасыз? (саябақ) ..... .

4. Үлгі бойынша сұхбат құраңыз.
Составьте диалоги по образцу.

үй, бес жұмыс, жеті базар, екі, сабақ, үш	1	2
	Айша: Сен қайда бара жатырсың? Әли: *Үйге* бара жатырмын. Айша: Қашан ораласың? Әли: *Беске* қарай ораламын.	Айша: Сен қайда бара жатырсың? Әли: ..... бара жатырмын. Айша: Қашан ораласың? Әли: ..... таман ораламын.
	3	4
	Айша: Сен қайда бара жатырсың? Әли: ..... бара жатырмын. Айша: Қашан ораласыз? Әли: ..... таман ораламын.	Айша: Сен қайда бара жатырсың? Әли: ..... бара жатырмын. Айша: Қашан ораласыз? Әли: ..... қарай ораламын.

Тәуелдеулі барыс септігі
Притяжательная форма дательного падежа

11-САБАҚ

Тәуелденген зат есімге барыс септіктің *-на/-не, -а/-е* жалғаулары жалғанады.

К зат есім (имени существительному) в притяжательной форме присоединяются окончания барыс септік (дательного падежа) *-на/-не, -а/-е.*

Жасалу жолы:
Способ образования:

Зат есім + *-ым/-ім, -ың/-ің, -ы/-і* + *-а/-е, -на/-не*

Тәуелдеулі барыс септігі Притяжательная форма дательного падежа		
Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	үй*іме*	үй*лерімізге*
II	үй*іңе*	үй*леріңе*
	үй*іңізге*	үй*леріңізге*
III	үй*іне*	үй*леріне*

Мен үй*іме* барамын.	Я пойду к себе домой.
Ол үй*іне* барады.	Он пойдет к себе домой.
Сен үй*іңе* барасың.	Ты пойдешь к себе домой.
Олар үйлер*іне* барады.	Они пойдут к себе домой.



I және II жақ көпше және сыпайы түрдегі тәуелдік жалғаулы сөзге барыс септігі *-ға/-ге* түрінде жалғанады.

К словам в притяжательной форме множественного числа I, II лица и вежливой форме присоединяются окончания барыс септік *-ға/-ге.*

біздің қала*мызға*

сіздің қала*ңызға*

сендердің қалалар*ыңызға*

сіздердің қалалар*ыңызға*

Тәуелдік формадағы барыс септіктің сұрақтары: Вопросы барыс септік в притяжательной форме:	
кіміме? (моему кому)	кіміме? Мен анама гүл сыйладым. Я подарил цветы своей маме.
кіміңе? (твоему кому)	кіміңе? Сен досыңа хат жаз. Напиши своему другу письмо.
кіміне? (его кому)	кіміне? Ол баласына ойыншық әперді. Он купил своему ребенку игрушку.
кімдеріне? (их кому)	кімдеріне? Оқытушылар студенттеріне тапсырма берді. Преподаватели дали своим студентам задания.
неме? (моему чему)	(қайда?), (неме?) Мен мәшинеме қарадым. Я посмотрел на свою машину.
неңе? (твоему чему)	(қайда?), (неңе?) Сен жұмысыңа бар. Ты иди на свою работу.
несіне? (его чему)	(қайда?), (несіне?) Ол сабағына кетті. Он ушел на свои занятия.
нелеріне? (их чему)	(қайда?), (нелеріне?) Серік пен Нұрлан үйлеріне заттарын жеткізді. Серик и Нурлан доставили вещи к себе в дом.

1. Тәуелдік формадағы барыс септіктегі сөздерді табыңыз.
Найдите слова в притяжательной форме барыс септік.

1. Біз үйімізге кетеміз.
2. ~~Қалаға қашан кетесің?~~
3. Менің көзіме қарашы.
4. Ауылыңа барасың ба?
5. Мен әкеме телефон соқтым.
6. Мен Қызылордаға барамын.
7. Сен мектепке қашан келесің?
8. Жұлдыз бөлмесіне кілем төседі.
9. Мен балама оқулық сатып алдым.
10. Оқушылар дәптерлеріне жаттығу жазды.

2. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы, используя слова в скобках.


1. Кімге электронды хат жаздыңыз? (аға) *Ағама* .
2. Сіз соңғы жаңалықтарды кімге айттыңыз? (дос) ..... .
3. Ол кітапты кімге сатып алды? (жолдас) ..... .
4. Айжан жаңа суретін кімге жіберді? (аға) ..... .
5. Мен сыйлықты кімге берейін? (ана) ..... .
6. Әкесі кімге сыйлық сатып алды? (қыз) ..... .

3. Жақша ішіндегі сандардың орнына сөздерді жазып, сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложения, вписав вместо номеров слова в скобках.

1 – ~~сенің~~	3 – Наурыз	5 – Білім және ғылым
2 – менің	4 – Қазақстанның	6 – оның

1. Мен (1) жұмысқа келдім.
Мен сенің жұмысыңа келдім .
2. Жәния (2) үй.... телефон шалды.
..... .
3. Біз (3) мейрам..... барамыз.
..... .
4. Жеткіншектерге (4) төлқұжат..... тапсырылды.
..... .
5. Әсия Мұратқызы (5) министрлік..... хат жазды.
..... .
6. Сағатты (6) үстел..... қойыңыз.
..... .

4. Тәуелдеулі барыс септік жалғауын қосып, суретке сәйкес сөздерді жазыңыз.
Напишите слова, добавив к ним окончания барыс септік в соответствии с рисунком.



Наурыз мейрамы жақындап қалды. Мен .....,

 .....,  .....,  .....,

.....не сыйлаймын? Жанболат деген досым кеше дүкенге барыпты.

Ол  ..... шапан,  ..... көйлек,

 ..... дойбы сатып алды. Ал мен не сатып аламын? Осы оймен

 ..... телефон шалдым. Ол: «Сен сауда үйіне кір.

Одан сен  ..... кітап,  ..... орамал,

 ..... әтір,  ..... доп, ал кішкентай


 ..... ойыншық таңдап ал», – деді.

Табыс септігі
Винительный падеж

12-САБАҚ

Табыс септігінің сұрақтары: *кімді? нені?*
Қосымшалары: *-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті.*
Табыс септігі іс-әрекеттің нысанын білдіреді.
Вопросы табыс септік (винительного падежа): *кімді? (кого?) нені? (что?)*
Аффиксы: *-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті.*
Табыс септік обозначает объект действия.







Мен алма*ны* жедім. Я ела яблоко.	Сен бұл сурет*ті* көрдің бе? Ты видел эту картину?	Ол кешегі газет*ті* оқып отыр. Он читает вчерашнюю газету.

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	үй*ім*ді	үй*лерімізді*
II	үй*іңді*	үй*леріңді*
	үй*іңізді*	үй*леріңізді*
III	үй*ін*	үй*лерін*

Табыс септік жалғауларының жіктеу есімдіктеріне қосылуы:
Присоединение окончаний табыс септік к личным местоимениям:

Мен → ме*ні* Сен → се*ні* Сіз → сіз*ді* Ол → о*ны*	Біз → біз*ді* Сендер → сендер*ді* Сіздер → сіздер*ді* Олар → олар*ды*

1. Табыс септіктегі сөздерді табыңыз.
Найдите слова с окончаниями табыс септік.

1. Мен сізді танимын.
2. ~~Менің атым – Әділ.~~
3. Сенің жасың нешеде?
4. Мен бұл алманы жемеймін.
5. Үйдің қасында шеберхана бар.
6. Неше тапсырманы орындадың?
7. Асқар жұмысқа дүйсенбіде кірісті.
8. Мен бұл кісіні кеше дүкеннен көрдім.
9. Мына жеміс-жидекті апам базардан әкелді.
10. Ол фильмді интернеттен көшірді.
11. Біз жеделхатты кеше жібердік.
12. Мен кеше дүкенде Жансаяны кездестірдім.

2. Табыс септік жалғауларын қойыңыз.
Поставьте окончания табыс септік.

1. Алма сабақ*ты* бүгін оқиды.
2. Ол Әсет..... жақсы көреді.
3. Сен қалам..... іздедің бе?
4. Диас, менің жүгім..... әкелші.
5. Мен бұл мәшине..... сатып алдым.
6. Көрмеде танымал суретші..... көрдік.

3. Сөйлемдегі сөздерді реттеңіз.
Расставьте слова в нужном порядке.

1. маған/кітапты/көрсетіңізші/сол
Маған сол кітапты көрсетіңізші .
2. нанды/алдым/қара/мен ..... .
..... .
3. кеше/мен/көрдім/Әселді ..... .
..... .
4. жек көреді/олар/күндерді/аязды ..... .
..... .
5. газетті/тіліндегі/олар/оқып отыр/қазақ ..... .
..... .

4. Жақшадағы сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения, используя слова в скобках.

1. Сіз *оларды* танисыз ба? (олар)
2. Сен ..... күтесің бе? (мен)
3. Олар ..... көріпті. (біз)
4. Олар ..... түсінді. (сендер)
5. Ол ..... іздеген шығар. (сен)
6. Біз де ..... сыйлаймыз. (ол)
7. ..... мерекеңізбен құттықтаймыз. (сіз)
8. Айжан ..... жақсы көреді. (сіздер)
9. Мен ..... ұнатамын. (ол)
10. Мен ..... сағындым. (сен)

13-САБАҚ

Тәуелдеулі табыс септігі
Притяжательная форма винительного падежа

Тәуелдік жалғауының III жағынан кейін табыс септіктің *-н* жалғауы жалғанады.
После притяжательного окончания III лица присоединяется окончание табыс септік *-н*.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Зат есім + - ны, -ні + -н

Мен оның атын білемін. Я знаю **его** имя.

тәуелдік жалғауы — табыс септік

Тәуелдеулі табыс септіктің сұрақтары: Вопросы притяжательной формы винительного падежа:	
кімін? (кого?)	кімін? Ержан анасын мейраммен құттықтады. Ержан поздравил свою маму с праздником.
кімдерін? (кого? во мн. числе)	кімдерін? Болат балаларын балабақшаға апарды. Болат отвел своих детей в детский сад.
несін? (что?)	несін? Мен қазақтың әндерін ерекше жақсы көремін. Я особо люблю казахские песни.
нелерін? (что? во мн. числе)	нелерін? Сен көршілеріңнің аттарын білесің бе? Ты знаешь имена соседей?

1. Тәуелдеулі табыс септікті сөздерді табыңыз.
Найдите слова в притяжательной форме табыс септік.

1. Автобустың есігін аштым.
2. ~~Мен есікті аштым.~~
3. Олар кестені сызып алды.
4. Мен тіс дәрігерін танимын.
5. Мұрат сиыр етін сатып алды.
6. Мен ағылшын тілін білмеймін.
7. Мен барлық пәндерді ұнатамын.

2. Тиісті жалғауды қойыңыз.
Выберите правильный вариант окончаний.

1. Дәурен терезенің желдеткіші*.н* ашты. *(~~-н~~, -ті)*
2. Жамал баяу әндер..... тыңдайды. *(-н/-ді)*
3. Мен қазақша әндер..... ұнатамын. *(-н/-ді)*
4. Олар «Балалар әлемі» дүкені..... таппады. *(-н, -ді)*
5. Ол жазғы демалыс..... Бурабайда өткізді. *(-ын, -ты)*
6. Дәрігерлер ауыл тұрғындары..... қабылдады. *(-н, -ды)*
7. Мен Қазақстан Республикасы..... мақтан етемін.*(-н, -ны)*
8. Мен картадан Бразилия..... таптым. *(-н, -ны)*
9. Әйгілі скрипкашы Марат Бисенғалиев өз өнері..... көрсетті. *(-н/-ді)*

3. Сандардың орындарына сөздерді қойып, өзара байланыстырып жазыңыз.
Вместо цифр впишите слова, правильно связав их между собой.

1 – ~~домбыра~~	*3 – «Егемен Қазақстан»*	*5 – Бауыржанның*	*7 – үй*
2 – қазақ	*4 – азық-түлік*	*6 – «Қазақфильм»*	

1. Гауһар мектепте (1) оркестрді ұйымдастырды.
Гауһар мектепте домбыра оркестрін ұйымдастырды
2. Таня (2) тіл..... жақсы біледі.
..... .
3. Атам (3) газет..... оқып отыр.
..... .
4. Менің ағам (4) дүкен.... ашты.
..... .
5. Сіз (5) кітаб..... қайда қойдыңыз?
..... .
6. Кинотеатрда (6) туындылар..... жиі көрсетеді.
..... .
7. Сен (7) тапсырма..... орындадың ба?
..... .

14-САБАҚ

Жатыс септігі
Местный падеж

Жатыс септігінің сұрақтары: *кімде? неде? қайда?*
Қосымшалары: *-да/-де, -та/-те.*
Жатыс септігі іс-қимылдың орнын, мекенін білдіреді:
Ер – *елінде*, гүл – *жерінде*. Өнер көзі – *халықта*.
Вопросы жатыс септік (местного падежа): *кімде? (у кого?) неде? (у чего?) қайда? (где?)*
Аффиксы: *-да/-де, -та/-те.*
Жатыс септік обозначает место действия: Ер – *елінде*, гүл – *жерінде*. Өнер көзі – *халықта*.



Мен Астана*да* тұрамын.
Я живу в Астане.



Арайлым мәшине*де* отыр.
Арайлым сидит в машине.



Ұялы телефон Ермек*те*.
Сотовый телефон у Ермека.

Сонымен қатар жатыс септігіндегі сөз мезгіл мәнін білдіріп, *қашан? нешеде? қай кезде?* т.с.с. сұрақтарға жауап береді.
Слова в форме жатыс септік (местного падежа) обозначают также время действия и отвечают на вопросы қашан? (когда?), нешеде? (во сколько?), қай кезде? (в какое время?) и др.



жаз*да* (летом)
қыс*та* (зимой)
көктем*де* (весной)
күз*де* (осенью)



қаңтар*да* (в январе)
ақпан*да* (в феврале)
наурыз*да* (в марте)
сәуір*де* (в апреле)
мамыр*да* (в мае)
маусым*да* (в июне)
шілде*де* (в июле)
тамыз*да* (в августе)
қыркүйек*те* (в сентябре)
қазан*да* (в октябре)
қараша*да* (в ноябре)
желтоқсан*да* (в декабре)



дүйсенбі*де* (в понедельник)
сейсенбі*де* (во вторник)
сәрсенбі*де* (в среду)
бейсенбі*де* (в четверг)
жұма*да* (в пятницу)
сенбі*де* (в субботу)
жексенбі*де* (в воскресенье)





Концерт сағат жетіде басталады. Концерт начинается в семь часов.	Күзде жапырақтар сарғаяды. Осенью листья желтеют.

Жатыс септік қосымшалары сан есімдерге жалғанып, адамның жас мөлшерін білдіріп, *нешеде?* деген сұраққа жауап береді.

Аффиксы жатыс септік, присоединяясь к именам числительным, обозначают возраст человека и отвечают на вопрос *нешеде? (сколько ему лет?).*





Менің атам жетпісте. Моему дедушке семьдесять.	Сенің әкең қырықта ма? Твоему отцу сорок?





Әмір төртте. Амиру четыре.	Менің ағам отызда. Моему брату тридцать.

1. Жатыс септігіндегі сөздерді табыңыз.
Найдите слова в форме жатыс септік.

1. Үйде нан жоқ.
2. ~~Мен сағат сатып алдым.~~
3. Аспанда бұлт жоқ.
4. Біз театрға бара жатырмыз.
5. Шымбұлақта қар жауыпты.
6. Компьютерде вирус бар ма?
7. Сенің жасың жиырмада ма?
8. Қыркүйекте жаңбыр жауады.
9. Жұмыстан кейін стадионға барамын.
10. Менің демалысым көктемде болады.
11. Сейсенбіде мен жұмыста болмаймын.
12. Жетінші қарашада конференция өтеді.
13. Сенің туған күнің қыста ма әлде күзде ме?
14. Сабыржан келесі айда мәшине сатып алады.
15. Біздің университетте үш мың студент оқиды.

2. Сұрақ-жауап құрастырыңыз.
Сформулируйте вопросы и ответы.

Сен	~~қайда болдың~~?	~~жұмыс~~
	қайда тұрдың?	Жезқазған
	жұмысқа қашан бардың?	сағат сегіз
	қайда оқыдың?	университет

1. - *Сен қайда болдың?*
   - *Мен жұмыста болдым.*
2. - .....
   - .....
3. - .....
   - .....
4. - .....
   - .....

3. Үлгі бойынша сұхбат құрыңыз.
Составьте диалоги по образцу.

~~Алматы – Сарыағаш~~
Түркия – Алакөл
тау – ауыл
Астана – Бурабай
Бұқтырма – Баянауыл

1

Сымбат: Жазда қайда демалдыңыз?
Сәуле: *Алматыда.* Ал сіз ше?
Сымбат: Мен *Сарыағашта* демалдым.

2

Сымбат: Жазда қайда демалдыңыз?
Сәуле: ..... Ал сіз ше?
Сымбат: Мен ..... демалдым.

3

Сымбат: Жазда қайда демалдыңыз?
Сәуле: ..... Ал сіз ше?
Сымбат: Мен ..... демалдым.

4

Сымбат: Жазда қайда демалдыңыз?
Сәуле: ..... Ал сіз ше?
Сымбат: Мен ..... демалдым.

5

Сымбат: Жазда қайда демалдыңыз?
Сәуле: ..... Ал сіз ше?
Сымбат: Мен ..... демалдым.

4. Сұрақ пен жауапты сәйкестендіріңіз.
Сопоставьте вопросы и ответы.

1 - *В*	2 -	3 -	4 -	5 -	6 -

1	Жеңіс күні қай айда болады?	А	Наурызда
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қашан аталып өтіледі?	Ә	Желтоқсанда
3	Халықаралық әйелдер күні мерекесі қай айда болады?	Б	Дүйсенбіде
4	Жұмыс күні қай күні басталады?	В	~~Мамырда~~
5	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қай айда болады?	Г	Көктемде
6	Күн мен түн қай жыл мезгілінде теңеледі?	Ғ	Тамызда

5. Сөздерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы, используя данные слова.

Руслан	Диана	Дәурен	Сұлтан
			
сенбі	бейсенбі	дүйсенбі	жұма

Мен	Диас	Сәкен
		
жексенбі	сейсенбі	сәрсенбі

1. Руслан музыканы қашан тыңдайды? *Руслан музыканы сенбіде тыңдайды* .
2. Диана компьютерде қашан жұмыс істейді? ..... .
3. Дәурен қашан газет оқиды? ..... .
4. Сұлтан қашан теледидар көреді? ..... .
5. Сіз қай күні демаласыз? ..... .
6. Диас қашан хат жазады? ..... .
7. Сәкен қай күні теннис ойнайды? ..... .

6. Жақша ішіндегі сөздерге жатыс септік жалғауын жалғаңыз.
К словам в скобках присоедините окончания жатыс септік.

1. (Сен) *сенде* сабақ бола ма?
2. (Олар) ..... кітап бар.
3. (Ол) ..... теледидар жоқ.
4. (Мен) ..... ақша жоқ.
5. (Біз) ..... жұмыс басталды.
6. (Сендер) ..... нан бағасы қанша?
7. (Сіз) ..... ғаламтор бар ма?
8. (Сіздер) ..... осы жағдай болды.

7. Жатыс септік қосымшаларын жалғап, сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложения, присоединив аффиксы жатыс септік.

~~*жиырма*~~, *асхана, екі, кітапхана, сабақ, сегіз, үй*	*-да -де -та -те*



Бұл – Бақытжан. Ол – студент. Оның жасы *жиырмада* . Бақытжан таңертең сағат ..... үйде тамақтанады. Сағат ..... ол түскі тамағын ..... жейді. Асханадан кейін Бақытжан ..... отырады. Ал содан соң ол ..... дайындалады. Кешкі тамағын ол ..... ішеді. Тамақтан кейін ол мәшинеге отырып, достарына барады.

15-САБАҚ

Тәуелдеулі жатыс септік
Притяжательная форма местного падежа

Тәуелдік жалғауының III жағындағы сөзге жатыс септік *-нда/-нде* түрінде жалғанады.

К словам с **притяжательным окончанием III лица** присоединяются аффиксы жатыс септік ***-нда/-нде.***

Оның *бақшасында гүлдер көп.*	*У него в саду много цветов.*
Олардың *үйлерінде бес бөлме бар.*	*В их доме пять комнат.*

Тәуелдеулі жатыс септік: Спряжение притяжательной формы:		
Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	досымда, үйімде	достарымызда, үйлерімізде
II	досыңда, үйіңде	достарыңда, үйлеріңде
	досыңызда, үйіңізде	достарыңызда, үйлеріңізде
III	досында, үйінде	достарында, үйлерінде

Жатыс септік жалғауларының жіктеу есімдіктеріне қосылуы: Присоединение окончаний жатыс септік к личным местоимениям:	
Мен → **мен***де* Сен → **сен***де* Сіз → сіз*де* Ол → **он***да*	Біз → біз*де* Сендер → сендер*де* Сіздер → сіздер*де* Олар → олар*да*

1. Тәуелдеулі жатыс септіктегі сөздерді табыңыз.
Найдите слова в притяжательной форме жатыс септік.

1. Мен ағамның үйінде боламын.
2. ~~Мен үйде боламын.~~
3. Суретте не бейнеленген?
4. Оның қолында қалам бар.
5. Санжар ән сабағында отыр.
6. Мына көшеде дүкен бар ма?
7. Бұл кісілер ауылда тұрады.
8. Ол Абай көшесінде орналасқан.
9. Олар «Жетіағаш» ауылында жүр.
10. Ұлым «Аққайнар» мектебінде оқиды.
11. Біз «Арман» кинотеатрында кездесеміз.

2. Жалғаулардың тиісті нұсқасын қойыңыз.
Вставьте правильный вариант окончаний.

1. Сен дәрісхана*да* отырсың ба? (-да/-нда)
2. Кітап..... сурет көп. (-нда, -та)
3. Бұл үй..... лифт жоқ. (-де, -нде)
4. Айнұр..... ұялы телефон жоқ. (-нда, -да)
5. Ол қай факультет..... оқиды? (-нде, -те)
6. Өткен қыс..... қар көп жауды. (-та,-нда)
7. Балқаш көлі..... балық көп. (-нде,-де)
8. Мен Астанаға сәрсенбі..... келдім. (-нде, -де)
9. Бұл кітап Қанаттың әпкесі..... бар. (-нде, -де)
10. Қазақстан Республикасы..... өзен көп. (-нда, -да)
11. Олардың мейрамханасы..... той өтіп жатыр. (-нда, -да)
12. «Той-думан» мейрамханасы..... адам көп жиналды. (-нда,-да)
13. «KZ» журналы..... біздің вебсайт туралы жазылған. (-нда,-да)
14. «Қазақстан» кинотеатры..... қандай фильмдер өтіп жатыр? (-нда, -да)

3. Сандардың орындарына сөздерді қойып, өзара байланыстырып жазыңыз.
Вместо цифр впишите слова, правильно связав их между собой.

1 – ~~Қытай~~	3 – банк	5 – менің	7 – Талдықорған
2 – оның	4 – бұл	6 – ағылшын тілі	8 – «Табиғат»

1. (1) Мемлекет..... 1 миллиардтан астам адам тұрады.
Қытай мемлекетінде 1 миллиардтан астам адам тұрады.
2. (2) Сөмке..... әмиян жатыр.
.....
3. (3) Жоспар..... барлық іс-шара жазылған.
.....
4. (4) Кітап..... көптеген жақсы тілек бар.
.....
5. (5) Бөлме..... екі орындық тұр.
.....
6. (6) Сабақ..... оқушылар фильм көрді.
.....
7. Олар (7) қала..... тұрады.
.....
8. Маркаларды (8) тақырып..... жинайсың ба?
.....

16-САБАҚ

Шығыс септігі
Исходный падеж

Шығыс септігінің сұрақтары: *кімнен? неден? қайдан?*
Қосымшалары: *-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен.*
Шығыс септік формасындағы сөз іс-әрекеттің басталған орнын білдіреді.
Вопросы шығыс септік (исходного падежа): *кімнен? (от кого?), неден? (от чего?), қайдан? (откуда?)*
Аффиксы: *-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен.*
Шығыс септік (исходный падеж) обозначает отправную точку действия.

Шығыс септік нысаннан **шығуын, кетуін** білдіреді.
Шығыс септік указывает на исходный пункт действия.



Жерден ғарыш кемесі ұшты.
С Земли взлетел космический корабль.



Ол үйден шықты.
Он вышел из дома.



Мен мектептен шықтым.
Я вышла из школы.

Сонымен қатар шығыс септігіндегі сөз:
– заттың неден жасалғанын (Үстелді ағаштан жасады. Ұннан нан пісірді),
– салыстыру мәнін (Бетегеден биік, жусаннан аласа бол),
– іс-қимылдың себебін (Денесі суықтан қалтырады. Құртқа батырдың айбарынан сескенді),
– сан есіммен тіркесіп, мөлшер, өлшем мәнін (Әрқайсысы мың теңгеден алды. Кеткеніне жеті айдан асты);
– белгілі бір үлесі, бөлшегі алынатын затты (Құланнан атты қодықты, көлден тартты борықты. Алмат астан ауыз тиді),
– іс-қимылдың нысанын (Атасы маңдайынан сипады. Әжесі бетінен сүйді, т.с.с.) білдіреді.
Наряду с этим слова в форме шығыс септік выражают и следующие значения:
- из чего сделан предмет;
- сравнительное значение;
- причина действия;
- в сочетании с именами прилагательными выражают меру, величину;
- определенную долю, часть предмета;
- субъект действия.

1. Мәтіннен шығыс септік формасындағы сөздерді табыңыз.
Найдите в тексте слова в форме шығыс септік (исходного падежа).

Бала би: «Жерден ауыр не, судан терең не, оттан ыстық не, көктен биік не?»-деп сұраған екен. Жауабын ешкім таппаған соң, Бала бидің өзі шешіп беріпті дейді.

Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім,
Судан терең дегенім – оқу-ғылым.
Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі,
Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.

(«Ел аузынан» кітабынан)

2. Шығыс септіктегі сөздерді табыңыз.
Найдите слова в форме шығыс септік.

1. Мен театрдан келдім.
2. ~~Оның аты кім?~~
3. Олар үйден шықты.
4. Үйге қандай тапсырма берілді?
5. Теледидардан жаңа фильм көрдік.
6. Дүйсенбі күні ағам ауылдан келеді.
7. Роза Мұратқызы іссапардан келді.
8. Ертеңнен бастап демалысқа шығамын.
9. Мен келесі аптада ауылға барамын.
10. Бұл фильмнен бұрынғы фильм қызықты.
11. Менің қаламым сенің қаламыңнан жақсы.
12. Есіл өзенінің бойында Астана қаласы орналасқан.

3. Сөздерге шығыс септік жалғауын қосып, сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложения, присоединив к ним окончания шығыс септік.

менің жұмысым/~~қағаз~~/кім/Санат/Нұрлан/бірінші/ дүкен/сабақ/басқалар/кинотеатр/кітапхана/ құыршақ/қабат/сүт/қала	*-нан/-нен,-тан/-тен, -дан /-ден*

1. Оқушылар еңбек сабағында қағаздан үй жасады.
2. Май ..... жасалады.
3. Сіздің жұмысыңыз ..... қызық.
4. Олар жаңалықты ..... естіді?
5. Нұржан ..... 5 кітап алды.
6. Олар Көкшетау ..... келді.
7. Әлия Омарқызы қай ..... береді?
8. Екінші тапсырма ..... қиынырақ болды.
9. Көрермендер ..... әлі шыққан жоқ.
10. Марина қазақ тілін ..... жақсы біледі.
11. Сұлтанов ..... телефон нөмірін сұрашы.
12. Бұл ғимарат жиырма ..... тұрады.
13. Ол ..... азық-түлік сатып алды.
14. Кішкентай Айгүлге мультфильм ..... қызығырақ.
15. Саят ..... екі жас кіші.

4. Шығыс септік жалғауларын тиісті сөздерге қосып, сөйлем құраңыз.
Составьте предложения, добавив окончания шығыс септік к нужным словам.

1	2	3
	 Марат Әсел	 
биік көп қабатты үй жер үй *Көп қабатты үй жер үйден биік* .	үлкен Әсел Марат	теннис футбол қызық ....
4	**5**	**6**
  	 	  
Алматы Павлодар үлкен	КамАЗ кіші БелАЗ	қар жаңбыр жақсы ....

5. Қажетті жалғауларды қосып, сөздерді тиісті орындарына жазыңыз.
Впишите соответствующие слова, присоединив нужные окончания.

~~саяхат~~ /Париж /Париж /Париж /қала /Лондон /Лондон





саяхат	мүсін

Толқын: Сәлем, Марат! *саяхаттан* қашан келдің?
Марат: Кеше келдім.
Толқын: Қайда бардың?
Марат: Парижге бардым. ..... кейін Лондонға бардым.
Толқын: Мынау мүсінді қай ..... әкелдің?
Марат: Бұл – Эйфель мұнарасы. Мұны ..... әкелдім.
Толқын: Ал мынаны ше?
Марат: ..... әкелдім. Бұл – Биг-Бэн.
Толқын: Саған қай қала ұнады?
Марат: Маған бәрі ұнады, бірақ ..... Лондон әдемі екен.
Толқын: Лондонда күн ашық болды ма?
Марат: Жоқ, жаңбырлы болды ..... гөрі Парижде күн ашық болды.

17-САБАҚ

Тәуелдеулі шығыс септігі
Притяжательная форма исходного падежа

Тәуелдеулі шығыс септігі: Притяжательная форма исходного падежа:		
Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	кітаб*ымнан*, дәптер*імнен*	кітап*тарымыздан*, дәптер*леріміздең*
II	кітаб*ыңнан*, дәптер*іңнен*	кітап*тарыңнан*, дәптер*леріңнен*
	кітаб*ыңыздан*, дәптер*іңіздең*	кітап*тарыңыздан*, дәптер*леріңіздең*
III	кітаб*ынан*, дәптер*інен*	кітап*тарынан*, дәптер*лерінен*

Шығыс септік жалғауларының жіктеу есімдіктеріне жалғануы: Присоединение окончаний шығыс септік к личным местоимениям:	
мен → мен*нен* от меня сен → сен*нен* от тебя сіз → сіз*ден* от Вас ол → о*дан* от него, неё	біз → біз*ден* от нас сендер → сендер*ден* от вас сіздер → сіздер*ден* от Вас олар → олар*дан* от них

1. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы, используя данные слова.

1. Сіз хатты кімнен алдыңыз? (Ата-анам) *Мен хатты ата-анамнан алдым* .
2. Сіз бұл жаңалықты кімнен білдіңіз? (Көршіміз) ..... .
3. Сіз құттықтау хатты кімнен алдыңыз? (Ағам) ..... .
4. Оқушы қайдан келді? (Мұражай) ..... .
5. Сен мына кітаптарды қайдан алдың? (Канада) ..... .
6. Шыңғыс үйді неден жасады? (Қағаз) ..... .
7. Қантты неден жасайды? (Қызылша) ..... .
8. Дәріні қайдан сатып аламыз? (Дәріхана) ..... .
9. Жүргізуші жаңалықты қайдан тыңдайды? (Радио) ..... .

2. Үлгі бойынша сұхбат құрыңыз.

Составьте диалоги по образцу.

~~Орал, келдің, Атырау, мұнайшылар, сұхбат алдым;~~
кітапхана, бардың, банк, ақша, аударым;
жұмыс, келдің, дүкен, балалар бөлімі, ойыншық сатып алдым.

1

Ажар: Сен *Оралдан келдің бе?*

Балғын: *Жоқ, Атыраудан келдім* .

Ажар: Онда не істедің?

Балғын: *Мұнайшылардан сұхбат алдым* .

2	3
Ажар: Сен бүгін ..... ? Балғын: ..... . Ажар: Онда не істедің? Балғын:	Ажар: Сен кеше .... бе? Балғын: ..... Ажар: Онда не істедің? Балғын: ....

18-САБАҚ

Көмектес септігі
Винительный падеж

Көмектес септігінің сұрақтары: *кіммен? немен?*
Қосымшалары: *-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен.*
Көмектес септігінің жуан фонетикалық нұсқасы жоқ.
Вопросы көмектес септік (винительного падежа): *кіммен? (с кем?) немен? (с чем?)*
Аффиксы: *- мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен.*
Твердого фонетического варианта көмектес септік не существует.



Ол Оразбен амандасты.
Она поздоровалась с Оразом.



Олимпиада жеңімпаздарын медальмен марапаттайды.
Олимпийских чемпионов награждают медалью.



Кез келген мәселені ақылмен шешу керек.
Любую проблему нужно решать разумно.



Суретті қарындашпен салды.
Картину написали карандашом.

Көмектес септіктегі сөз төмендегідей мәнде қолданылады:

- іс-әрекеттің қандай құралмен атқарылғанын білдіреді: Алманы *пышақпен* кесті. Ағашты *балтамен* шапты.
- іс-қимылға ортақ субъектіні білдіреді: Алматыда *Асқармен* сөйлесті.
- іс-әрекеттің амалын білдіреді. Жұмысты бар *ынтасымен* істеді. Қарсыласын *сөзбен* жеңді.
- іс-қимылдың орнын білдіреді: Барғанша жолдың *жиегімен* жүрді.
- мезгіл мәнін білдіреді: *Түнімен* көз ілмей жұмыс істеді.
- мақсат мәнінде жұмсалады: Ол мұнда бір *оймен* келді т.с.с.

Слова в форме көмектес септік (винительного падежа) употребляются в следующих значениях:

- обозначают средство, которым выполнялось действие;
- субъект действия;
- способ действия;
- место действия;
- времени действия;
- цель действия.

Көмектес септіктің жалғаулары мезгіл мағыналы сөздерге жалғанып, мезгілдік қатынасты білдіреді.

Окончания көмектес септік присоединяясь к словам, выражающим время, выражают время действия.

Таң шапағымен бірге оянды. | *Проснулся вместе с утренней зарей.*

1. Көмектес септіктегі сөздерді көрсетіңіз.

Найдите слова с окончаниями көмектес септік (винительного падежа).

1. Біз кеше Нобель сыйлығы лауреатымен кездестік.
2. ~~Бүгін жаңбыр жауады.~~
3. Сен кіммен сөйлестің?
4. Балаңыз немен ойнады?
5. Үйіміздің бөлмелері кең.
6. Атпен келген кісіні танимын.
7. Қызметкерлер іссапарға кетті.
8. Руслан досымен қоштаспады.
9. Сұраққа сұрақпен жауап берді.
10. Павлодардан пойызбен келдім.
11. Наурызды отбасыммен бірге қарсы алдым.

2. Көмектес септік жалғауларын қосып, сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложения, присоединив к словам окончания көмектес септік.

-мен, -бен, -пен

1. Сен немен келдің? (не)
2. Жол жүру ..... таныстық. (ережесі)
3. Мен шашымды үлкен ..... тарадым. (тарақ)
4. Олар бізге №5 ..... жетті. (автобус)
5. Мәшине ..... келе жатыр. (тас жол)
6. Динара ..... қағазды қиды. (қайшы)
7. Шайды ..... іш. (сүт)
8. Мен ертең жалақым жайлы ..... сөйлесемін. (директор)
9. Балалар асфальтқа суреттерді ..... салды. (бор)
10. Мен Темірланның ..... ойнап жатырмын. (інісі)
11. Ақордада министрлер ..... кездесті. (Президент)
12. Әлемге Астана қаласы ..... танымал. («Бәйтерек»)
13. Өнер сарайында атақты ..... кездестік. (ақын)

3. Көп нүктенің орнына көмектес септік жалғауын қосыңыз.
Вместо многоточий присоедините окончания көмектес септік.



Сұлтанбек Әсел

Әсел: Сұлтанбек іссапарың қалай өтті?
Сұлтанбек: Жақсы өтті.
Әсел: Кім..... кездестіңдер?
Сұлтанбек: Әкім.....
Әсел: Жиналыстарың болды ма?
Сұлтанбек: Иә, жиналыста филармонияның әртістері..... таныстық.
Әсел: Олар ..... не туралы сөйлестіңдер?
Сұлтанбек: Кім..... бірге ән айтатынын талқыладық.
Әсел: Астанада тұратын Гауһар апай..... хабарластың ба?
Сұлтанбек: Иә, бәріңе сәлем айтып жатыр.

Тәуелдеулі көмектес септігі
Притяжательная форма винительного падежа

19-САБАҚ

Тәуелдеулі көмектес септігі: Притяжательная форма винительного падежа:		
Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	телефон*ыммен*	телефон*дарымызбен*
II	телефон*ыңмен*	телефон*дарыңмен*
	телефон*ыңызбен*	телефон*дарыңызбен*
III	телефон*ымен*	телефон*ымен*

Көмектес септіктің жіктеу есімдіктеріне жалғануы: Присоединение окончаний көмектес септік к личным местоимениям:	
мен ⟶ мені*мен* сен ⟶ сені*мен* сіз ⟶ сіз*бен* ол ⟶ оны*мен*	біз ⟶ біз*бен* сендер ⟶ сендер*мен* сіздер ⟶ сіздер*мен* олар ⟶ олар*мен*

1. Жақша ішіндегі сөздерге көмектес септік жалғауын қосып, сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложения, присоединив к словам в скобках окончания көмектес септік.

1. Келесі аптада *менімен* байланыс. (мен)
2. Мен ..... дос болғым келеді. (сіз)
3. ..... сөйлесуге бола ма? (сен)
4. ..... бірге жүр. (біз)
5. ..... келісемін. (сіздер)
6. Басшы ..... жиналыс өткізіп жатыр. (олар)

2. Зат есімдерді тауып, қай септікте тұрғанын көрсетіңіз.

Найдите имена существительные и определите их падеж.

Бөлтірік шешен :

«Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт», - деген екен.

3. Өлең жолдарындағы зат есімдердің септігін анықтаңыз.
Определите падеж имен существительных в стихотворных строках.

Саңылауы жоқпен *(көмектес септік)*

Сабақтас болма.

Байлауы жоқпен

Санаттас болма.

Тілегі жаманмен

Қапаға түспе.

Тегі жаманмен

Ортаға түспе.

(«Ел аузынан» кітабынан)

Жіктік жалғауы
Личные окончания

20-САБАҚ

Зат есімге үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғаудың жалғануы сөздің жіктелуі деп аталады. Орыс тілінде зат есімге жіктік жалғауы жалғанбайды.

Қазақ тілінде жіктік жалғауының жекеше, көпше, анайы, сыпайы түрі бар.

Присоединение к именам существительным личных окончаний I, II, III-го лица называется спряжением слов. В русском языке к именам существительным не присоединяются личные окончания.

В казахском языке существует единственное и множественное число, простая и вежливая формы личных окончаний.

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен дәрігер*мін*	Біз дәрігер*міз*
II	Сен дәрігер*сің*	Сендер дәрігер*сіңдер*
	Сіз дәрігер*сіз*	Сіздер дәрігер*сіздер*
III	Ол дәрігер	Олар дәрігер






Мен студент*пін*.	Сен дәрігер*сің*.	Сіз мұғалім*сіз*.	Ол – оқушы.






Біз студент*піз*.	Сендер дәрігер*сіңдер*.	Сіздер мұғалім*сіздер*.	Олар – оқушылар.

Жіктелетін зат есімдерге адам аттары, туыстық атаулары, мамандық аттары жатады.

К спрягаемым именам существительным относятся имена *людей*, родственные отношения, наименования специальностей.



1. Қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс.

1. Мен оқушы*мын* . .
2. Сен қазақ..... .
3. Ол – композитор..... .
4. Сіз дипломат..... .
5. Айша – студент..... .
6. Дастан – заңгер..... .
7. Мен бағдарламашы..... .
8. Сен елші..... .
9. Ол – заңгер..... .
10. Мен мұғалім..... .
11. Сен бағдарламашы..... .
12. Сіз де мұғалім..... .

2. Үлгі бойынша сөйлем құраңыз.
Составьте предложения по образцу.

1. (мен/үйде) *Мен үйдемін* .
2. (сіз/жұмыста) ..... .
3. (ол/білімді) ..... .
4. (сіз/дәрігер) ..... .
5. (сен/кітапханада) ..... .

3. Сурет бойынша үшінші жақтан шағын ақпарат беріңіз.
Дайте краткую информацию по иллюстрациям от третьего лица.



Бұл – Абай Құнанбаев.
Ол – ..ақын.. .



А.С. Пушкин
Ол – ..... .



Ш. Уәлиханов
Ол – ..... .

4. Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

1. Асан: – Мен есепшімін. Ал сіздің мамандығыңыз кім?
Досбол: – ..Мен дәрігермін.. .

2. Мен 31 жастамын. Ал сіз нешедесіз?
– ..... .

3. – Біз Алматыданбыз. Ал сіз ше?
– ..... .

4. – Мен қазақпын. Ал сіз ше?
– ..... .

5. Мәтіннен жіктік жалғаулы жіктік зат есімді табыңыз.
Найдите в тексте имена существительные с личными окончаниями.

Үлгі: Төле би жақындай бергенде қыз-келіншектер аттарынан түсіп, олардың алдын кесіп өтпей ізет қылып тұрып қалады.

Төле би оларға жақындап барады:

– Бәрекелді, өркендерің өссін, қай ауылдың балаларысыздар?

Қыздардың біреуі:

– Досай ауылынанбыз, – деп жауап береді.

– Әлдеқашан өтіп кететін едіңдер, аттарынан түсіп бізді неге тостыңдар, бір шаруаларың бар ма еді?

– Шаруамыз жоқ ата, – дейді әлгі қыз, үлкен кісілер айтушы еді, кісінің алдын кесіп өтпе, оларға ізет қылып сәлем бер – деп. Сіздердің жастарыңыз үлкен, араларыңызда қасиетті қариялар бар шығар, жолын кеспейік, аттан түсіп сәлем берейік деп, сіздерді сыйлап тұрғанымыз ғой.

21-САБАҚ

Жіктік жалғауының болымсыз түрі
Отрицательная форма личных окончаний

Жіктік жалғауының болымсыз түрі «*емес*» сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.
Отрицательная форма личных окончаний образуется путём сочетания со словом «*емес*».

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен қаржыгер емеспін.	Біз қаржыгер емеспіз.
II	Сен қаржыгер емессің.	Сендер қаржыгер емессіңдер.
	Сіз қаржыгер емессіз.	Сіздер қаржыгер емессіздер.
III	Ол – қаржыгер емес.	Олар – қаржыгер емес.







– Сіз экономиссіз бе?
– Жоқ, мен экономист емеспін, инженермін.
– Вы экономист?
– Нет, я не экономист, я инженер.

– Оның ұлты қырғыз ба?
– Жоқ, ол – қырғыз емес, қазақ.
– Он по национальности киргиз?
– Нет, он не киргиз, казах.

1. Сөйлемдерді болымды не болымсыз түрде жазыңыз.
Напишите предложения в утвердительной либо в отрицательной форме.

1. Мен/қазір/жұмыста *Мен қазір жұмыста емеспін* .
2. Біз/қазір/үйде ..... .
3. Сіз/есепші ..... .
4. Ол/ақын ..... .
5. Біз/сатушы ..... .
6. Олар/суретші ..... .

2. Қажетті қосымшаны қойыңыз.

Вставьте нужные аффиксы.

1. Сіздер құрылысшы.*сыздар*.. ма?	– Иә, біз құрылысшы*мыз* .
2. Сендер студент..... ме?	– Жоқ, біз оқытушы..... .
3. Сіздер дәрігер..... ме?	– Жоқ, біз мұғалім..... .
4. Сендер тілші..... ме?	– Иә, біз тілші..... .
5. Сендер аудармашы..... ма?	– Жоқ, біз аудармашы емес..... .
6. Сіздер астаналық..... ма?	– Иә, біз астаналық…… .

22-САБАҚ


Сын есім. Сапалық және қатыстық сын есімдер

Имя прилагательное. Качественные и относительные имена прилагательные

Сын есім заттың сынын, түрін, түсін, сапасын, көлемін т.б. білдіріп, *қандай? қай?* деген сұрақтарға жауап береді.

Сын есім (имя прилагательное) обозначает признак, вид, цвет, качество, объем и т.д. предмета и отвечает на вопросы *қандай? (какой? -ая/-ое/-ие) қай? (который? -ая/-ое/-ые).*









жасыл	сары	үлкен	ұзын

Сын есімдер өз ішінен *сапалық* және *қатыстық* болып бөлінеді.

Сапалық сын есімдер түбір күйінде, ешбір қосымшасыз қолданылады.

Қатыстық сын есімдер *-лы/-лі, -сыз/-сіз, -лық/-лік, -гы/-гі* т.с.с. жұрнақтардың жалғануы арқылы басқа сөз таптарынан жасалады.

Имена прилагательные делятся на качественные и относительные.

Сапалық сын есімдер (качественные имена прилагательные) употребляются в виде корня без присоединения аффиксов.

Қатыстық сын есімдер (относительные имена прилагательные) образуются путем присоединения суффиксов *-лы/-лі, -сыз/-сіз, -лық/-лік, -гы/-гі* к другим частям речи.

– Кешке қандай көйлек киесің?
– Көк.



– Қызыл.
– Сенің көйлегіңнің түсі қандай?



– Пальтоның түсі *қандай*?	– Қара.
– Сізге *қандай* жейде керек?	– Ақ жейде.
– *Қандай* үйде тұрасың?	– Көп қабатты үйде.





жағалы киім	сүтті шай

1. Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңіз.
Сопоставьте вопросы и ответы.

1 - В	2 -	3 -	4 -	5 -	6 -	7 -

1	Қай гимназияда оқисың?	А	Салоны кең мәшине ұнайды.
2	Қандай бассейнге барасың?	Ә	Сандықтың түсі көк.
3	Қандай тағамды жақсы көресің?	Б	Қызыл түс ұнайды.
4	Қандай түсті ұнатасың?	В	~~Лингвистикалық гимназияда.~~
5	Сандықтың түсі қандай?	Г	Майсыз тағамды.
6	Қандай мәшинені ұнатасың?	Ғ	Орталық бассейнге барамын.
7	Сіздің мәшинеңіз қандай?	Д	Ақ түсті.

2. *Қандай? қай?* сұрақтарын пайдаланып, сөйлем құраңыз.
Составьте предложения, используя вопросы *қандай? қай?*

Үлгі: фильм/көр *Қандай фильм көрдің?*

1. сен/жаңалық/тыңда .....?
2. кітап/біз/жақсы көр .....?
3. кинотеатр/олар/бар .....?
4. дүкен/бар/ол .....?
5. компьютер/сендер/пайдалан .....?
6. сіз/футбол командасы/ұнат .....?
7. сен/үй/тұр .....?
8. сен/клуб/бар .....?

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.

1. Сен қандай тағамды ұнатасың?

..... .

2. Сен қандай кітаптар оқисың?

..... .

3. Сен қандай музыка тыңдайсың?

..... .

4. Досың қай әншіні жақсы көреді?

..... .

5. Соңғы рет қай кітапты оқыдың?

..... .

6. Қай қалаға барғың келеді?

..... .

4. Мәтіннен сапалық және қатыстық сын есімдерді табыңыз.

Найдите в тексте сапалық сын есім (качественные имена прилагательные) и қатыстық сын есім (относительные имена прилагательные).

Сыр бойындағы жыр дүлдүлдерінің бірі Ешнияздың жас кезінде шектес ауылда Тыныс деген қыздың сөз тапқырлығы, даналығы һәм оның әдептілігі, жібектей биязылығы, тазалығы ел ішінде аңызға айналған екен.

Ешнияз Тыныстың үйіне келіпті. Сырттай қарағанда, аяғын сылтып басатын, қара қызға көңілі толмай:

– Тыныс-Тыныс! Мүсін-Мүсін! – дегенге үріп ауызға салғандай, жүзіктің көзінен өткендей, мөлдіреген жүзімдей алқызыл нарт алмадай, көлдің көркі аққудай, ай нұрлы, албыраған ару-керім екен десем, қап-қара көрім екен ғой! Қатпыш қараны оза дабыра-дақпырт еткен елде де көз қалмаған екен-ай! – дейді нығырта.

Сонда Тыныс қыз:

– О, тәуір құрбым! Қардан аппақ ешнәрсе жоқ, ұстасаң, қолыңды тоңдырады. Қазаннан қара нәрсе жоқ, ішіндегісін ішсең, мейіріңді қандырады. Қара бөрік хан басында ақ киіз аяқ астында емес пе? Қыран құс – қырымға, құзғын құс – ырымға деген. Менің ішімнің саралығына қарамай, түсімнің қаралығына қараған сіздің көзіңіз де көз емес – ағарып кеткен боз екен! Көзі соқырдың көңілі соқыр – ғаріп, есуастан есірік – ғаріп! Сол есірік пен көңілі соқырдың иә бірі, иә «пірі» болмасаң нетті – депті.

(«Ел аузынан» кітабынан)

Сын есімнің шырайлары. Салыстырмалы шырай

Степени имен прилагательных. Сравнительная степень

23-САБАҚ

Сын есімдердің үш түрлі шырайы бар: ***жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай.***

Сын есімнің **жай шырайы** түбір түрінде ешбір қосымшасыз қолданылады: *әдемі, жақсы, кең, ақ.*

Салыстырмалы шырай – екі заттың сынын өзара салыстырып, белгінің артық-кемдігін білдіретін шырай түрі. Салыстырмалы шырай жұрнақтары бір-бірінің орнына қолданыла алады: *ұзындау – ұзынырақ, кішірек – кішілеу т.с.с.*

Существует три степени сравнения имен прилагательных: *жай шырай* (положительная степень), *салыстырмалы шырай* (сравнительная степень), *күшейтпелі шырай* (усилительная степень).

Жай шырай (положительная степень) имен прилагательных употребляется в виде корня без присоединения аффиксов: *әдемі (красивый), жақсы (хороший), кең (широкий), ақ (белый).*

Салыстырмалы шырай (сравнительная степень) – степень имен прилагательных, выражающая признаки предметов в сравнении и указывающая на их преимущества и недостатки. Суффиксы сравнительной степени взаимозаменяемы: *ұзындау – ұзынырақ* (длинее), *кішірек – кішілеу* (поменьше) и т.д.





Бұл қала ана қаладан *жақынырақ*.
Этот город ближе, чем тот.

Бұл пойыз ана пойыздан *жылдамдау*.
Этот поезд быстрее, чем тот.

Жасалу жолдары:
Способ образования:

1. Сын есім + *-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу*

Сары→сары*лау*; қара→қара*лау*; кіші→кіші*леу*; ащы→ащы*лау*; ұзын→ұзын*дау*.









Эйфель мұнарасы Бәйтеректен биіктеу.
Эйфелева башня выше, чем Байтерек.

Алматы қаласы Қарағанды қаласынан үлкендеу.
Город Алматы больше, чем Караганда.

Жасалу жолдары:
Способ образования:

Сын есім + *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек*







Биік→биігірек

үлкен→үлкенірек

шағын→шағынырақ

1. Екі затты салыстырыңыз.
Сравните два предмета.



Алатау Қаратаудан биігірек .



Жылдам..... .




Жас..... .




Үлкен..... .




әдемі..... .




кіші..... .

2. Сөздерге салыстырмалы шырай жұрнағын жалғаңыз.
Присоедините суффиксы сравнительной степени.

Суық *тау*	Қиын .....
Салқын	Оңай .....
Жылы	Сенімді .....
Ауыр	Жеңіл .....
Ыстық	Арзан .....
Қысқа	Алыс .....

3. Сөйлемдерді үлгі бойынша толықтырыңыз.
Дополните предложения по образцу.

1. Оның мәшинесі үлкен емес. Оған *үлкендеу* мәшине керек.
2. Оның үйі кең емес. Оған ..... үй керек.
3. Оның жалақысы көп емес. Оған жалақысы ..... жұмыс керек.
4. Оның компьютері жаңа емес. Оған ..... компьютер керек.
5. Бүгін күн жылы болды. Бүгін кешегіден де ..... болды.
6. Биыл қыс суық болды. Былтыр ..... болды.

24-САБАҚ

Сын есімнің күшейтпелі шырайы
Усилительная степень имен прилагательных

Сын есімнің күшейтпелі шырайы заттың бастапқы сапасын күшейтіп, асыра көрсетеді. Шырайдың бұл түрі *өте, тым, аса, ең* күшейту үстеулерінің тіркесуі арқылы және күшейтпелі буын арқылы жасалады. Күшейтпелі буын дефис арқылы жазылады. Мысалы: *қара → қап-қара, сары → сап-сары, қызыл → қып-қызыл, жасыл → жап-жасыл, үлкен → үп-үлкен.*

Күшейтпелі шырай (усилительная степень) усиливает первоначальный признак предмета в сравнении с другим предметом. Образуется путем присоединения усилительных наречий *өте, тым, аса, ең* к качественным прилагательным и путем усиления (удвоения) первого слога, после которого следует суффикс *-п*. Усилительный слог пишется через дефис. Например: *қап-қара* (черный-пречёрный), *сап-сары* (жёлтый-прежёлтый), *әп-әдемі* (очень красивый), *тәп-тәтті* (сладкий-пресладкий).

Өте көмекші сөзі барлық сын есімдермен тіркеседі. Мысалы: *өте ыстық (очень жарко), өте құрғақ (очень сухо), өте дәмді (очень вкусно), өте биік (очень высоко), өте ақылды (очень умный).*

Служебное слово ***өте*** (очень) сочетается со всеми прилагательными.

Тым, аса, ең сөздері кейбір сын есімдермен ғана тіркеседі. Мысалы: *тым үлкен, аса қауіпті. Аса* сөзі түсті білдіретін сын есімдермен тіркеспейді.

Служебные слова ***тым*** (чересчур, слишком), ***аса*** (очень, весьма, глубоко), ***ең*** (самый) сочетаются только с некоторыми прилагательными. Служебное слово *аса* не сочетается с прилагательными, обозначающими цвет предмета.

1. Сын есімдерден күшейтпелі шырай түрін жасаңыз.

Образуйте усилительную степень имен прилагательных.

Әдемі – *әп-әдемі, өте әдемі, тым әдемі* .
Қатты – ..... .
Биік – ..... .
Сары – ..... .
Қызыл – ..... .
Қара – ..... .
Суық – ..... .

2. Мәтіннен шырай түрлерін табыңыз.

Найдите в тексте различные степени сравнения.



Жаз – жан-жануарлардың тіршілігіне аса жайлы, шаруашылыққа ең қолайлы кез. Жазда табиғат жадырап, күн ұзағырақ және жылы болады. Мал семіреді, егін бойлап өседі, ауылшаруашылық, құрылыс, тасымал жұмыстары қауырт жүргізіледі. Қазақстан жерінің жазғы сипаты біркелкі емес, ауа райы жаз айларында оңтүстік облыстарда өте ыстық, солтүстік облыстарда ыстықтау болып келеді.

Сан есім. Есептік сан есім

Имя числительное. Количественные имена числительные

25-САБАҚ

Сан есім – заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы.

Сан есім (имя числительное) – часть речи, которая обозначает количество, размер, порядок предмета.

Сан есімдер *қанша? неше? нешеу? қаншада? қаншадан? нешеден? нешінші?* деген сұрақтарға жауап береді.

Имена числительные отвечают на вопросы *қанша? неше? нешеу?* (сколько?), *қаншада?* (во сколько?), *қаншадан?* (по сколько?), *нешеден?* (по сколько?), *нешінші?* (который?).



1 – бір	6 – алты	20 – жиырма	70 000 – жетпіс мың
2 – екі	7 – жеті	30 – отыз	80 000 – сексен мың
3 – үш	8 – сегіз	40 – қырық	90 000 – тоқсан мың
4 – төрт	9 – тоғыз	500 – бес жүз	100 000 – жүз мың
5 – бес	10 – он	6000 – алты мың	1 000 000 – бір миллион

Сан есімнің 6 мағыналық түрі бар: *есептік, реттік, жинақтық, топтық, болжалдық, бөлшектік.*

Имена числительные делятся на 6 разрядов: *есептік* (количественные), *реттік* (порядковые), *жинақтық* (собирательные), *топтық* (разделительные), *болжалдық* (предположительные), *бөлшектік* (дробные).

Есептік сан есімдер заттың нақты санын көрсетіп, *қанша? неше?* деген сұрақтарға жауап береді: *жиырма, отыз бес, жетпіс, сексен бір, тоқсан тоғыз.*

Есептік сан есімдер (количественные числительные) обозначают точное количество предметов или лиц и отвечают на вопросы *қанша? неше?* (сколько?): *жиырма* (двадцать), *отыз бес* (тридцать пять), *жетпіс* (семьдесят), *сексен бір* (восемьдесят один), *тоқсан тоғыз* (девяносто девять).

1. Есептік сан есімдердің астын сызыңыз.
Подчеркните есептік сан есім (количественные числительные.)

1. Бір айда төрт апта бар.
2. Бір аптада жеті күн бар.
3. Бір жыл мезгілінде үш ай бар.
4. Бір сағатта алпыс минут бар.
5. Бір тәулікте жиырма төрт сағат бар.
6. Бір жылда он екі ай, төрт жыл мезгілі бар.

2. Мәтіннен есептік сан есімдерді табыңыз.
Найдите в тексте есептік сан есім (количественные числительные).

– Онға келдім – ойнадым, қызығына тоймадым. Жиырмаға келдім – бойладым, онда да балалықты қоймадым. Есейе келе – жақсы сөзге сүйсіндім, жаман сөзге күйіндім, барымды бойға киіндім, сұлу қыз-келіншектерге шүйілдім, жауларыма түйілдім. Отызға келдім – алтайы қызыл түлкі болдым: қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар құрбының көңілін қалдырмадым. Қырыққа келдім – арғымақтай аңқылдадым, тау тағысындай саңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, құз қыранындай шаңқылдадым, барымды жоқ деп сарқылмадым, дәулетімді шайқамадым... Алпысқа келдім – алты тарау жолға түстім; қайсысының алыс-жақынын білмедім. Жетпіске келдім – жеңілгенімді білдім, бала мен келінге билігімді бердім, айтқанына көндім, айдауына жүрдім. Сексенге келдім – оң жағым от, сол жағым су, алдым жар, артым құз қалай қозғалсам да, тірлік деп біле алмадым, – депті Жетес би. («Ел аузынан»)

3. Мәтіннен есептік сан есімдерді табыңыз.
Найдите в тексте есептік сан есім (количественные числительные).

Қожекең бір күні түс көреді. Түсінде қоразы бар екен дейді. Алдына бір кісі келіп:
– Қожа, қоразыңызды сатасыз ба? – деп сұрайды.
– Ақшаны көп берсең – сатамын, – дейді.
– Кәне, қаншаға бересіз? – дейді кісі.
– Он екі теңге бер.
– Жеті теңге берейін.
– Жоқ.
– Болмаса сегіз теңге берейін. Осылай таласып, нарық тоғыз теңгеге шыққанда, Қожанасыр оянып кетіпті.

Оянса – қоразы да, алушы да, ақша да жоқ. Қожекең дереу көзін жұмып: «Тоғыз теңге болса да берші!» – деп қолын созыпты.

Реттік сан есім
Порядковые числительные

26-САБАҚ

Реттік сан есімдер заттың саналу ретін, орнын, тәртібін білдіріп, *нешінші? қаншасыншы?* деген сұрақтарға жауап береді.

Реттік сан есімдер (порядковые числительные) указывают на порядок следования предметов при счете и отвечают на вопросы *нешінші? қаншасыншы?* (какой, который по счету?).

Жасалу жолы:
Способ образования:

Сан есім + *-ыншы/-інші, -ншы/ -нші*

Бір + *-інші* (первый), екі + *-нші* (второй), алты + *-ншы* (шестой), жеті + - *нші* (седьмой).



Сұлтан – үшінші курстың студенті.
Султан – студент третьего курса.



Мен жетінші қабатта тұрамын.
Я живу на седьмом этаже.

1. Есептік сан есімдерден реттік сан есімдер жасаңыз.

Образуйте из есептік сан есім (количественных числительных) реттік сан есім (порядковые числительные).

1. Он – *оныншы* .
2. Екі – ..... .
3. Жүз – ..... .
4. Елу үш – ..... .
5. Он жеті – ..... .
6. Қырық – ..... .
7. Алпыс екі – ..... .
8. Отыз алты – ..... .
9. Жиырма үш – ..... .
10. Сексен сегіз – ..... .
11. Бір жүз он алты – ..... .

2. Өлең жолдарынан сан есімдерді табыңыз.

Найдите из стихотворных строках сын есім (имена числительные).

Ең бірінші бақытым – халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын;
Қымбатырақ алтыннан нарқың сенің.

Ал екінші бақытым – тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ келдағы от ал менен.

(Мұқағали Мақатаев)

3. Мәтіннен есептік және реттік сан есімдерді табыңыз.

Найдите в тексте есептік (количественные) и реттік сан есім (порядковые числительные).

Атақты қызылшашы Анна Гононенко қызылшаның әр гектарынан екі мың центнер өнім алды. Басқалар сол ауданның , сол облыстың қызылшашылары, гектар түсімін жүз сексеннен екі жүз центнермен шектеген еді.

Шәкен (Айманов) ағаның атын мен он үш-он төрт жасымда естідім. Әміре аға бүкіл дүниежүзілік жарыста қазақтың халық әндерін айтып, бір мың тоғыз жүз жиырма бесінші жылы Парижде екінші бәйге алған, теңдесі жоқ әнші, талантты әртіс болған.

Амангелдіге оқ тию эпизодын Өмірзақов жиырма екі рет қайталап, шауып келе жатқан аттан жиырма екі рет шын құлап, тек жиырма үшінші дубльде ғана киноға түскенін жазды газеттер. Соған сүйсіндік. (М. Әлімбаев).

Жинақтық сан есім
Собирательные числительные

27-САБАҚ

Жинақтық сан есімдер заттың жинақталған сандық мөлшерін білдіріп, *нешеу?* деген сұраққа жауап береді.

Жинақтық сан есімдер (собирательные числительные) обозначают совокупное количество предметов или лиц и отвечают на вопросы *нешеу? (сколько?).*


Жинақтық сан есімдер 1 мен 7 аралығындағы сан есімдерге *-ау/-еу* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

В казахском языке существует семь собирательных существительных от одного до семи, которые образуются с помощью суффиксов *-ау/-еу*, при присоединении которых отбрасывается последний гласный.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Сан есім (1, 2 ... 7) + *-ау/-еу*

Бір + *-еу* (один), ек(і) + *-еу* (двое), үш + *-еу* (трое), төрт + *-еу* (четверо), бес + *-еу* (пятеро), алт(ы) + *-ау* (шестеро), жет(і) + *-еу* (семеро).



Екеуі келеді.
Они придут вдвоем.



Біз бесеуміз.
Нас пятеро.

1. Сөйлемнен реттік, жинақтық сан есімдерді тауып, астын сызыңыз.
Найдите в предложениях и подчеркните порядковые и собирательные числительные.

1. Екеуін де шақырып келші.
2. Сенбі – аптаның алтыншы күні.
3. Бесінші вагонда бос орын жоқ екен.
4. Вокзалға жиырма бесінші автобус барады.
5. Мыналардың біреуі – Асқар, екіншісі – Асқат.

2. Жақша ішіндегі сөздерді жинақтық сан есімге айналдырып, сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложения, присоединив к словам в скобках окончания жинақтық сан есім (собирательных числительных).

1. Қазақстандық спортшылардың *жетеуі* алтын медаль иеленді. (жеті)
2. Тіл үйренушілердің ..... дарын жарысының екінші кезеңіне өтті. (екі)
3. Депутаттардың ..... тілге жанашырлық білдірді. (бес)
4. Кептелістегі мәшинелердің ..... жолдың келесі жолағына ауысты. (төрт)
5. Балалардың ..... де бойлары бірдей. (екі)

Топтық сан есім
Разделительные числительные

28-САБАҚ

Топтық сан есімдер заттар мен құбылыстардың санын топтап көрсетіп, *қаншадан? нешеден?* сұрақтарына жауап береді.

Топтық сан есімдер (разделительные числительные) указывают на объединяющее группирующее количество предметов и лиц, отвечают на вопросы *қаншадан? нешеден? (посколько?).*

Жасалу жолы:
Способ образования:

Есептік сан есім – есептік сан есім
+ -дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен



Қатарға *екі-екіден* тұрыңдар.
Встаньте в ряд по двое.

1. Берілген сан есімдерден топтық сан есім жасаңыз.
Преобразуйте числительные в разделительные числительные.

жүз	*жүз-жүзден*
мың	.....
екі-үш	.....
бес-алты	.....
бес	.....
алты	.....
төрт-бес	.....
он	.....

2. Жақша ішіндегі сөздерді топтық сан есімге айналдырып, сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложения, присоединив к словам в скобках окончание разделительных числительных.

1. Ойын шарты бойынша әр командадан *екі-екіден* ойыншылар қатар жүгіру керек. (екі)
2. Сарбаздар ..... сапқа тұрып, мерекелік іс-шараға дайындалды. (үш)
3. Кітапханашы жаңа оқулықтарды кітап сөрелеріне ..... жинауды тапсырды. (он)
4. Хатшы мекеме басшысына келген қонақтарды ..... кіргізуді өтінді. (төрт)
5. Тіл үйренушілер қазақ тілі сабағында ..... екі топқа бөлінді. (тоғыз)







Болжалдық сан есім
Предположительные числительные

29-САБАҚ

Болжалдық сан есімдер заттар мен құбылыстардың санын дәл көрсетпей, шамамен болжап көрсетеді де *қанша? неше? қай шамалы? қаншадай? нешеге жуық?* сұрақтарына жауап береді.

Болжалдық сан есімдер (предположительные числительные) указывают на не точное, а приблизительное количество предметов и лиц. Они отвечают на вопрос *қанша? неше? қай шамалы? қаншадай? нешеге жуық? (приблизительно сколько?), (около скольки?).*

Жасалу жолдары:
Способ образования:

1. Сан есім + *шамалы/жуық/таман/шақты/тарта/таяу*



Дәрісханада он шақты студент отыр.
В аудитории сидит приблизительно десять студентов.



Залда жүзге жуық көрермен бар.
В зале есть около ста зрителей.



Мен сағат алтыға таман келемін.
Я приду часам к шести.

Жасалу жолдары:
Способ образования:

2. Сан есім *+-таған/-теген, -даған/-деген*



Біздің ауылда жүз*деген* адам тұрады.
В нашем ауле живут около сотни людей.



Аспанда миллиард*таған* жұлдыз жарқырап тұр.
На небе светится около миллиарда звезд.

Жасалу жолдары:
Способ образования:

3. Сан есім *+-дан/-ден,-тан/-тен*






Кеңес Одағы кезінде орыс тілінен қазақ тіліне жүз*ден* сөз енген.
Во времена Советского Союза из русского в казахский язык было заимствовано сотни слов.

Ғаламторда апта сайын мың*дап* қазақ тілді сайттар жасалады.
В интернете каждую неделю тысячами создаются казахскоязычные сайты.

Жасалу жолдары:
Способ образования:

4. Сан есім *+ -дай/-дей,-тай/-тей*





Университетте төрт мың*дай* студент оқиды.
В университете обучается около четырех тысяч студентов.

Қазақстанда екі жүз*дей* барыс бар.
В Казахстане около двухсот барысов.

Жасалу жолдары:
Способ образования:

5. Сан есім + көптік жалғау

Алматың жасы отыздарға келіп қалды.	Алмату лет тридцать.
Оның әкесі елулерде.	Его отцу лет пятьдесят.

1. Берілген сан есімдерді тиісті орнына қойыңыз.

Вместо многоточий вставьте данные числительные.

Елу шақты, төрт, ~~бірінші~~, бес-бестен, екеу, үштен бірі.

1. Қаңтар – жылдың *бірінші* айы.
2. «Абай жолы» романы ..... томнан тұрады.
3. ..... үш топқа бөлініп отырыңыздар.
4. Автотұрақта ..... көлік тұр.
5. Студенттердің ..... үздік баға алды.
6. Қораптағы қаламдардың саны ..... .

2. Цифрмен берілген сан есімдерді сөзбен жазып, болжалдық сан есімге айналдырыңыз.

Напишите цифры прописью и преобразуйте числительные в предположительные числительные.

10	*он*	*он шақты*
5	.....	.....
20	.....	.....
40	.....	.....
70	.....	.....
1000	.....	.....
100	.....	.....
7	.....	.....

30-САБАҚ

Бөлшектік сан есім
Дробные числительные

Бөлшектік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін, үлесін білдіреді және *қанша? неше? қаншасы?* сұрақтарына жауап береді. Бөлшектік сан есімдердің құрамы күрделі болады.

Бөлшектік сан есімдер (дробные числительные) обозначают дробную величину либо определенную часть целого предмета или явления и отвечают на вопросы *қанша? неше? (сколько?), қаншасы? (какое количество?).* Дробные числительные сложны по структуре.

Жасалу жолдары:
Способ образования:

1. Сан есім + шығыс септік жалғауы сан есім + -ы/-і

Мысалы: Жұмыстың оннан бір бөлігі дайын. Готова одна десятая часть работы.
Оқушылардың үштен екісі сабақта отыр. На уроке сидит две трети учеников.

Жасалу жолдары:
Способ образования:

2. Сан есім + ілік септік сан есім+ тәуелдік жалғау

Мысалы: бестің бірі (пять целых одна десятая), он бүтін жүзден бір (десять целых одна сотая).


Жасалу жолдары:
Способ образования:

3. Сан есім жарты, жарым (половина), ширек (четверть)


Мысалы: бір жарым (полторы), мың жарым (полторы тысячи), жүздің жартысы (половина), бір ширек (одна четверть).

Жасалу жолдары:
Способ образования:

4. Сан есім бүтін сан есім + шығыс септік сан есім + тәуелдік жалғау



Жұмыстың бестен бір бөлігі орындалды.
Одна пятая часть работы выполнена.



Пи саны үш бүтін жүзден он төртке тең.
Число Пи равно три целых четырнадцать сотых.

1. Сөйлемдерді сан есімдердің мағыналық түріне сәйкес ретпен жазыңыз: есептік, реттік, жинақтық, топтық, болжалдық, бөлшектік.

Запишите предложения в соответствии с разрядами имён числительных в следующей последовательности: есептік (количественные), реттік (порядковые), жинақтық (собирательные), топтық (разделительные), болжалдық (предположительные), бөлшектік (дробные).

1. Соғыста миллиондаған жауынгерлер қаза тапты.	*болжалдық*
2. Бүгін жиналысқа жетпіс жұмысшы жиналды.	.....
3. Айнаш оныншы үйде тұрады.	.....
4. Вагондағы жолаушылар саны – алтау.	.....
5. Сайыскерлерді он-оннан топтастырдық.	.....
6. Алаңға мың жарым адам жиналды.	.....
7. «Жүз аурухана, жүз мектеп» бағдарламасын халық қабылдады.	.....

2. Цифрмен берілген сан есімдерді сөзбен жазып, бөлшектік сан есімге айналдырыңыз.

Напишите цифры прописью и преобразуйте числительные в дробные числительные.

5,01	*бес бүтін жүзден бір*
7,25	.....
2,365	.....
10,01	.....
9,15	.....
9,8	.....
100,71	.....
11,82	.....

31-САБАҚ

Есімдік. Жіктеу есімдігі
Местоимения. Личные местоимения

Заттың, құбылыстың атын, сынын, санын білдірмейтін, бірақ солардың орнына қолданылатын сөз табын *есімдік* деп атайды.

Есімдік (местоимение) – это слова, которые указывают на предметы и лица или их признаки, но не называют их.

Есімдіктер мағыналық жағынан жеті топқа бөлінеді: ***жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық*** есімдіктері.

Местоимения по значению делятся на семь семантических групп: жіктеу (личные), сілтеу (указательные), сұрау (вопросительные), өздік (возвратные), жалпылау (определительные), белгісіздік (неопределенные), болымсыздық (отрицательные).

Жіктеу есімдіктері – белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер.

Жіктеу есімдіктері (личные местоимения) употребляются для определения лица.

Жіктеу есімдіктері адамға қатысты қолданылады. I жақ сөйлеуші, II жақ тыңдаушы, III жақ бөгде адамды білдіреді.



Ол бүгін конференцияда баяндама жасады.
Он сегодня в конференции выступил с докладом.



Сен iPad-пен жұмыс істей аласың ба?
Ты можешь работать с iPad?

Жіктеу есімдіктерінің жекеше түрлері: мен, сен, сіз, ол; көпше түрлері: біз, біздер, сендер, сіздер, олар.

Қазақ тілінде сіз, біз есімдіктері сыпайы мәнде қолданылады:

«Сіз», «біз» деген жылы сөз –
Жылытады жүректі.
Жақсылық билеп жанды тез,
Оятады игі тілекті.
«Сіз», «біз» деген жылы сөз –
Жақсылықтың мейірі.
Бірі-біріне болып көз,
Кең болсын адам пейілі.

I, II жақтағы жіктеу есімдіктері әрдайым адамға қатысты қолданылады, сондықтан *кім? кімдер?* деген сұрақтарға жауап береді. III жақтағы *ол, олар* есімдігі адамға да, затқа да қатысты қолданылады. Сондықтан адамға қатысты қолданылса – *кім? кімдер?* затқа қатысты қолданылса – *не? нелер?* деген сұраққа жауап береді. Інім екінші курста оқиды. *Ол* (*кім?*) компьютерді жетік меңгерген.

Арыстандар топтанып жүреді. Олар (*нелер?*) Қазақстанда кездеспейді.

Жекеше түрі Единственное число				
Атау	мен	сен	сіз	ол
Ілік	менің	сенің	сіздің	оның
Барыс	маған	саған	сізге	оған
Табыс	мені	сені	сізді	оны
Жатыс	менде	сенде	сізде	онда
Шығыс	менен	сенен	сізден	онан/одан
Көмектес	менімен	сенімен	сізбен	онымен

Көпше түрі Множественное число				
Атау	біз (дер)	сендер	сіздер	олар
Ілік	біз (дер) дің	сендердің	сіздердің	олардың
Барыс	біз (дер) ге	сендерге	сіздерге	оларға
Табыс	біз (дер) ді	сендерді	сіздерді	оларды
Жатыс	біз (дер) де	сендерде	сіздерде	оларда
Шығыс	біз (дер) ден	сендерден	сіздерден	олардан
Көмектес	біз (дер) мен	сендермен	сіздермен	олармен

Жіктеу есімдіктері жіктеледі *Личные местоимения спрягаются*
Менмін, бізбіз, біздерміз.
Сенсің, сізсіз, сендерсің, сіздерсіз.
Ол, олар жіктеу есімдіктері жіктелмейді.
Мынау менмін, *ал* мына тұрған сенсің.

1. Мәтіннен жіктеу есімдіктерін тауып, оның қай формада тұрғанын көрсетіңіз.

Найдите в тексте личные местоимения, определите их форму.

Өте ертеде бір дана қария дүниеден көз жұмарында қасына ұлын шақырып алып: – Балам, менің дүниемен қоштасар күнім жақын. Өзіңе қалдырып бара жатқан асыл қазынам бар. Сен соны іздеп тап, ұқыпты пайдалан, ұқсатып қолдан, – депті...

Күндердің күнінде бала әке қалдырған қазынаны іздеймін деп әбден шаршайды. Бірақ әкеден қалған қазына таптырмайды. Амалы таусылған бала ел ішіндегі көпті көрген бір қариядан ақыл сұрайды.

– Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Ол сөзге шешен кісі еді ғой. Бәріміз де сөз асылын сенің әкеңнен үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ, – деп ақылгөй қария аталы сөздің шешуін айтыпты (*«Ол кім? Бұл не?» кітабынан*).

2. Жіктеу есімдіктерін қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложения, вставив личные местоимения.

1. ..... саяжайдан келдік.
2. ..... демалысқа шықты.
3. ..... кешке концертке бара аласыз ба?
4. ..... балаларымды өте жақсы көремін.

3. Жіктеу есімдіктерін қойып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы, вставив личные местоимения.

1. Кім қалаға барады?

Мен қалаға барамын .

2. Кімнің дәрігер болғысы келеді?

..... .

3. Бұл кітап кімдікі?

..... .

4. Сөздерді орын тәртібі бойынша қойып, сөйлем құрастырыңыз.

Составьте предложения, расставив слова по порядку.

1. Ертегі/тыңдағанды/мен/ұнатамын.

Мен ертегі тыңдағанды ұнатамын .

3. Бірге/болғым келеді/сендермен

..... .

2. Өткізді/ауылда/демалысын/жазғы/ол

..... .

4. Барғалы жатырмыз/ертең/тауға/біздер

..... .

Сілтеу есімдігі
Указательные местоимения

32-САБАҚ

Сілтеу есімдіктері – нұсқау, сілтеп көрсету мәнінде қолданылатын сөздер. Сілтеу есімдіктеріне: *бұл, сол, ол, мына, мынау, осы, осынау, міне, әне, сонау, әнеки, анау, т.б.* сөздер жатады. Сілтеу есімдік *қай? қайсы?* деген сұрақтарға жауап береді.

Сілтеу есімдіктері (указательные местоимения) – слова, которые употребляются в значении указания. К ним относятся: *бұл (это), сол (тот), ол (тот, та), мына (этот), мынау (этот), осы (этот), осынау (этот), міне (вот), әне (вон), сонау (столько), әнеки (вот), анау (тот).*


Сілтеу есімдіктері отвечают на вопросы қай? (какой?) қайсы? (который?).







Бұл – орындық	Мынау – терезе	Бұл – гүл








Бұл – кітап	Бұл – құмыра	Бұл – қалам

Бұл (это)	Бұл үйде мен тұрамын.
Мынау (это)	Мынау – менің кітабым.
Міне (вот)	Сенің қаламың мұнда жатыр.
Әне (вон)	Әне, көгершін ұшып барады.
Анау (тот)	Анау жерде азық-түлік дүкені бар.

Сілтеу есімдіктері заттар мен құбылыстарды нұсқап көрсетуде олардың алыс-жақын қашықтығына қарай қолданылады.

Указательные местоимения употребляются для указания на предметы и явления в зависимости от их расположения.

Жақын қашықтықты білдіретін сілтеу есімдіктері	Алысырақ қашықтықты білдіретін сілтеу есімдіктері	Алыс қашықтықты білдіретін сілтеу есімдіктері
бұл, міне, мына, мынау, осы	әне, ана, анау, осынау	сонау, сол, түу, түнеу
		
Бұл кітап менікі.	*Анау* тұрған – менің мектебім.	*Сонау* жерден жол жүріп, шаршап келді.

1. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложения нужными словами.

~~*Анау*~~, *бұл*, *сонау*, *сол*

1. ~~*Анау*~~ ыдысты үстелдің үстіне қой.
2. Сапардан ..... күні келген болатын.
3. ..... тұрған көпқабатты үй – министрлік үйі.
4. Қонақтарға арнап қымызды ..... жерден алдырды.

2. Суреттерді сілтеп, нұсқап көрсету арқылы сипаттаңыз.

Опишите картинки, указывая на них.





Үлкен үй	Кішкентай үй

3. Сілтеу есімдіктерін көрсетіңіз.

Найдите указательные местоимения.

1. Бұл күн бәрінің есінде қалды.
2. Балалардың бірнешеуі жүгіріп кетті.
3. Мына кітапханада қызық кітаптар көп.
4. Анау жерден жаңа үйлер салынып жатыр.
5. Жиналысты мекеме басшысының өзі ашты.
6. Дәурен өзіне ұнаған заттардың бәрін сатып алды.
7. Мұғалімің сонау елден саған сыйлық алып келіпті.

33-САБАҚ

Өздік есімдігі
Возвратные местоимения

Өздік есімдігіне «*өз*» деген есімдігі және оның тәуелденген түрлері жатады.

Группа возвратных местоимений представлена словом «*өз*» (себя) и его притяжательных форм.

Өз есімдігі тәуелденіп барып түрленеді.

Өз өздік есімдігі (возвратное местоимение *өз*) склоняется по лицам и принимает окончания тәуелдік жалғау.

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	өзім	өзіміз
II	өзің	өздерің
	өзіңіз	өздеріңіз
III	өзі	өздері



Алматыға жалғыз өзім келдім.
В Алматы я приехала сама.



Марғұлан өзі оқыған университетке келді.
Маргулан пришел в свой университет.



Ол өзі жуынады.
Он умывается сам.



Ол жолдан өзі өтеді.
Она сама проходит через дорогу.

1. Сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения.

1. Ол *өз* балаларына мол мұра қалдырды.
2. Бұл мақаланы ..... жаздым.
3. Бұл есепті ..... шығар.
4. Сен ..... мамандығыңды жақсы көресің бе?
5. Оның ..... жаңа жұмысын жарнама арқылы тапты.

2. Сөйлемдерді *өз* сөзімен толықтырыңыз.
Дополните предложения словом *өз*.

1. Мен демалысты жалғыз өткіздім.
Мен демалысты жалғыз өзім өткіздім .
2. Дәурен үйде жалғыз қалды.
..... .
3. Сен киноны жалғыз көруді ұнатасың.
..... .

3. Көп нүктенің орнына өздік есімдіктерін қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Вместо многоточий вставьте возвратные местоимения и дополните предложения.

1. Бұл жұмысты біз *өзіміз* атқарамыз.
2. Осы жиналысқа олардың ..... келген жоқ.
3. Конференцияда баяндаманы жетекші ретінде ..... жасаңыз.
4. Ақын ..... өлеңдерін баспадан шығарды.
5. Осындай болғанына сіздер ..... жауаптысыздар.

34-САБАҚ

Сұрау есімдігі
Вопросительные местоимения

Сұрау есімдіктері – заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, амалын т.б. білу мақсатында айтылатын сөздер. Сұрау есімдіктеріне *кім? не? қалай? қашан? қай? қандай? қайдан? нешеу? қайда? қайсы?* сұрақтары жатады.

Сұрау есімдіктері (вопросительные местоимения) – это слова, которые употребляются для того, чтобы узнать название, количество, качество предметов и явлений, место, время, способ действия. К ним относятся вопросы *кім?* (кто?) *не?* (что?) *қалай?* (как?) *қашан?* (когда?) *қай?* (который?) *қандай?* (какой?) *қайдан?* (откуда?) *неше?* (сколько?) *қанша?* (сколько?) *қайда?* (куда?) *қайсы?* (который?) и др.

– **Қайда** барасың? – Үйге барамын.	– Куда пойдешь? – Домой пойду.
– **Кімді** көрдің? – Көршінің қызын көрдім.	– Кого видел? – Видел соседскую девочку.
– **Қаншасын** алдың? – Бесеуін алдым.	– Сколько взял? – Пять взял.
– **Қашан** келдің? – Бүгін келдім.	– Когда приехал? – Сегодня приехал.

Сұрау есімдіктері қай сөз табына қатысты болса, соған сәйкес түрленеді.
Сұрау есімдіктері с какой частью речи сочетаются, так и видоизменяются.

– Мұны кім сындырды? – Кто это разбил?	– Мына көйлектің түсі қандай? – Какого цвета это платье?
	
– Мен емес, мысық қой. – Это не я, это кошка.	– Көк. – Синего.

1. Ерекшеленген сөздерге сұрақтар қойып, сұраулы сөйлем құрастырыңыз.
Составьте вопросительные предложения, задавая вопросы к выделенным словам.

1. **Оның** бөлмесі жарық.	*Кімнің бөлмесі жарық?*
2. **Ербол** гитара тартады.	.....

3. Бұл – **Нұрболдың** пәтері.	.....
4. **Бэкхем** Англияда тұрады.	.....
5. **Рүстемнің** компьютері жаңа.	.....
6. **Менің** кеңсем – мынау.	.....
7. **Әйгерімнің** жасы отызда.	.....

2. Мәтіндегі сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопросы к предложениям в тексте.

Менің атым – Жасұлан. Мен – студентпін. Менің отбасым – үлкен. Біз Қарағандыда тұрамыз. Менің әкем – инженер. Анам – қазақ тілі пәнінің мұғалімі. Менің ағам мен інім бар. Мен үйленбегенмін. Жасым жиырмада. Қазір университетте оқимын.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

3. Мәтіннен жіктеу, өздік, сұрау есімдіктерін табыңыз.
Найдите в тексте жіктеу (личные), өздік (возвратные), сұрау есімдіктері (вопросительные местоимения).

Академик Қаныш Сәтбаев делегация құрамында Англияға барады. Кеңес делегациясын бір орайлы шақта Англияның премьер-министрі қабылдап, қонақасы береді.

Дастарқан басында премьер-министр Қаныш Сәтбаевқа назар аударып, әзілге балаған сұрақ қояды.

– Сәтбаев мырза, айтыңызшы, қазақтардың барлығы да өзіңіздей сұңғақ бойлы ма?

– Менің халқым өзімнен әлдеқайда биік, – деп, жауап береді академик.

– Сәтбаев мырза, сіз осы нешінші өлшемді баскиім киесіз?

Сонда Қаныш Сәтбаев:

– Премьер мырза, егер сіз екеуіміз баскиім айырбастасақ, екі жағымыз да өкінбес едік, – деген екен. *(«Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабынан).*

35-САБАҚ

Белгісіздік есімдіктері
Неопределенные местоимения

Белгісіздік есімдіктері – заттар мен құбылыстарды нақты көрсетпей, тұспалдап жеткізетін сөздер.

Белгісіздік есімдіктеріне *біреу, әрбір, әркім, әрқашан, әрқалай т.с.с.* сөздер жатады.

Белгісіздік есімдіктері (неопределенные местоимения) не указывают конкретно на предметы или явления, а косвенно указывают на них.

К неопределенным местоимениям относятся местоимения: *біреу, әрбір, әркім, әрқашан, әрқалай и т.д.*



Әр адамның мінезі бар.
У каждого человека есть характер.



Әр бөлменің терезесі үлкен екен.
В каждой комнате большие окна.

әркім (каждый)	*Әркімнің* компьютері бар.
әрқайсысы (каждый из них)	*Әрқайсысы* 200 теңгеден берді.
әрбіреу (кто-то)	*Біреу* келіп тұр.
кейбіреу (некоторые)	*Кейбіреулер* уақыттың қадірін білмейді.
бірнеше (несколько)	*Бірнеше* бала балабақшаға барады.
әлдеқашан (давно)	Оқуды *әлдеқашан* бітірдім.

1. **Белгісіздік есімдігі бар сөйлемдерді белгілеңіз.**
Отметьте предложения с неопределенными местоимениями.

1. ~~Әркімнен~~ сұрама.
2. ~~Дәулет, әрі отыр.~~
3. Әр оқушының күнделігі бар.
4. Бір күні үйіне барамыз.
5. Мен саған бірдеңе айтамын.
6. Олардың бәрі жиырмада.
7. Олжас үнемі футбол ойнайды.
8. Кейбір мамандыққа лицензия алу керек.
9. Оқушылар мектепте бірнеше үйірмеге қатысады.

2. Тиісті сөздерді таңдаңыз.
Выберите нужные слова.

әр, бірнеше, әрқалай, ~~бірталай~~, әлдекім, кейбіреулер, әлдеқашан

1. Сабақ басталғалы *бірталай* уақыт өтті.
2. ..... есік қақты.
3. ..... жұмысқа аса епті.
4. Олар жалақысын ..... алады.
5. Алматының метросы ..... іске қосылды.
6. ..... студентке студенттік билет берілді.
7. Мәжілістің күн тәртібі ..... мәселеге арналды.

3. Сөздерді реттеп, сөйлем құрастырыңыз.
Составьте предложения, расставив слова по порядку.

1. Әрқашан/анықтама бюросы/жұмыс істейді
Анықтама бюросы әрқашан жұмыс істейді .
2. кейде/газет пен журналдарды/мен/сатып аламын
..... .
3. лагерьде/бала/жазғы демалысты/бірнеше/өткізді
..... .
4. өз Отаны/болады/әр/адамның
..... .
5. көрінеді/әлдене/алыстан/қарайып
..... .

4. Мәтіннен есімдіктерді тауып, қай мағыналық топқа жататынын көрсетіңіз.
Найдите местоимения в тексте и определите, к какому разряду местоимений они относятся.

Өте ертеде бір дана қария дүниеден көз жұмарында қасына ұлын шақырып алып: – Балам, менің дүниемен қоштасар күнім жақын. Өзіңе қалдырып баражатқан асыл қазынам бар. Сен соны іздеп тап, ұқыпты пайдалан, ұқсатып қолдан, – депті ... Күндердің күнінде бала әке қалдырған қазынаны іздеймін деп әбден шаршайды. Бірақ әкеден қалған қазына таптырмайды. Амалы таусылған бала ел ішіндегі көпті көрген бір қариядан ақыл сұрайды. – Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Ол сөзге шешен кісі еді ғой. Бәріміз де сөз асылын сенің әкеңнен үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ, – деп ақылгөй қария аталы сөздің шешуін айтыпты. *(«Ел аузынан»).*

36-САБАҚ

Болымсыздық есімдіктері
Отрицательные местоимения

Болымсыздық есімдіктері – болымсыз мағынаны білдіретін есімдіктің түрі. Болымсыздық есімдіктеріне «*еш*» сөзімен бірігу арқылы жасалған сөздер (*ешкім, ештеңе, ешқашан, ешқайда, ешқайдан, ешқайсысы, ешбір*), *дәнеңе, түк, бірде-бір* сөздері жатады.

Болымсыздық есімдіктері қатысқан сөйлемдерде баяндауыштар болымсыз формада келеді. Мысалы: Семинарға Ақтаудан *ешкім* келе алмады. Студенттердің *бірде-бірі* сенбілікке қатыспады.

К отрицательным местоимениям относятся слова, образованные с помощью соединения со словом «еш» (ни) - *ешкім (никто), ештеңе (ничего), ешқашан (никогда), ешқайда (нигде), ешқайдан (ниоткуда), ешқайсысы (никакой), ешбір (никакой)*, а также слова *дәнеңе, түк, бірде-бір.*

В предложениях с отрицательными местоимениями сказуемые имеют отрицательную форму.



Бөлмеде *ешкім* жоқ.
В комнате никого нет.



Сөмкеде *ештеңе* жоқ.
В сумке ничего нет.



Көшеде *бір де бір* адам жоқ.
На улице нет ни одного человека.

1. Болымсыздық есімдігімен берілген сөйлемдерді белгілеңіз.
Отметьте предложения с отрицательными местоимениями.

1. Мен енді ешқайда бармаймын.
2. ~~Ешкі шөп жейді.~~
3. Үстелде еш нәрсе қалмады.
4. Бүгін ешкімнің бос уақыты жоқ.
5. Сен саяжайда ештеңе істемедің бе?
6. Апта сайын атамызға барамыз.
7. Андрей қазақша көп өлең біледі.
8. Сәрсенбіде ешқашан да сабақ болған емес.

2. «*Бір де бір*» сөзімен келген сөйлемдерді белгілеңіз.
Отметьте предложения со словом *бір де бір*.

1. Аспанда бір де бір бұлт жоқ.
2. ~~Бірге бірді қос.~~
3. Бірден онға дейін сана.
4. Мен бірінші курста оқимын.
5. Ол бір де бір адамды ұсынбады.
6. Бір де бір затты қолыңмен ұстама.
7. Бір де бір әнші ағылшын тілінде ән салмады.
8. Мен осы аптада бір де бір бағдарламаны көрмедім.

3. Қажетті сөзді қойыңыз.
Выберите нужное слово.

1. Ол маған .....ешнәрсе айтпады.
2. Біз .....қашан кездескен емеспіз.
3. .....бір қазақ өз тілінде сөйлеуі керек.
4. Сен енді .....қайда бармайсың ба?
5. Біздің спортшылар .....қашан алтын медаль алады.
6. Біз .....дайым емтихандарға кітапханада дайындаламыз.

4. Қажетті сөздерді қойып шығыңыз.
Вставьте нужные слова.

~~ешкімге~~ / әр / ештеңе / бір де бір

Ержан: Мен саған құпия айтсам, *ешкімге* айтпайсың ба?
Димаш: ..... адамға айтпаймын. Қандай құпия?
Ержан: Бүгін Әселмен кинотеатрға барамын.
Димаш: Ой! Ол туралы ..... студент біледі.
Ержан: Қайдан?
Димаш: Сен кеше ..... қызметкердің электронды поштасына осы хабарды жіберіпсің.
Ержан: Мен бе?!
Димаш: Иә, сен. ..... етпес. Гүл сатып алдың ба?
Ержан: О, гүл алайын. Сұрағаның дұрыс болды.

Жалпылау есімдіктері
Определительные местоимения

37-САБАҚ

Жалпылау есімдіктері жинақтау, жалпылау мәнінде қолданылады. Жалпылау есімдіктеріне *бәрі, бүкіл, күллі, түгел, барша, барлық* және т.б. сөздері жатады.

Жалпылау есімдіктері (определительные местоимения) служат для обобщения предметов. К ним относятся слова *бәрі, бүкіл, күллі, түгел, барша, барлық и др.*



Велошабандоздардың *бәрі* – «Астана» командасынан.
Все велосипедисты из команды «Астана».

Жалпылау есімдіктері өзара мәндес болып келеді.
Определительные местоимения схожи по смыслу.

Жалпылау есімдіктері тәуелденеді, септеледі.
Определительные местоимения спрягаются и склоняются.



Аружан гүлдердің **бәріне** су құйды.
Аружан полила все цветы.



Барлығымыз Түркістанда тұрамыз.
Мы все живем в Туркестане.

1. Жалпылау есімдіктерін көрсетіңіз.
Найдите определительные местоимения.

1. Жұмысшылардың бәрі сағат 9-да зауытқа келеді.
2. Әрі қарай отыршы.
3. Достарыңның бәрі келді ме?
4. Ақылды әрі еңбекқор бала бол.
5. Барлық дүкен ерте ашылды.
6. Мен сапардан базарлық әкелдім.
7. Мен барлық газетті оқып шықтым.
8. Сен қонақтардың бәрімен амандастың ба?
9. Мейрамдардың бәріне арнап өлең жаздым.
10. Барша қазақстандықтарды наурыз мерекесімен құттықтады.
11. Маған мейрамханадағы ұлттық тағамдардың барлығы ұнайды.

2. Сөздерді реттеп, сөйлем құрастырыңыз.
Составьте предложения, упорядочив слова.

1. кетті?/қайда/бәрі/олардың *Олардың бәрі қайда кетті* ?
2. мейраммен/әкім/қатысушыны/құттықтады/барлық .....
3. бәрі/жақсы/олардың/жігіттер .....
4. барлық/Гүлжан/ойыншығын/жинады .....
5. оқушылары/сенбілікке/мектеп/түгел/шықты .....
6. жарысқа/спортшылар/бүкіл/қатысты .....

3. Үлгі бойынша сұхбат құрыңыз.
Составьте диалог по образцу.

~~1. туысқандарға, барлық, бәріне~~
2. достарыңа, бәріне, барлық
3. қызметкерлерге, бәріне, барлық
4. әріптестерімізге, бәріне, барлық

1. Аяулым: Сен *барлық туысқандарға* хат жаздың ба?
   Әсет: Иә, *бәріне жаздым* .
2. Аяулым: Сен ..... хат жаздың ба?
   Әсет: Иә, ...
3. Аяулым: Сен ..... хат жаздың ба?
   Әсет: Иә, ...
4. Аяулым: Сен ..... хат жаздың ба?
   Әсет: Иә, ...

4. Мәтіннен есімдіктерді тауып, олардың қай мағыналық топқа жататынын көрсетіңіз.
Найдите местоимения в тексте и определите к какому разряду они относятся.

Алдына сәлем бере және елді ынтымақтастыру жөнінде келген Төлеге Әнет баба садақтың алты оғын біртіндеп сындырып, екі бүктеп, он екі шыбық етіп ортасынан буып: – Міне, енді сындырып көрші – дейді. Төле бірден бір буда шыбықты қалай сындырсын? Шыбықтарды Әнет бабаға қайтарып: – Айып етпеңіз, бұл жұмбағыңызды түсінбедім, Әнет баба, – депті. Сонда Әнет баба мынадай өсиет айтыпты: – Төлежан, ешқашан да өзімшіл болма, көптің айтқанын тыңдасаң, көп те сенің айтқаныңды орындайды. Көп болсаңдар, өзара ынтымақта болсаңдар – сендердің белдеріңді ешкім сындыра алмайды. Ал әрқайсың жеке-дара болып ынтымақтарың жараспайтын болса, мына жеке шыбықтарды сындырған секілді әркім-ақ бірліктеріңді бұзып, берекелеріңді кетіреді.

сілт. есім.

38-САБАҚ

Етістік
Глагол

Етістік заттың қимылын, іс әрекетін білдіріп, *не істеді? не қылды?* деген сұрақтарға жауап береді.

Етістік (глагол) обозначает действие предмета и отвечает на вопросы *что делать? что сделать?*



Ғылыми-теориялық конференция 10-да басталады.

Научно-теоретическая конференция начинается в 10 часов.



Лондон олимпиадасында Илья Ильин әлемдік рекордты жаңартты.

Илья Ильин обновил мировой рекорд на лондонской олимпиаде.



Романды екі күнде оқып шықты.

Она прочитала роман за два дня.



Баласын балабақшаға ерте апарды.

Он рано отвел ребенка в детский сад.



Бүгін кітапханадан ерте шықты.
Сегодня он рано вышел из библиотеки.



Биылғы қыс қатты болды.
В этом году зима была холодной.

1. Мәтіннен етістіктерді табыңыз.
Найдите в тексте глаголы.

Аққоян жылы қар қалың түсіп, көктем созылыңқырап шығыпты. Алшын аулы қыстан жұтап, ашаршылыққа ұшырапты. Күйзелген ел тоқшылық жаққа ауа көшпек болғанда, Әйтеке би оларға тоқтам салыпты.

– Қоныс аударып, бекерге тоспаңдар, одан дағы Төле би еліне он шақты кісіні астық әкелуге жіберейік, – деп, өзінің баласын бас етіп ауыл адамдарын аттандырыпты.

Төле би бұл кезде Ташкентті билеп тұр екен. Келген ағайындарды қарсы алып, тойындырыпты. Көлігі көтергенше астық жинап, өзін сыйлас биіне сәлемдемеге алты қап бидай, бір жылқы сойыс беріпті. Төле би алшын жігіттеріне біраз әңгіме, аталы сөз айтыпты.

– Ал, жолдарың болсын, елдеріңе, Әйтекеңе сәлем айтыңдар, – десе, Әйтекенің баласы отырған орнынан қозғала қоймапты.

Төле би:

– Е, е, балам, жайша тоқталдың ба? – деп сұрапты.

Сонда ол:

– Әлгінде айтқан аталы өсиетіңіздің аяғын біліп кетсем деп, соған қарап отырмын, – депті.

– Пәлі, балам, сөздің қадірін білетін есті бала екенсің, енді ол әңгіменің мәнісін таратып берейін. Жігіт адамға басты кесір – еріншектік, ортаншы кесір – ұйқышылдық, кенже кесір – кежірлік, тілазарлық. Осы үш кесір, әдет бір адамда болса, ол адам өмір бойы оңбайды, – депті.

2. Өлең жолдарынан етістіктерді тауып, сұрақ қойыңыз.

Найдите в стихотворных строках глаголы и поставьте к ним вопросы.

Ғылым таппай мақтанба, *(не істеме?)*
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз,
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

(Абай)

Етіс. Өздік етіс
Залог. Возвратный залог

39-САБАҚ

Етіс іс-әрекеттің орындаушыға, қимыл иесіне қатысын білдіреді.

Етістер мағынасы мен қызметіне қарай **өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс** болып бөлінеді.

Етіс (залог) определяет отношения между лицом действия и действием.

В зависимости от значения и функции залоги делятся на өздік етіс (возвратный залог), ырықсыз етіс (страдательный залог), ортақ етіс (совместный залог), өзгелік етіс (побудительный залог).

Етіс категориясы белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалады:
Категория залога образуется через определенную систему аффиксов:

Түрлері (Типы)	Жұрнақтары (Суффиксы)	Мысалдар (Примеры)
Өздік (Возвратный)	*-ын/-ін/-н*	киінді, таранды, жуынды
Ырықсыз (Страдательный)	*-ыл/-іл/ -л* *-ын/-ін/-н*	таралды, жуылды, салынды, әкелінді
Ортақ (Совместный)	*-ыс/-іс/-с*	сөйлесті, әкелісті, көтерісті
Өзгелік (Побудительный)	*-дыр/-дір/-тыр/-тір* *-ғыз/-гіз/-қыз/-кіз* *-т*	жуғыздыр, жаздырды, кескізді

Етіс жұрнақтары түбір етістіктерге, туынды және күрделі етістіктерге жалғанады:
Суффиксы залога присоединяются к непроизводным, производным и сложным глаголам:

Түбір етістіктерге жалғануы:	Түбір етістік + етіс жұрнақтары + қосымша	ки + *ін* + *ді*, жаз + *дыр* + *ды*, жаса + *л* + *ды*
Туынды етістіктерге жалғануы:	Туынды етістік + етіс жұрнақтары + қосымша	ой + *ла* + *н* + *ды*, аяқ + *та* + *л* + *ды*, арқан + *да* + *т* + *ты*, жұдырық + *та* + *с* + *ты*
Күрделі етістіктерге жалғануы:	Күрделі етістік + етіс жұрнақтары + қосымша	жүгіре жөнел + *іс* + *ті*, тарс ет + *кіз* + *ді*

Өздік етіс – қимыл, іс-әрекеттің орындаушысына (иесіне) бағытталғанын білдіреді. Іс-әрекет қимыл иесінің өзіне тікелей қатысты болады. Мысалы: *Енді белін түйінді, асыл киім киінді. (Қыз Жібек)*

Өздік етіс (возвратный залог) обозначает направление действия от исполнителя. То есть действие относится непосредственно к самому субъекту.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ын/-ін/-н*

Алтынай ки-ін-ді.	*Алтынай оделась.*
Әсем жу-ын-ды.	*Асем умылась.*

1. Етістіктерге етіс түрлерінің жұрнақтарын жалғаңыз.
К глаголам присоедините суффиксы залогов.

жу	жу.....ын, жу.....ыл.....ды, жу.....ыс.....ты, жу.....ыз
орында	.....
жина	.....
әкел	.....
жаз	.....
кес	.....
іш	.....
айт	.....

2. Мәтіннен өздік етісті табыңыз.
Найдите в тексте өздік етіс (возвратный залог).

Бәйбішесі қымызын сапырып, алдын Төлеге ұсынып, екінші тостағанды балаға бергізеді, одан соң қымыз төрде жағалай отырған ақсақалдарға беріледі. Төле бидің сөзін ұйып тыңдап отырған шалдарға, оның осы бір балаға сонша ілтипат көрсеткені, адам тіл қата алмайтын Төлеге баланың тақылдап жауап беруі оларға шаншудай тиіпті. Бірақ Төледен батып ешкім ештеңе айта алмайды. Қымыз ішіліп, дастарқан жиналған соң қонақтарды күтіп жүрген орта бойлы дембелше жігіт бір сарбасты босағадан көлденеңдетіп «бата беріңіздер» дегенде, төрде күнімен қымыз алып отырған ақсақалдар ыңғайланып қолдарын көтере береді.

Қонақ бала батаға қол көтермейді.

– Балам, неге қолыңды жаймайсың?

– Мен бұл қойдың батасына қол көтермеймін, – дейді Тайкелтір байыппен.

Шалдар «неге? неге?» – десіп қалады.

Тайкелтір күле сөйлеп былай жауап береді:

– Қой сіздерге арналса, баталарыңызды беріп сойғыза беріңіздер. Ал егер маған арнап әкелінген мал болса, батасын өзім беремін. Бірақ әлгінде Төле атамның: «Әкеңнің сыбағасын жеп кет», – деген сөзі бар еді, мен бұл қойдың кімнің сыбағасы екенін түсінбей отырмын.

Төрде отырған қаба сақал қара шал не айтарын білмей сасқалақтап біресе Төлеге, біресе жанындағыларға жалтақтай қарай береді:

– Өзің бір тақылдаған пәле екенсің!

– Ата, мен пәле емес, баламын.

Бағанадан үндемей сөз сарынын байқап отырған Төле Тайкелтірдің мына сөзінен амалсыз тосылады.

40-САБАҚ

Өзгелік етіс
Побудительный залог

Өзгелік етіс іс-әрекеттің басқа біреу арқылы орындалғанын көрсетеді.
Өзгелік етіс (побудительный залог) показывает выполнение действия через кого-либо.

Өзгелік етіс етістік түбіріне *-ғыз/-гіз, -қыз/-кіз, -тыр/-тір, -дыр/-дір, -т* жұрнақтары жалғануы арқылы жасалады.

Өзгелік етіс (побудительный залог) образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов *-ғыз/-гіз, -қыз/-кіз, -тыр/-тір, -дыр/-дір, -т.*

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік	*-ғыз/-гіз* *-қыз/-кіз* *-дыр/-дір* *-тыр/-тір* *-т*

-қыз/-кіз/-ғыз/-гіз:	айт*қыз*, ал*ғыз*, жаз*ғыз т.б.*
-дыр/-дір/-тыр/-тір:	жаз*дыр*, сез*дір*, қақ*тыр*, қой*дыр т.б.*
-т:	сұр*ат*, сөйл*ет*, қуан*т*, жүгір*т т.б.*





– Былтырғы есепті әкеліңіз. – Принесите прошлогодний отчет.	– Былтырғы есепті хатшыға әкелдірдім. – Я просил секретаря принести прошлогодний отчет.

Өнер-білім бар жұрттар тастан сарай сал*ғыз*ды,
Айшылық алыс жерлерден, көзді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар ал*ғыз*ды.
(Ы.Алтынсарин)

Өзгелік етістің *-ғыз/-гіз* жұрнағы мен *-тыр/-тір* жұрнағы бірінің орнына бірі қолданыла алады.

Суффиксы побудительного залога *-ғыз/-гіз* и *-тыр/-тір* взаимозаменяемы.

Омар терезені Әсемге жу*ғыз*ды. Омар терезені Әсемге жу*дыр*ды.	Омар попросил Асем помыть окна.
Мен Өскеменнен балама бал ал*дыр*дым. Мен Өскеменнен балама бал ал*ғыз*дым.	Я попросил сына привезти мед из Усть-Каменогорска.

1. Өзгелік етіс қосымшаларын жалғаңыз.

Присоедините аффиксы өзгелік етіс (понудительного залога).

1. Алмас қарындасына алма (тер) *тергізді* .
2. Арай фирма туралы жарнама (жаса) ..... .
3. Хатшы құжаттарға қол (қой) ..... .
4. Директор қызметкерлерін (шықыр) ..... .

2. Берілген етістіктерді өзгелік етіске айналдырыңыз.

Преобразуйте глаголы в форму өзгелік етіс.

айт	*айтқыз*
тура	.....
жина	.....
арала	.....
бер	.....
әкел	.....
жаз	.....

41-САБАҚ

Ортақ етіс
Совместный залог

Ортақ етіс – қимыл, іс-әрекеттің бір емес бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіретін етістің түрі.

Ортақ етіс етістік түбіріне *-ыс/-іс, -с* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы: *әкеліс, апарыс, салыс, аударыс т.б.*

Ортақ етіс (совместный залог) – вид залога, который передает действие, совершаемое совместно двумя или более субъектами.

Совместный залог образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов *-ыс/-іс, -с.*

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ыс/-іс/-с*


*Қыздар ас пісір-**іс**-ті.*	*Девочки помогли приготовить кушать.*
*Балалар жер қаз-**ыс**-ты.*	*Дети тоже помогали копать землю.*
*Ұл балалар кітаптарды тасы-**с**-ты.*	*Мальчики помогли носить книги.*

Ескерту:* *-лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес жұрнағы арқылы жасалған етістіктер де ортақ етіс мағынасын білдіреді. Мысалы: ақыл+*дас*, араз+*дас*, қош+*тас*, тату+*лас*, тіл+*дес*, пікір+*лес*, сыр+*лас* т.б.

Примечание: *глаголы,* образованные с помощью суффиксов ***-лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес,*** выражают значение ортақ етіс (совместного залога).



Олар ақыл-*дас*-*ты*.
Они посоветовались.



Қызметкерлер жаңа жоба туралы сөй-*лес*-*ті*.
Сотрудники говорили о новом проекте.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы.

1. Ата-анаңмен сөйлестің бе?
Иә, ата-анаммен сөйлестім, ақылдастым .
2. Достарыңмен осы аптада кездестің бе?
..... .
3. Сендер хат жазысып тұрасыңдар ма?
..... .
4. Жаңа жоспарды талқылауға кірістіңіздер ме?
..... .
5. Шетелдік әріптестермен тәжірибе алмастыңдар ма?
..... .
6. Мұндай шешім қабылдарда халықпен санастыңыздар ма?
..... .
7. Балаңызды басқа мектепке ауыстыру туралы мұғаліммен ақылдастыңыз ба?
..... .

2. Етістіктерге ортақ етіс жұрнақтарын жалғап, бағандарға бөліп жазыңыз.
Присоедините к глаголом суффиксы ортақ етіс (совместного залога) и впишите их в соответствующие столбцы.

айт, сөйле, жаз, жу, жина, тазала, әкел, сүрт, пісір, таны, ізде, көтер, бөл, есепте, апар

-ыс	- іс	-с
.....	.....	.....
.....	.....	.....
.....	.....	.....
.....	.....	.....
.....	.....	.....

42-САБАҚ

Ырықсыз етіс
Страдательный залог

Ырықсыз етіс – қимыл-әрекеттің өздігінен орындалғандығын білдіретін етістің түрі. Мұнда қимыл иесі (субъекті) амал-әрекетке қатыспайды, қимыл өзінен-өзі жасалғандай болып көрінеді.

Ырықсыз етіс (страдательный залог) – это тип глагола, обозначающий самопроизвольное выполнение действия. Здесь субъект действия не имеет отношение к действию, действие как будто производится само по себе.

Ырықсыз етіс әрекетті кімнің істегенін емес, әрекеттің нәтижесін көрсетеді.

Страдательный залог не указывает на исполнителя действия, а указывает на его результат.



Суретші сурет салды. → Сурет салынды.
Художник написал картину. → Картина написана.



Аружан терезені жуды. → Терезе жуылды.
Аружан вымыла окно. → Окно вымыто.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ыл/-іл/-л*







өлең айт*ыл*ды	өтініш жаз*ыл*ды	кітап оқы*л*ды

Етістік түбірінде *л* дыбысы болған жағдайда ырықсыз етістің *-ыл/-іл* жұрнағы *-ын/-ін* түрінде жалғанады.

Мысалы: бейне*л*е – бейнеле*н*ді, зерде*л*е – зерделе*н*ді, баға*л*а – бағала*н*ды.

Если в корне глагола присутствует звук *л*, то суффикс ырықсыз етіс (страдательного залога) -ыл/-іл присоединяется в форме -ын/-ін.

Например: бейнеле – бейнеленді (изобрази – изображено), зерделе – зерделенді (осмысли – осмыслено), бағала – бағаланды (цени – оценено).

1. *-ыл/-іл, -ын/-ін, -н* қосымшаларын жалғаңыз.

Присоедините аффиксы *-ыл/-іл, -ын/-ін, -н.*

1. Алматы көшелері (тазала) *тазаланды* .
2. Университетте жаңа үйірме (аш) ..... .
3. Тиісті шаралар тез (қолдан) ..... .
4. Жазда жеңіл көйлектер көп мөлшерде (сат) ..... .

2. *-ын/-ін/-н* жұрнақтарын жалғаңыз.

Присоедините суффиксы *-ын, -ін, -н.*

1. Ол жұмысынан сұра*н*ды.
2. Бала көрпеге ора...ып отыр.
3. Алыстан Көкшетау қаласы көр.....ді.
4. Бұл жоба бойынша олар көп ізде...ді.
5. Дала салқын болғандықтан, жылы ки.....ді.
6. Ол бүгін ерте тұрып жу...ып, тара...ып, сыртқа шықты.

3. Мағынасы бойынша қажетті сөзді қойыңыз.

Вставьте подходящее по смыслу слово.

1. Әйгерім *боянды* ..... (боялды/~~боянды~~).
2. Балалар ..... (жуынды/жуысты).
3. Ол сабағынан ..... (сұранды/өтінді).
4. Алыстан тау ..... (көрінді/қаралды).
5. Ғалым еңбегі туралы ұзақ ..... (ізденді/ізделді).
6. Асқар түні бойы ..... (ойлады/ойланды).
7. Бала-шағамыздың бәрі ..... (киілді/аяқтанды).
8. Әжем балаларымен, немерелерімен ..... (мақтанды/мақтады).

43-САБАҚ

Шақ категориясы. Осы шақ. Нақ осы шақтың жай түрі

Категория времени. Настоящее время.
Простая форма собственно-настоящего времени

Шақ категориясы – қимыл, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтке қатысты болып өткендігін, болып жатқандығын не алда болатындығын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы.

Шақ категориясы (категория времени) – грамматическая категория глагола, которая обозначает действие, выполненное до момента речи, в момент речи либо действие, которое будет выполнено в будущем.

Шақтың үш түрі бар: өткен шақ, осы шақ, келер шақ.

Существует три времени глагола: өткен шақ (прошедшее время), осы шақ (настоящее время), келер шақ (будущее время).

Осы шақ сөйлеп тұрған сәттегі болып жатқан не үнемі болып тұратын қимылды білдіреді. Мысалы: Мен тыңдап отырмын. Құс ұшады.

Настоящее время обозначает действие в момент речи либо действие, выполняемое постоянно. Например: Мен тыңдап отырмын. (Я слушаю) Құс ұшады. (Птицы летают)

Осы шақтың түрлері:

1) нақ осы шақ;
2) ауыспалы осы шақ.

Виды настоящего времени:

1) нақ осы шақ (собственно-настоящее время);
2) ауыспалы осы шақ (переходное настоящее время).

Нақ осы шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте орындалып жатқанын білдіреді.

Собственно-настоящее время обозначает действие, которое происходит в момент речи.

Нақ осы шақтың жай түрі ***тұр, жүр, отыр, жатыр*** қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады.

Простая форма собственно-настоящего времени образуется при помощи спряжения глаголов *тұр, отыр, жүр, жатыр.*

Жасалу жолы:
Способ образования: Етістік (тұр, отыр, жүр, жатыр) + жіктік жалғау

Нақ осы шақтың жай түрінде 4 етістік қолданылады:

В простой форме собственно-настоящего времени используется 4 глагола:







тұр стоит	жүр идет	отыр сидит	жатыр лежит
Мен тұр*мын*. Сен тұр*сың*. Сіз тұр*сыз*. Ол тұр. Ø	Мен жүр*мін*. Сен жүр*сің*. Сіз жүр*сіз*. Ол жүр. Ø	Мен отыр*мын*. Сен отыр*сың*. Сіз отыр*сыз*. Ол отыр.	Мен жатыр*мын*. Сен жатыр*сың*. Сіз жатыр*сыз*. Ол жатыр.



Ол дүкенде тұр.
Мағынасы: Ол **қазір** дүкенде тұр.
Значение: Она сейчас (в данный момент) находится в магазине.



Асқар көшеде жүр.
Мағынасы: Асқар **қазір** көшеде жүр.
Значение: Аскар сейчас (в данный момент) ходит на улице.



Нұрбол креслода отыр.
Мағынасы: Нұрбол **қазір** креслода отыр.
Значение: Нурбол сейчас (в данный момент) сидит в кресле.



Сәби бесікте жатыр.
Мағынасы: Сәби **қазір** бесікте жатыр.
Значение: Малыш сейчас (в данный момент) лежит в колыбели.

Қазір, тап қазір, дәл қазір, осы сәтте, тап осы сәтте, дәл осы сәтте сөздерін қолданғанда, нақ осы шақтың мәні нақтылана, айқындала түседі.

При использовании в предложениях слов *қазір (сейчас), тап қазір (прямо сейчас), дәл қазір (именно сейчас), осы сәтте (в данный момент), тап осы сәтте (прямо в данный момент)* значение собственно-настоящего времени усиливается.



Мен қазір диванда отырмын.
Я сейчас сижу на диване.



Ол дәл қазір дүкенде жүр.
Она именно сейчас ходит по магазину.

Нақ осы шақтың жіктелуі:
Спряжение собственно-настоящего времени:

Жақ	Жекеше түрі		Көпше түрі
I	Мен жүр*мін*	Мен жүрген жоқ*пын*	Біз жүр*міз*
II	Сен жүр*сің* Сіз жүр*сіз*	Сен жүрген жоқ*сың* Сіз жүрген жоқ*сыз*	Сендер жүр*сіңдер* Сіздер жүр*сіздер*
III	Ол жүр	Ол жүрген жоқ	Олар жүр

1. Нақ осы шақтағы сөздерді табыңыз.
Найдите слова в собственно-настоящем времени.

1. Мен үйде отырмын.
2. ~~Сен қайда жүрсің?~~
3. Сен не жейсің?
4. Әсел сабақта отыр.
5. Інім үй жұмысын жазды.
6. Мен көшеде жүрмін.
7. Сіз қайда барасыз?
8. Ол диванда жатыр.
9. Руслан университетке кетті.
10. Менің атам газет оқиды.
11. Ол банкіде тұр.
12. Сіз жұмыста отырсыз.

2. Нақ осы шақты жіктеңіз.
Проспрягайте собственно-настоящее время.

1. Мен қазір кеңседе тұр*мын* .
2. Сіз дүкенде тұр..... .
3. Сен базарда жүр..... .
4. Сен креслода отыр..... .
5. Сен қазір қайда жүр..... ?
6. Ол дәл қазір саябақта жүр..... .
7. Сіз қазір шаштаразда отыр..... .
8. Сіз осы сәтте төсекте отыр..... .
9. Менің досым қазір үйде жүр..... .
10. Мен дәл қазір кереуетте жатыр..... .

3. Суреттердің орнына етістіктерді жазыңыз.
Вместо рисунков впишите глаголы.

1. Мен қазір орындықта *отырмын* . ()
2. Мен қазір бөлмеде ..... . ()
3. Ол осы сәтте асханада ..... . ()
4. Сен кинотеатрда ..... . ()

5. Сіз стадионда ..... . ()

6. Мен тауда ..... . ()

7. Ол қазір сабақта ..... . ()

8. Сен ауруханада ..... . ()

4. Тиісті жалғауларды қосып, сөйлемдерді реттеп жазыңыз.
Напишите упорядоченные предложения, присоединив нужные окончания.

1. отыр/Санжар/әткеншек/
Санжар әткеншекте отыр .

2. дәріхана/мен/тұр
..... .

3. жүр/мектеп/қызым/қазір
..... .

4. қай/отыр/мұғалімің/сынып
..... .

5. мен/отырмын/қазір/театр
..... .

6. сіз/жүр/қай банк
..... .

7. диван/отыр/сен
..... .

8. кереует/жатыр/сіз
..... .

44-САБАҚ

Өткен шақ. Жедел өткен шақ
Прошедшее время. Очевидно-прошедшее время

Өткен шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын болғанын білдіреді.
Өткен шақ (прошедшее время) обозначает действие, совершенное до момента речи.

Өткен шақтың 2 түрі бар: **жедел өткен шақ** және **бұрынғы өткен шақ.**
Өткен шақ бывает двух видов: жедел өткен шақ (очевидно-прошедшее время) и бұрынғы өткен шақ (давно прошедшее время).

Жедел өткен шақ сөйлеп тұрған сәттің алдында ғана орындалып, болып өткен іс-әрекетті білдіреді.
Жедел өткен шақ (очевидно-прошедшее время) обозначает действие, выполненное непосредственно перед моментом речи.

Жедел өткен шақ етістік түбіріне *-ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағының жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Ауылдан кеше келіпті. Кітапханада кешке дейін отырды. Досыма телефон соққан едім.*
Жедел өткен шақ образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов *-ды/-ді, -ты/-ті*. Например: *Ауылдан кеше келіпті. (Он вчера приехал из аула) Кітапханада кешке дейін отырды. (Он просидел в библиотеке до вечера) Досыма телефон соққан едім. (Я позвонил другу)*

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім (Абай).

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман (Абай).

Жедел өткен шақтың жіктелуі:
Спряжение очевидно-прошедшего времени:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен тыңдадым	Біз тыңдадық
II	Сен тыңдадың Сіз тыңдадыңыз	Сендер тыңдадыңдар Сіздер тыңдадыңыздар
III	Ол тыңдады	Олар тыңдады

Жасалу жолы:
Способ образования: Етістік + *-ды/-ді, -ты/-ті* + жіктік жалғау

Мен кеше жаңалық тыңдадым. | *Я вчера вечером послушал новости.*

1. Етістіктерді кестеге орналастырыңыз, жақ түріне қарай түрлендіріңіз.

Разместите глаголы в таблицу, проспрягав их по лицам.

	Мен	*Сен*	*Сіз*	*Ол*
тазала	*тазаладым*	*тазаладың*	*тазаладыңыз*	*тазалады*
суретке түсір				
шаттан				
үйлен				
тұрмысқа шық				
орналас				
ойлан				
әңгімелес				
жоғарыға көтеріл				
өлше				
кет				
құр				
жаса				

2. Берілген етістіктерді жедел өткен шақ формасында пайдалана отырып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Закончите предложения, употребив данные глаголы в очевидно-прошедшем времени.

Көр, аш, айт, талқыла, жауап бер, арманда, тағайында, өткіз, ~~бол~~, қатыс.

1. Сәрсенбі күні таңертең бір оқиға *болды* .
2. Мен балалық шағымда дәрігер болуды ..... .
3. Менің әріптесім сұрақтарға жылдам ..... .
4. Өткен аптада Департамент директорын ..... .
5. Жас қызметкер өз ойын ..... .
6. Бөлме іші салқын, өйткені мен терезені ..... .
7. Екі күн бұрын бөлім бастығы жаңа жоспарды ..... .
8. Өткен жексенбіде менің балам теннис бойынша республикалық жарысқа ..... .
9. Бөлім бастығы кеше жиналыс ..... .
10. Мен кеше кешке теледидар ..... .

3. Жедел өткен шақтағы етістікті қолдана отырып, сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложения, используя глаголы в очевидно-прошедшем времени.

Үлгі: Салтанат хабарласқан кезде, біз түскі тамақты ішіп отырдық.
1. Жаңбыр жауған кезде, ...
2. Ол келген кезде, мен үйде ..... .
3. Біз шай ішіп отырғанда, біреу ..... .
4. Мен бақылау жұмысын аяқтаған кезде, ...
5. Біз кешкі асты дайындап жатқанда, ол ..... .
6. Рахман ұйықтап жатқан кезде, мен жұмысқа ..... .

4. Әрбір жағдаятқа сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к каждой ситуации.

1. Ол компьютер сатумен айналысты.
(Сіз/компьютер/сат?) .....?
2. Досыңызды қарсы алу үшін қазір ғана келдіңіз.
(Мені/көп күт?) .....?
3. Сіз Дастанды бассейннен шыққанда кездестірдіңіз.
(Дастан/жүзу?) .....?

5. Мына сөздерді пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложения, используя данные слова.

бір сағат бұрын, ~~былтыр~~, бұрыннан бері, бір жыл ішінде

1. Мұрат *былтыр* құрлық әскерлерінің әскери институтына түсті.
2. Сыныптың қыздары ..... бой жетті.
3. Азамат ..... халықаралық жарысқа қатысып жүр.
4. Мәди сабақтан ..... шықты.

Жедел өткен шақтың қолданылуы
Употребление очевидно-прошедшего времени

45-САБАҚ

Қазақ тілінде жедел өткен шақтың қолданылу аясы кең:
Жедел өткен шақ (очевидно-прошедшее время) широко употребляется в казахском языке:

1. Іс-әрекеттің өткен шақта болып өткендігін білдіруде:
При обозначении действия, совершенного в прошлом:
Слово *кеше* обозначает действие, совершившееся в прошлом:

Кеше футбол ойнадық.	*Мы вчера играли в футбол.*

2. Нақты уақыт пен апта күндерін білдіруде:
При обозначении точного времени и дня недели:

Біз дүйсенбі күні ойнадық.	*Мы играли в понедельник.*
Футболистер Астанаға таңғы сағат 9-да келді.	*Футболисты прибыли в Астану в девять утра.*

3. Тәулік кезеңдерін білдіруде:
Обозначение времени суток:

Ол таңертең хабарласты.	*Она позвонила утром.*
Кешке қарай үйіне келді.	*Она пришла домой ближе к вечеру.*

4. Ай, жыл, жыл мезгілдерін білдіруде:
Обозначение месяца, года, времени года:

Жазда мен жұмыс істедім.	*Летом я работала.*
Біз тамыздың соңында оралдық.	*Мы вернулись в конце августа.*
Олар 1977 жылы сәуірде үйленді.	*Они поженились в апреле 1977года.*
Абай он тоғызыншы ғасырда өмір сүрді.	*Абай жил в девятнадцатом веке.*

5. Жас мөлшерін білдіруде:
Обозначение возраста:

Ол мектепке 7 жасында барды.	*Он пошел в школу в семь лет.*

6. Мезгілдің мөлшерін, ұзақтығын, мерзімін білдіруде:
Обозначение длительности, периода времени:

Ол музыканы бала кезінен жақсы көрді.	*Она любит музыку с детства.*

Мен онда шілденің басынан тамыздың соңына дейін тұрдым.

Я проживал там с начала июля до конца августа.

1. «*Осы кезде сіз не істедіңіз?*» деген сұраққа жауап жазыңыз.

Напишите ответы на вопрос «Что вы делали в этот период времени?»

Үлгі: Кеше кешкі сағат 8-де не істедіңіз? Кешкі тамағымды ішім.

1. Жарты сағат бұрын не істедіңіз?
.....
2. Дүйсенбіде сағат 5-те не істедіңіз?
.....
3. Кеше күні бойы не істедіңіз?
.....
4. Кеше сағат 2-ден 3-ке дейін не істедіңіз?
.....
5. Кеше сағат 10-нан 3-ке дейін сабақ болды ма?
.....
6. Кеше сағат үштен сегізге дейін интернетте отырдыңыз ба?
.....
7. Кеше туған күн кешкі сағат 9-дан түнгі 1-ге дейін созылды ма?
.....

2. *Жаңа ғана, әлі* сөздері мен жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Закончите предложения, используя слова *жаңа ғана (только что), әлі (пока)* и слова в скобках.

Үлгі: – Бірдеңе жегің келе ме?
– Жоқ, Рақмет. Жаңа ғана тамақ ішім.

1. – Лаураны көрдің бе? (Мен/оны/көр)
– Иә,..... .
2. – Жаңбыр басылды ма? (жаңбыр/басыл)
– Жоқ,..... .
3. – Дастан демалыста ма? (Ол/Италияға/кет/қал)
– Иә, ...
4. – Сенің достарың келіп қойды ма? (олар/кел/қой)
– Иә, ...
5. – Ол бізбен киноға бара ма? (ол/бұл/фильмді/көр/қой)
– Жоқ, ...

6. – Мақаланы сіз аударып қойдыңыз ба? (Айшат/аудар/қой)

– Жоқ, ...

7. – Біздің жоспарымыз туралы ойландыңыз ба? (Мен/жоспар туралы/ойла)

– Иә, ...

3. *Кеше, өткен аптада, өткен айда, былтыр, жаңа ғана, бүгін* сөздерін пайдаланып, сөйлемдерді жедел өткен шаққа өзгертіңіз.

Перефразируйте предложения в очевидно-прошедшее время, используя слова *кеше, өткен аптада, өткен айда, былтыр, жаңа ғана, бүгін.*

1. Ол жұмысқа үнемі автобуспен барады.

Ол кеше жұмысқа автобуспен барды .

2. Мен күнде таңертең ерте тұрамын.

.....

3. Мен әр жексенбіде табиғатқа шығамын.

.....

4. Ол досымен апта сайын кездеседі.

.....

5. Менің әкем, әдетте, күніне екі газет сатып алады.

.....

46-САБАҚ

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі
Отрицательная форма очевидно-прошедшего времени

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі етістіктің *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* жұнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Отрицательная форма жедел өткен шақ (очевидно-прошедшего времени) образуется путем присоединения суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе.*

Мысалы: Конференцияның пленарлық мәжілісіне кел**ме**ді.
Жасымда ғылым бар деп ескер**ме**дім,
Пайдасын көре тұра тексер**ме**дім (Абай).

Жедел өткен шақтың болымсыз түрінің жіктелуі:
Спряжение отрицательной формы очевидно-прошедшего времени:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен келмедім	Біз келмедік
II	Сен келмедің Сіз келмедіңіз	Сендер келмедіңіздер Сіздер келмедіңіздер
III	Ол келмеді	Олар келмеді

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* + *-ды/-ді* + жіктік жалғау

1. Сөйлемді аяқтаңыз. Етістіктерді болымды, болымсыз түрде жазыңыз.

Закончите предложения. Напишите глаголы в утвердительной и отрицательной формах.

1. Фильм онша жақсы болмады. Маған ..*ұнамады*.. (ұна).
2. Сәния бос емес, сондықтан мен оған ..... (бар).
3. Күн жылы болды, сондықтан пальтомды ..... (шеш).
4. Жаңбыр жаумайтын сияқты, қолшатырымды ..... (ал).
5. Мына төсек ыңғайсыз болды, сондықтан жақсы ..... (ұйықта).

2. Сөйлемдерді болымсыз етістіктермен аяқтаңыз.

Завершите предложения отрицательной формой глагола.

1. Мен келушілермен сөйлестім, бірақ бөлім бастығымен сөйлесе ..*алмадым*.. .
2. Олар сенбі күні жұмыс істеді, бірақ жексенбі күні ..... .
3. Біз дүкенге бардық, бірақ банкке ..... .
4. Мен концертке бардым, бірақ кездесуге ..... .

3. Сөйлемдерді болымсыз түрде жазыңыз.
Напишите предложения в отрицательной форме.

1. Әнші французша ән айтты.
Әнші французша ән айтпады .
2. Қазақстанда «Тойота» автокөлігі шығарылды.
..... .
3. Ол ағасына сыйлық сатып алды.
..... .

4. Сөйлемдерден жедел өткен шақтың болымсыз түрін табыңыз.
Найдите в предложениях отрицательную форму жедел өткен шақ.

1. Ол ешуақытта қарсы шықпайды.
2. Мен жұмысқа ешқашан кешікпеймін.
3. Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.
4. Сөйлеуге сөз таптым да, тыңдауға құлақ таппадым.
5. Мерекеге байланысты Алматыға билет табылмады.

47-САБАҚ

Бұрынғы өткен шақ
Давно-прошедшее время

Бұрынғы өткен шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен әлдеқашан бұрын болғанын білдіреді.

Бұрынғы өткен шақ (давно-прошедшее время) обозначает действие, выполненное задолго до момента речи.

Етістіктің бұрынғы өткен шағы негізгі етістікке есімшенің *-ған/-ген, қан/-кен* және көсемшенің *-ып/-іп/-п* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Давно-прошедшее время образуется путем присоединения к основным глаголам суффиксов причастий *-ған/-ген, -қан/-кен* и суффиксов деепричастий *-ып/-іп/-п.*

Мысалы:
Сабақтан шығып, кітапханаға барған.
Ол көп әңгіме айтыпты.

Жасалу жолдары:
Способы образования:

Етістік + *-ған/-ген, -қан/-кен* + жіктік жалғау

Етістік + *-ып/-іп,/-п* + жіктік жалғау



– Бұл үйді сенің әкең салған ба?

– Жоқ, бұл үйді бұрын атам салған.

Бұрынғы өткен шақтың *-ған/-ген* жұрнағы амал-әрекеттің нақты болғандығын және сөйлеушінің сол амал-әрекеттің болғандығына сенімділігін білдіреді.

Суффикс давно-прошедшего времени *-ған/-ген* обозначает фактическое выполнение действия и уверенность говорящего в его выполнении.

Мысалы: Жортар осы ортаның қолбасшы батыры болған (М. Әуезов).
Қасымхан тұсында Сарайшық қаласы Қазақ хандығының астанасы болған.

Бұрынғы өткен шақтың *-ып/-іп/-п* жұрнағы сөйлеушінің өзі анық білмейтін, басқа біреу арқылы алынған ақпаратты көрсетеді.

Суффикс давно-прошедшего времени *-ып/-іп/-п* показывает информацию, которую говорящий не знает наверняка и получил через кого-либо.

Мысалы: Баяғыда Мысыр елінің әрі ақылды, әрі әділ, кедей-кепшікке қамқоршы бір сұлтаны дәурен кешіпті («Мың бір түн»).

Жіктелуі: Спряжение:		
Жақ	**Жекеше түрі**	**Көпше түрі**
I	Мен кел*генмін*	Біз кел*генбіз*
II	Сен кел*генсің* Сіз кел*генсіз*	Сендер кел*генсіңдер* Сіздер кел*генсіздер*
III	Ол кел*ген*	Олар кел*ген*

Жіктелуі: Спряжение:		
Жақ	**Жекеше түрі**	**Көпше түрі**
I	Мен айт*ыпын*	Біз айт*ыпыз*
II	Сен айт*ыпсың* Сіз айт*ыпсыз*	Сендер айт*ыпсыңдар* Сіздер айт*ыпсыздар*
III	Ол айт*ыпты*	Олар айт*ыпты*

1. Берілген сөздермен сөйлем құрыңыз.
Составьте предложения с данными словами.

1. Мен/жазда/Париж/бар – *Мен жазда Парижге барғанмын* .
2 Сен/былтыр/тауға/шық –..... .
3 Сіз/базардан/алма/сатып ал –..... .
4. Жомарт/күзде/Астанаға/кел –..... .
5. Мен/кеше/тамаша фильм/көр – ..... .

2. *-ған/-ген,-қан/-кен* + жіктік жалғау құрылымымен сөйлемдерді аяқтаңыз.
Закончите предложения конструкцией *-ған/-ген,-қан/-кен + жіктік жалғау.*

Сара кеше Тараздан кел*ген* . Сіз кеше қонаққа бар..... . Сен Арайды сұлулық салонынан көр..... . Ол МузАртпен суретке түс..... . Түстен кейін Омар атай серуендеуге шық..... . Мен кеше әдемі көйлек сатып ал..... . Мен Парижде Эйфель мұнарасын көр..... . Сен Әсетті қонаққа шақыр..... . Теодор Драйзердің «Керри әпке» повесін былтыр оқы..... .

3. Суреттерге қарап, сөйлемдерді аяқтаңыз.
Дополните предложения по картинкам.







Бұл көйлекті кеше сатып	Оны кеше кинотеатрдан көр..... .	Біз былтыр ұжыммен суретке түс..... .

4. Көп нүктенің орнына *-ып/-ін/-п* жұрнақтарын қойыңыз.
Вместо многоточий вставьте суффиксы *-ып/-ін/-п*.

Әсет Сараға бар*ыпты* . Сіз кешке қонаққа бар..... . Ол мені киноға шақыр..... . Сен Айдананы ұмыт..... . Мен бүгін көп жұмыс жаса..... . Сіз Кәмшатпен сөйлес ..... . Арай, сен тым көп кәмпит же..... .

5. Сөйлемдерді үлгідегідей өзгертіңіз.
Измените предложения по образцу.

Үлгі: Мен Түркістанға былтыр барғанмын. – Мен Түркістанға былтыр барыппын.

1. Диас Астанада жақында бол..... – ..... .
2. Сұлтан кеше жұмысқа орналас..... – ..... .
3. Сара бүгін ерте кел..... – ..... .
4. Майра маған кітап сыйла..... – ..... .
5. Сен сабаққа бар..... – ..... .
6. Сіз Әсетке хат жаз..... – ..... .

Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі
Отрицательная форма давно-прошедшего времени

48-САБАҚ

Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі етістік түбіріне:
– *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* болымсыз етістік жұрнақтары;
– есімшенің *-ған/-ген, -қан/-кен*;
– көсемшенің *-ып/-іп/-п* жұрнақтарының жалғануы арқылы;
– *-ған/-ген, -қан/-кен* есімше формадағы етістікке *жоқ/емес* сөздерінің тіркесуі,
– *-ып/-іп/-п* көсемше формадағы болымсыз етістікке *еді* сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.

Отрицательная форма бұрынғы өткен шақ (давно-прошедшего времени) образуется:
– путем присоединения к корню глагола суффиксов отрицательной формы глагола -ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе;
– суффиксов причастий *-ған/-ген, -қан/-кен*;
– суффиксов деепричастий *-ып/-іп/-п*;
– путем сочетания глаголов с суффиксами причастий *-ған/-ген, -қан/-кен* со словом *жоқ/емес*;
– путем сочетания отрицательной формы глагола с суффиксами деепричастий *-ып/-іп/-п* со словом *еді*.

Жасалу жолдары:
Способы образования:

Етістік + *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* +*-ған/-ген*+ жіктік жалғау
Етістік + *-ған/-ген, -қан/-кен жоқ/емес* + жіктік жалғау

Етістік + *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* + *-п* + жіктік жалғау
Етістік + *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* + *-п* + *еді* + жіктік жалғау

Ескерту: *жоқ, емес* сөздері *-ып/-іп/-п* формадағы бұрынғы өткен шақ етістігімен тіркеспейді.
Примечание: слова *жоқ, емес* не сочетаются с глаголами в форме давно-прошедшего времени, имеющими суффиксы *-ып/-іп/-п*.

оқыпты – оқымапты
оқыған – оқымаған, оқыған емес, оқыған жоқ
көрген – көрмеген, көрген емес, көрген жоқ
естіпті – естімепті, көріпті – көрмепті

Барған – бармаған – барған жоқ, естіген – естімеген – естіген жоқ, болған – болмаған – болған жоқ

*Досының кетіп қалғанын **байқаған жоқ.***	*Он не заметил как ушел его друг.*
*Бұрын-соңды мұндай сұлуды **көрген емес.***	*Я до этого момента не встречал такой красавицы.*
*Жұмбақтың шешуін көпке дейін **таба алмапты.***	*Долго они не могли найти отгадку.*

1. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы по образцу.

1. Сен Ресейде туғансың ба?
– Жоқ, мен Ресейде туған жоқпын, Қазақстанда тудым .
2. Сіз бүгін маған қоңырау шалғансыз ба?
.....
3. Менің досымды бұрын көргенсіз бе?
.....

2. Сәйкесін таңдаңыз.
Найдите соответствие.

1 - В	2 -	3 -	4 -

1	Сен кеше киноға барғансың ба?	А	Жоқ, мен оны көрген емеспін.
2	Самал жұмысқа кешіккен бе?	Ә	Жоқ, ол Мәскеуден келген.
3	Диас Астанадан келген бе?	Б	Жоқ, ол жұмысқа кешіккен емес.
4	Сіз Эйфель мұнарасын көргенсіз бе?	В	Жоқ, кеше мен киноға барған жоқпын, театрға бардым.

3. Етістіктерге *-ған/-ген/-қан/-кен* есімше жұрнағын **жалғап, болымды, болымсыз мәнді сөйлем құраңыз.**
Составьте предложения в утвердительной и отрицательной формах, присоединив к данным глаголам суффиксы причастий *-ған/-ген/-қан/-кен.*

Жанар/базар/2кг апельсин/ал

Болымды: Жанар базардан 2 кг апельсин алған .
Болымсыз: Жанар базардан 2 кг апельсин алған жоқ .

Сен/былтыр/Париж/бар

Болымды: .....
Болымсыз: .....

Жәнібек/«Көшпенділер» фильмін/көр

Болымды: .....
Болымсыз: .....

Сіз/қыста/көлік/жүргіз

Болымды: .....
Болымсыз: .....

Нақ осы шақтың күрделі түрі
Сложная форма собственно-настоящего времени

49-САБАҚ

Нақ осы шақтың күрделі түрі қимыл-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте нақты орындалып жатқанын білдіреді. Етістіктің бұл формасы негізгі етістікке көсемшенің *-ып/-іп,-п, -а/-е,-й* жұрнақтары жалғанып, одан кейін *тұр, жүр, отыр, жатыр* етістіктеріне жіктік жалғаулардың тіркесуі арқылы жасалады.

Нақ осы шақтың күрделі түрі (сложная форма собственно-настоящего времени) обозначает действие, выполняемое непосредственно в момент речи. Она образуется путем присоединения к основному глаголу суффиксов деепричастий *-ып/-іп,-п, -а/-е,-й*, после которых следуют глаголы состояния *тұр, жүр, отыр, жатыр*, к которым присоединяются личные окончания.

Нақ осы шақтың күрделі түрінде *тұр, жүр, отыр, жатыр* қалып етістіктері көмекші етістік қызметінде тұрады.

Глаголы состояния *тұр, жүр, отыр, жатыр* в сложной форме собственно-настоящего времени выполняют функцию вспомогательных глаголов.

Мысалы: жазып отыр, оқып отыр, қарап отыр.
(негізгі) (көмекші) (негізгі) (көмекші) (негізгі) (көмекші).

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік +	***-ып/-іп*** ***-а/-е/-й*** *тұр, жүр, отыр, жатыр*	**+ жіктік жалғау**



Мен конференцияда сөйлеп тұрмын.
Мағынасы: Мен қазір конференцияда сөйлеп тұрмын.
Значение: Я сейчас (в данный момент) выступаю на конференции.



Сіз университетте оқып жүрсіз.
Мағынасы: Сіз университетте қазір (осы жылдары) оқып жүрсіз.
Значение: Вы сейчас (в эти годы) учитесь в университете.



Мен теледидар қарап отырмын.
Мағынасы: Мен қазір теледидар қарап отырмын.
Значение: Я сейчас (в данный момент) смотрю телевизор.



Сен ұйықтап жатырсың.
Мағынасы: Сен қазір ұйықтап жатырсың.
Значение: Ты сейчас (в данный момент) спишь.

1. Нақ осы шақтағы сөздерді табыңыз.
Найдите слова в нақ осы шақ (собственно-настоящем времени).

1. Мен қазір үй тапсырмасын жазып отырмын.

~~2. Сен жексенбіде үй тапсырмасын жазасың ба?~~

3. Олар бүгін не істейді?

4. Сендер қайда барасыңдар?

5. Біз тап қазір газет оқып отырмыз.

6. Мен теледидар қарап жатырмын.

7. Сіздер *дәл* қазір не істеп жатырсыздар?

2. Жақша ішіндегі сөздерді нақ осы шақта жазыңыз.
Напишите слова в скобках в форме нақ осы шақ.

1. Сен қазір не ..*істеп отырсың*..? (істе, отыр)
2. Мен бұл суретте компьютер ..... (ойна, отыр)
3. Бізде жаңбыр ..... (жау, тұр)
4. Біз қазір азық-түлік дүкенінен нан .....
..... (сатып ал, жатыр)
5. Менің қызым ауылда жұмыс ..... (істе, жүр)
6. Сендер асханада ..... ма? (тамақтан, отыр)
7. Әйгерім, сен кіммен .....? (сөйлес, тұр)

3. Сөйлемдерді сәйкестендіріңіз.
Сопоставьте предложения.

1 - Ғ	2 -	3 -	4 -	5 -

1	Сіздің ұлыңыз не істеп жатыр?	А	Жоқ, жазбаймын.
2	Ал қызыңыз не істеп жатыр?	Ә	Мен үйде болдым.
3	Сіз қазір мақала жазып отырсыз ба?	Б	Ол компьютерде ойын ойнап отыр.
4	Сіз ертең де мақала жазасыз ба?	В	Иә, жазып отырмын.
5	Кеше не істедіңіз?	Ғ	Ұлым теледидар қарап отыр.

4. Етістіктерді нақ осы шақта жазыңыз.
Напишите глаголы в нақ осы шақ.

~~тамақ же~~	хат жаз	телефонмен сөйлес	ән айт	шай іш
1	2	3	4	5







1. Мен *тамақ жеп отырмын* .....
2. Раушан ..... .
3. Сен қазір ..... .
4. Сіз дәл қазір ..... .
5. Менің әпкем ..... .

5. Үлгі бойынша сұхбат құрыңыз.

Составьте диалоги по образцу.

Диана  *жұмыста отыр. Қызы Сәуле*  *мен ұлы Қайрат*  *үйде отыр.* Анасы үйге телефон шалды.

I. Сағат 8  болды. Диана үйге бірінші рет телефон шалды. Сәуле жауап берді.

~~істе~~ істе / тамақ пісір / теледидар көр



– Сәуле, сен не *істеп отырсың*?

Қайрат не .....?



– Мен..... .



– Қайрат ..... .

II. Сағат 9  болды. Диана үйге екінші рет телефон шалды. Сәуле жауап берді.



– Сәуле, сен не істеп жатырсың? Қайрат не .....?



– Мен..... .



– Қайрат ..... .

Нақ осы шақтың болымсыз түрі
Отрицательная форма собственно-настоящего времени

50-САБАҚ

Нақ осы шақтың болымсыз түрі етістік түбіріне *-ған/-ген* есімше жұрнағының жалғануы және *жоқ* сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.

Нақ осы шақтың болымсыз түрі (отрицательная форма собственно-настоящего времени) образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов причастий -ған/-ген и сочетания со словом жоқ.

Мысалы: тұр + *ған* жоқ, отыр + *ған* жоқ

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік (тұр, жүр, отыр, жатыр) + *-ған/-ген, -қан/-кен* + жоқ + жіктік жалғау

Нақ осы шақтың болымсыз түрінің жіктелуі:
Спряжение отрицательной формы собственно-настоящего времени:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен жүрген жоқпын	Біз жүрген жоқпыз
II	Сен жүрген жоқсың Сіз жүрген жоқсыз	Сендер жүрген жоқсыңдар Сіздер жүрген жоқсыздар
III	Ол жүрген жоқ	Олар жүрген жоқ



Ол үйде отырған жоқ.
Мағынасы: Ол **қазір** үйде отырған жоқ.
Ол қазір басқа жақта.
Значение: Он сейчас (в данный момент) не дома.
Он сейчас находится в другом месте.



Айдын көшеде жүрген жоқ.
Мағынасы: Айдын **қазір** көшеде жүрген жоқ.
Ол қазір басқа жақта.
Значение: Айдын сейчас (в данный момент) не на улице.
Он сейчас в другом месте.



Мұғалім креслода отырған жоқ.
Мағынасы: Мұғалім **қазір** креслода отырған жоқ.
Ол қазір басқа жақта.
Значение: Учитель сейчас (в данный момент) не сидит в кресле.



Сәби бесікте жатқан жоқ.
Мағынасы: Сәби **қазір** бесікте жатқан жоқ.
Ол қазір басқа жақта жатыр.
Значение: Малыш сейчас (в данный момент) не лежит в колыбели. Он лежит в другом месте.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік (тұр, жүр, отыр, жатыр) + *-ған/-ген, -қан/-кен* + емес + жіктік жалғау

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен жүрген емеспін	Біз жүрген емеспіз
II	Сен жүрген емессің Сіз жүрген емессіз	Сендер жүрген емессіңдер Сіздер жүрген емессіздер
III	Ол жүрген емес	Олар жүрген емес

1. Нақ осы шақтың болымсыз түріндегі сөздері бар сөйлемдерді табыңыз.
Найдите предложения со словами в отрицательной форме собственно-настоящего времени.

1. Мен қазір сабақта отырған жоқпын.
2. ~~Мен тауға шығамын.~~
3. Ол жұмысқа барады.
4. Бүгін күн салқын болады.
5. Мен ауруханада жатырмын.
6. Біз кеше қызықты фильм көрдік.
7. Сіз қазір көшеде жүрген жоқсыз.
8. Ол осы сәтте ұшақта отырған жоқ.
9. Сәуле осы кезде үйде отырған жоқ.
10. Сен тап қазір төсекте жатқан жоқсың.
11. Мен қазір мәшинеде отырған жоқпын.
12. Мен осы сәтте пойызда тұрған жоқпын.

2. Суреттерді пайдаланып, болымсыз мәнді сөйлемдер құраңыз.
Составьте предложения в отрицательной форме, используя картинки.

1. Ол дәл қазір базарда *жүрген жоқ*. ()

2. Сен осы сәтте мәшинеде ..... . ()

3. Мен үйде ..... . ()

4. Руслан қазір қонақүйде ..... . ()

5. Сіз автобуста ..... . ()

6. Сен ас бөлмеде ..... . ()


7. Ол қазір орындықта ..... . ()

8. Мен тап қазір төсекте ..... . ()

9. Сіз мұражайда ..... . ()

3. Нақ осы шақтың болымсыз және болымды түріндегі етістіктерді қолданып, сөйлемдер жазыңыз.

Напишите предложения, используя глаголы в отрицательной и положительной формах собственно-настоящего времени.

Болымсыз		Болымды	
	Мен кинотеатрда отырған жоқпын.	Мен жұмыста отырмын.	
	....	....	
	....	....	
	....	....	
	....	....	

Ауыспалы осы шақ
Переходное настоящее время

51-САБАҚ

Ауыспалы осы шақ тұрақты, дағдылы және қайталанып отыратын іс-әрекетті білдіреді.

Ауыспалы осы шақ (переходное настоящее время) выражает действие, которое выполняется постоянно.

Етістіктің ауыспалы осы шағы етістікке көсемшенің *-а/-е/-й* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: құс ұшады, адам сөйлейді т.б.

Переходное настоящее время образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов причастий *-а/-е/-й*.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-а/-е/-й* + жіктік жалғау



Ол **қазір** газет оқып отыр. (нақ осы шақ)
Ол **күнде** газет оқиды. (ауыспалы осы шақ)
Он сейчас читает газету.
Он каждый день читает газеты.



Студеттер **қазір** футбол ойнап жатыр. (нақ осы шақ)
Студенттер **үнемі** футбол ойнайды. (ауыспалы осы шақ)
Студенты сейчас играют в футбол.
Студенты постоянно играют в футбол.

Етістіктердің ауыспалы осы шақта жіктелуі:
Спряжение глаголов в переходном настоящем времени:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен оқ*имын*	Біз оқ*имыз*
II	Сен оқ*исың* Сіз оқ*исыз*	Сендер оқ*исыңдар* Сіздер оқ*исыздар*
III	Ол оқ*иды*	Олар оқ*иды*



Мен Талдықорғанда тұрамын.
Я живу в Талдыкоргане.



Дүкен сағат онда ашылады, кешкі сегізде жабылады.
Магазин открывается в 10 часов, а закрывается в 8 вечера.



Дариға университетте оқиды.
Дарига учится в университете.

1. Ауыспалы осы шақтағы сөздерді табыңыз.
Найдите слова в ауыспалы осы шақ (переходно-настоящем времени).

1. Біздің қалада жаңбыр күнде жауады.
2. ~~Кеше жаңбыр жауды.~~
3. Ол би билейді.
4. Олар қазір диванда отыр.
5. Атамыз бен әжеміз ауылда тұрады.
6. Менің қызым үшінші сыныпта оқиды.
7. Мен күнде сағат үште дүкенге барамын.
8. Мен жексенбі күні үнемі кеш жатамын.
9. Теледидардан Президент сөйлеп жатыр.

2. Жақшаларды ашып, етістіктерді ауыспалы осы шақта қолданыңыз.
Откройте скобки, употребив глаголы в ауыспалы осы шақ.



1. Бұл – Ен Жу. Ол қазақша жақсы сөйлейді, өйткені Қазақстанда *тұрады* (тұр).
2. Ол ұлттық университетте ..... (оқы).
3. Ен Жу қазақ халқының дәстүрін ..... (біл).
Қазақ отбасына жиі қонаққа ..... (бар).
4. Ен Жу қазақша ән ..... (айт).
Етті, бауырсақты ..... (жақсы көр).
5. Ол табиғатқа жиі ..... (шық).
Оған Шымбұлақ ..... (ұна).
6. Онда Ен Жу шаңғы ..... (теп).

3. Келісіміңізді білдіре отыра, сөйлемдерді аяқтаңыз.
Закончите предложения, выражая свое согласие.

1. Мүслім шахмат ойнайды. Мен де *шахмат ойнаймын* .
2. Мен жемісті жақсы көремін. Дәурен де ..... .
3. Әкем етті ұнатады. Менің әкем де ..... .
4. Нұрбек велосипед тебеді. Мен де ..... .
5. Әлия көйлек тігеді. Оля да ..... .
6. Әсел ертегіні жиі оқиды. Менің қызым да ..... .
7. Сүлеймен фильмді жиі көреді. Біз де ..... .
8. Менің атам атқа мінеді. Мен де ..... .
9. Әжем бауырсақ пісірді ме? Сіз де ..... .
10. Анардың сіңлісі үйді тазалайды. Сендер де ..... .
11. Марат есепті жақсы шығарады. Сіздер де ..... .

4. Етістіктерге қосымшаларды жалғап, сөйлемдерге қажет сөздерді жазыңыз.
Впишите нужные слова в предложения, присоединив к ним аффиксы.

~~ойна~~	же	жау	ойна	сатып ал
1	2	3	4	5
				

1. Менің ұлым күнде теннис *ойнайды* .
2. Алмагүл күнде балмұздақ ..... .
3. Таиландта жаңбыр жиі ..... .
4. Мен пианинода сирек ..... .
5. Олар үлкен үй ..... .

52-САБАҚ

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі
Отрицательная форма переходного настоящего времени

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі болымсыз етістікке көсемшенің *-а/-е/-й* жұрнақтары мен жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы: Ыққаннан еш нәрсе <u>шықпайды</u> (Б. Майлин).

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі (отрицательная форма переходного настоящего времени) образуется путем присоединения суффиксов *-а/-е/-й* и личных окончаний.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе* + *-й* + жіктік жалғау



Олар банкіде жұмыс *істемейді*.
Они не работают в банке.



Мен Оралда *тұрмаймын*.
Я не живу в Уральске.

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрінің жіктелуі:
Спряжение отрицательной формы переходного настоящего времени:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен жаз*баймын*	Біз жаз*баймыз*
II	Сен жаз*байсың* Сіз жаз*байсыз*	Сендер жаз*байсыңдар* Сіздер жаз*байсыздар*
III	Ол жаз*байды*	Олар жаз*байды*

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін (Абай).



1. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түріндегі сөйлемдерді табыңыз.

Найдите предложения в отрицательной форме ауыспалы осы шақ (переходного настоящего времени).

1. Олар күнде неге жұмысқа бармайды?	6. Оқытушы сабақ түсіндіреді.
2. ~~Олар кеше қайда барды?~~	7. Студенттер театрға бармайды.
3. Біз күнде музыка тыңдамаймыз.	8. Диана қазақша сөйлемейді.
4. Ол көп оқиды.	9. Сендер сабаққа ешқашан дайындалмайсыңдар ма?
5. Олар Жезқазғанда тұрады.	

2. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрін болымды түріне айналдырыңыз.

Замените отрицательную форму ауыспалы осы шақ на утвердительную.

Болымсыз:	**Болымды:**
1. Мен Алматыда тұрмаймын.	*Мен Алматыда тұрамын.*
2. Сіз жүргізуші болып жұмыс істемейсіз.	....
3. Менің ұлым мәшинені жақсы жүргізбейді.	....
4. Сендер сенбі күні оқымайсыңдар.	..... .
5. Стадионда футбол матчы өтпейді.	..... .
6. Маған детектив ұнамайды.	..... .

3. Ауыспалы осы шақтың болымды түрін болымсыз түріне ауыстырыңыз.
Замените утвердительную форму ауыспалы осы шақ на отрицательную.

Болымды:	Болымсыз:
1. Қойылым алтыда басталады.	Қойылым алтыда басталмайды.
2. Тараз қаласына автобустар сағат сайын жүреді.	....
3. Мен теннис ойнаймын.	..... .
4. Темірлан шахмат ойнады.	..... .
5. Біз қыста шаңғы тебеміз.	..... .

4. Жақшаларды ашып, етістіктерді ауыспалы осы шақта жіктеңіз.
Откройте скобки и проспрягайте глаголы в ауыспалы осы шақ.

Тілші: Сіз қазақ әндерін орындайсыз ба? (орында)
Әртіс: Иә, мен үнемі қазақ әндерін орындаймын .
Тілші: Қандай аспапта .....? (ойна)
Әртіс: Мен домбыра ..... .
Тілші: Ал қобыз .....? (тарт)
Әртіс: Жоқ, қобыз ..... .
Тілші: Ауылдарға концерттермен .....? (бар)
Әртіс: Иә, жиі барып ..... (тұр).

Ауыспалы осы шақтың қолданылуы
Употребление переходного настоящего времени

53-САБАҚ

Ауыспалы осы шақ формасының қолданылуы:
Употребление формы переходного настоящего времени:

1. Іс-әрекет тұрақты, дағдылы түрде болып не қайталанып тұрған жағдайда:
Для выражения постоянного, привычного и повторяющегося действия:

Мен, *әдетте*, 7-де тұрамын.	Обычно я встаю в семь часов.
Бала *кейде* көбейту кестесін ұмытып қалады.	Иногда ребенок забывает таблицу умножения.
«Жұлдыз» – *айына бір рет* шығатын басылым.	«Жұлдыз» – это издание, которое выходит раз в месяц.

Әйелдер ұршық иіреді, қыздар көрпе құрайды (Ә. Кекілбаев).

Мұндай сөйлемдерде төмендегі мезгіл мәнді сөздер қолданылады:
В таких предложениях употребляются следующие слова, выражающие периодичность времени:

жиі – часто сирек – редко ылғи – всегда	кейде – иногда әдетте – обычно әрқашан – всегда	ешқашан – никогда күнде – каждый день күн сайын – ежедневно айына бір рет – раз в месяц

Маржан *үнемі* мектепке кешігеді.	Маржан постоянно опаздывает в школу.
Солтүстік Қазақстанда қыста қар *жиі* жауады.	В Северном Казахстане зимой часто идет снег.
Серік *ешқашан* жұмысқа жаяу бармайды.	Серик никогда не ходит на работу пешком.

2. Адамның әдетке, дағдыға айналған іс-әрекеті туралы айтқанда:
Когда сообщают о привычках или сформировавшемся образе жизни:

Әкем галстук тақпайды.	Отец не носит галстук.

3. Адамның белгілі іс-әрекетке бейімділігін, біліктілігін сипаттағанда:

Когда описывают склонность к определенной деятельности либо квалификацию человека:

Әпкем өте жақсы жүзеді.	*Моя сестра очень хорошо плавает.*
Біздің оқытушымыз ағылшынша жақсы сөйлейді.	*Наш преподаватель хорошо говорит на английском.*

4. Адам туралы бір мәлімет айтылғанда:

Когда сообщаются какие-либо сведения о человеке:

Асқар АҚШ-тағы, Гарвард университетінде оқиды.	*Аскар учится в США в Гарвардском университете.*
Айнаш Астана қаласындағы «Достық» шағын ауданында тұрады.	*Айнаш живет в микрорайоне «Достық» города Астана.*

5. Пікір білдіргенде, құбылысқа, затқа, іс-әрекетке қатысын білдіргенде:

Когда выражается отношение к явлению, предмету либо действию:

Мен аязды ұнатпаймын.	*Мне не нравятся морозы.*
Мен сені жақсы көремін!	*Я люблю тебя!*

6. Жалпыға белгілі факті туралы мәлімет бергенде:

Когда сообщаются объективные общеизвестные факты:

Жер Күнді айналады.	*Земля крутится вокруг Солнца.*
Күріш суық климатта өспейді.	*Рис не растет в холодных климатических условиях.*
Дәрігер ауруханада науқастарды емдейді.	*Врач лечит больных в больнице.*

7. Мақал-мәтелдерде:

В пословицах и поговорках:

Отан үшін отқа түс, күймейсің.	*За Родину и в огне не будешь гореть.*
Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді.	*Один прыгает от сытости, другой прыгает от холода.*
Кең болсаң, кем болмайсың.	*У кого душа широка, не прогадает никогда.*

1. Берілген етістіктерді пайдаланып, сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложения, используя данные глаголы.

сөйле, ~~іш~~, ашыл, өткіз, жақсы көр

1. Мен кофені жиі *ішемін* .
2. Олимпиада төрт жыл сайын ..... .
3. Шолпан неміс тілінде өте жақсы ..... .
4. Менің ата-анам кішкентай балаларды өте ..... .
5. Жаттығу залы күнде таңертең сағат 7. 30-да ..... .

2. Етістіктерді ауыспалы осы шақтың болымды, болымсыз түрінде қолданып, сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложения, употребляя данные глаголы в утвердительной и отрицательной формах.

1. Жанат көп *сөйлемейді* (сөйле).
2. Жер Күнді ..... (айнал).
3. Күн шығыстан ..... (шық).
4. Вегетариандар ет ..... (же).
5. Күріш Британияда ..... (өс).
6. Ол ылғи ..... (кешігіп жүр).
7. Ол ағылшын тілін ..... (біл).

3. Берілген етістіктерді пайдалана отырып, сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложения, используя данные глаголы.

кешірім өтінемін, үйде беремін, ұсынамын, ~~мүмкіндік беріңіз~~, қыдырамын, тамақтанамын

1. Менің төлеуіме *мүмкіндік беріңіз* .
2. Бүгін күн жақсы екен, ...
3. Осылай істегенім үшін ..... .
4. Мен бұл туралы ешкімге айтпаймын, ...
5. Мына жігіттің талабы жақсы екен. Осы қызметке сол жігітті ..... .
6. Қаланың орталығындағы жаңа мейрамхана өте жақсы. Сонда .....
..... .

54-САБАҚ

Келер шақ. Болжалды келер шақ
Будущее время. Предположительное будущее время

Келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің әлі орындалмағанын, сөйлеп тұрған сәттен, мезгілден кейін болатынын білдіреді.

Мысалы: Қайсар бүгін күндізгі сағат үште келеді (З. Шашкин).

Өзіңіз әуелі келерсіз, жай-жапсармен сонда танысармыз (З. Шашкин).

Осы сөйлемдердегі *келеді, келерсіз, танысармыз* сөздері келешекте жасалатын іс-әрекетті білдіреді.

Мағыналық ерекшеліктеріне қарай келер шақ үшке бөлінеді: болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ.

Болжалды келер шақ іс-әрекеттің болу мүмкіндігін анық көрсетпей, болжап қана білдіреді.

Болжалды келер шақ етістіктің түбіріне *-ар,/-ер,/-р* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Келер шақ (будущее время) обозначает действие, которое не совершено, а будет выполнено после момента речи.

Мысалы: Қайсар бүгін күндізгі сағат үште келеді (З. Шашкин).

Өзіңіз әуелі келерсіз, жай-жапсармен сонда танысармыз (З. Шашкин).

Слова келеді, келерсіз, танысармыз в данных предложениях выражают действие, которое будет выполнено в будущем.

Настоящее время по значению подразделяется на 3 вида: предположительное будущее время, будущее время цели, переходное будущее время.

Болжалды келер шақ (будущее предположительное время) выражает вероятное действие, которое должно произойти в будущем, причем степень вероятности является неопределенной.

Будущее предположительное время образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов *-ар,/-ер,/-р.*



Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ар/-ер, -р* + жіктік жалғау

Болжалды келер шақтың болымсыз түрі етістіктерге есімшенің *-мас/-мес, -бас/-бес, -пас/-пес* жұрнақтарының жалғануы арқылы және *-ар/-ер-р* есімше формасындағы етістікке *емес* сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.

Отрицательная форма болжалды келер шақ (будущего предположительного времени) образуется путем присоединения к глаголу суффиксов причастия *-мас/-мес, -бас/-бес, -пас/-пес* и сочетания глагола в форме причастия со словом *емес*.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-мас/-мес, -бас/-бес, -пас/-пес* + жіктік жалғау

Енді жұмыстан қалмаспын.	*Теперь не буду опаздывать на работу.*
Ертеңге дейін бітіре қоймас.	*Вероятнее всего до завтра не закончит.*

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ар/-ер/-р* + емес + жіктік жалғау

Жиналыс бітер емес.
Қояр емессің ғой.

Болжалды келер шақтың болымды, болымсыз түрлерінің жіктелуі:

Спряжение положительной и отрицательной форм болжалды келер шақ (будущего предположительного времени):

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен айт*ар*мын, айтпаспын.	Біз айт*ар*мыз, айтпаспыз.
II	Сен айт*ар*сың, айтпассың. Сіз айт*ар*сыз, айтпассыз.	Сендер айт*ар*сыңдар, айтпассыңдар. Сіздер айт*ар*сыздар, айтпассыздар.
III	Ол айт*ар*, айтпас.	Олар айт*ар*, айтпас.

1. Болжалды келер шақ мәнді сөйлем құраңыз.

Составьте предложения в форме болжалды келер шақ.

1. Жаз найзағайлы болса, ..қыс жайлы болар..... (қыс/жайлы/бол).
2. Жазда құйын көп болса, ... (қыс/аязды/бол).
3. Көктемде күн көп күркіресе, ... (егін/шөп/мол шық).
4. Жазда күн кенет ысып кетсе, ...
(ұзамай/жауын/жау).
5. Жазда жұлдыздар жарқырап тұрса, ...
(келер күн/ыстық/бол).
6. Көктемнің алғашқы жаңбырында күн күркіресе, ...
(шөп/көп/бол).
7. Қыста кемпірқосақ көрінсе, ...
..... (жыл берекелі/жайлы/шөп шығымды/қуаныш/көп/бол).

2. Болжалды келер шақтың болымды, болымсыз түрлерін жасап, сөйлемді аяқтаңыз.

Завершите предложения, используя глаголы в положительной и отрицательной формах болжалды келер шақ (будущего предположительного времени).

1. Алдағы айда азық-түлік бағасы ..қымбаттамас.. (қымбатта).
2. Келесі жылдан бастап жалақы мөлшері ..... (көтерілл).
3. Келесі курста сіздерге ағылшын тілі сабағы ..... (бол).
4. Айдың соңында республикалық конференция ..... (өт).
5. Осы жолы біздің балалар бірінші орын ..... (ал).

3. Көп нүктенің орнына болжалды келер шақтың жұрнағын қойыңыз.

Вставьте вместо многоточий суффиксы болжалды келер шақ.

1. Жауын-шашын тоқта.р. емес.
2. Мемлекеттік бағдарлама бойынша салынған үй осы бол..... .
3. Көп ұзамай бұл мәселенің де шешімі табыл..... .
4. Ол өз ойын ашық айт..... ма екен, айтпас па екен?
5. Конференцияның негізгі мақсаты осы бол..... .

Мақсатты келер шақ
Будущее время цели

55-САБАҚ

Мақсатты келер шақ қимылдың жасалу мақсатын білдіреді.

Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне есімшенің *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы: Ноғайлының қалған әскері Ақторғын сұлуды көшіріп, Яссыға жетпек (І.Есенберлин).

Мақсатты келер шақ (будущее время цели) обозначает действие, которое будет совершено в будущем с определенной целью.

Мақсатты келер шақ образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов причастий *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек.*



– Атаңның бүгін не істемек ойы бар?


– Кешке ауылға кетпекші.


Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* + жіктік жалғау

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-мақ/-мек,-бақ/-бек, -пақ/-пек* + *-шы/-ші* + жіктік жалғау





– Театр қойылымына кешігіп қалмайсың ба?

– Жоқ, жұмыстан кейін бірден театрға бармақшымын.

Жіктелуі: Спряжение:		
Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен жазбақпын, жазбақшымын.	Біз жазбақпыз, жазбақшымыз.
II	Сен жазбақсың, жазбақшысың. Сіз жазбақсыз, жазбақшысыз.	Сендер жазбақсыңдар, жазбақшысыңдар. Сіздер жазбақсыздар, жазбақшысыздар.
III	Ол жазбақ, жазбақшы.	Олар жазбақ, жазбақшы.

Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі ***емес*** сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.

Мақсатты келер шақ (отрицательная форма) образуется путем сочетания со словом *емес*.

Кешке дейін бос *отырмақ емес.*	*Он не намерен до вечера сидеть сложа руки.*
Қалай болған күнде де бүгін жұмыстан *қалмақ емес.*	*Как бы то ни было, она не намерена пропускать работу.*

1. Сұрақтар құрастырып, сұхбатты аяқтаңыз.

Закончите диалоги, сформулировав вопросы.

1. Сіздің досыңыз кеш ұйымдастырмақшы. (кімді/шақыр?)
Кешке кімді шақырмақсың? - Достарымды шақырмақпын.

2. Сіздің досыңыз ақша ұтып алды. Сіз сұрайсыз: (онымен/не істе?)
.....

3. Сіздің досыңыз жаңа үстел сатып алды. Сіз сұрайсыз: (қайда/сату/ал?)
.....

4. Сіздің досыңыз бүгін кешке туған күнге барады. Сіз сұрайсыз: (не/ки?)
.....

2. Мақсатты келер шақ формасындағы етістіктерді пайдаланып, сұхбатты аяқтаңыз.

Закончите диалоги, используя глаголы в форме мақсатты келер шақ.

1. Бөлмені таңертең жинау керек.

Досыңыз: – Бүгін таңертең қыдырасыз ба?

Сіз: – Жоқ, мен *қыдырмаймын, бөлмемді жинамақшымын.*

2. Сізге жұмыс ұсынды, сіз түстен кейін баратын болып шештіңіз.

Досыңыз: – Саған жұмыс ұсынды деп естідім.

Сіз: – Иә, ...

3. Сарамен хабарласуыңыз керек. Оған таңертең хабарласатын болдыңыз.

Досыңыз: – Сарамен хабарластың ба?

Сіз: – Жоқ, ...

4. Сіз жейде кеудеше сатып алдыңыз, бірақ ол сізге жараспайды. Сіз оны қайтарамын деп шештіңіз.

Досыңыз: – Мына жейде кеудеше саған тым үлкен.

Сіз: – Білемін, ...

56-САБАҚ

Ауыспалы келер шақ
Переходное будущее время

Ауыспалы келер шақ көсемшенің *-а/е/-й* жұрнақтары жіктеліп келуі арқылы жасалады.

Мысалы: Ішімнен шыққан Құтжаннан кем көр*меймін* (М. Әуезов).

Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақтың жасалу жолдары бірдей.

Ауыспалы осы шақ күнделікті әрекетті білдірсе, ауыспалы келер шақ іс-қимылдың алдағы уақытта анық іске асатынын білдіреді. Айырмашылығы контекстте айқындалады.

Ауыспалы келер шақ (переходное будущее время) образуется путем присоединения суффиксов деепричастий *-а/-е/-й* и их спряжения.

Например: Ішімнен шыққан Құтжаннан кем көр*меймін* (М. Әуезов).

Способы образования переходного настоящего времени и переходного будущего времени одинаковы.

Если переходное настоящее время выражает повседневное действие, переходное будущее время обозначает действие, которое будет выполнено в будущем. Разница между ними определяется в контексте.

Ауыспалы осы шақ: Переходное настоящее время:	**Ауыспалы келер шақ:** Переходное будущее время:
	
Мен күнде хат жаз*амын*. Сен күнде хат жаз*асың*. Сіз күнде хат жаз*асыз*. Ол күнде хат жаз*ады*.	Мен бүгін хат жаз*амын*. Сен бүгін хат жаз*асың*. Сіз бүгін хат жаз*асыз*. Ол бүгін хат жаз*ады*.

Ауыспалы келер шақтың индикатор сөздері – ***бүгін, ертең, келесі аптада, келер айда, бүрсігүні*** т.б.

Слова-индикаторы ауыспалы келер шақ – бүгін (сегодня), ертең (завтра), келесі аптада (на следующей неделе), келер айда (в следующем месяце), бүрсігүні (послезавтра)и т.д.

Ауыспалы осы шақ:	**Ауыспалы келер шақ:**
	
Бізде жаңбыр жиі жауады. У нас часто идут дожди.	Ертең жаңбыр жауады. Завтра пойдет дождь.

Ауыспалы келер шақтың қолданылуы:
Употребление ауыспалы келер шақ (переходного будущего времени):

1. Іс-әрекеттің жүзеге асатыны анық көрініп тұрса, ауыспалы келер шақ формасы қолданылады:
Когда есть явные признаки того, что действие произойдет, используется переходное будущее время:

Бұлттарға қарашы!	Посмотри на облака!
Қазір жаңбыр жауады.	Сейчас пойдет дождь.

2. Белгілі бір іс-әрекетті жауапкершілікке, міндетке алу мағынасын білдіруде қолданылады:
Употребляется для выражения значения ответственности, обязательства за то или иное действие:

Анашым, уайымдамаңыз.	Мамочка, не переживайте!
Менің айлығым бәрімізге жетеді.	Моей зарплаты хватит на всех.

3. Мақсат, ниет, қалау мәнін білдіру үшін қолданылады:
Используется для выражения цели, намерения и желания выполнить действие:

Уайымдама. Мәшинеңді жөндеп беремін.	Не переживай, отремонтирую твою машину.

4. Ауыспалы келер шақ формасы өтініш білдіргенде қолданылады:
Переходное будущее время используется для выражения просьбы:

Таңертең мені вокзалға апарып саласың ба?	Сможешь утром отвезти меня на вокзал?

5. Пайымдау, ескерту, болжау мәнін білдіру үшін қолданылады:
Форма переходного будущего времени используется для высказывания рассуждений, замечаний, предположений.

Ол әлі талай жаңалық ашады.	Он еще откроет много нового.
Көрме дүйсенбіде ашылады.	Выставка откроется в понедельник.

1. Ауыспалы келер шақта келген сөйлемді табыңыз.
Найдите предложения в ауыспалы келер шақ (переходном будущем времени).

1. Қарағандыда ертең қар жауады.

~~2. Австралияда жаңбыр сирек жауады.~~

3. Концерт кеше болды.

4. Сағат тура жетіде сен не істедің?

5. Мен бүгін мейрамханаға барамын.

6. Олар бүрсігүні футбол ойнамайды.

7. Медеуде келер аптада концерт өтеді.

8. Олар жұмысқа троллейбуспен жетеді.

9. Олар жексенбіде үнемі футбол ойнайды.

2. Сөйлемдерді ауыспалы осы шақтан ауыспалы келер шаққа ауыстырыңыз.
Преобразуйте предложения из переходного настоящего времени в переходное будущее время.

1. Мен банкіге күнде барамын.
Мен банкіге ертең барамын .

2. Концерт сағат 19:00-де басталады.
..... .

3. Мен кешке жолдастарыммен кездесемін.
..... .

4. 16 желтоқсан күні демаламыз.
..... .

5. Ол сәрсенбі күні жол жүреді.
..... .

6. Бүгін тауға демалуға барамын.
..... .

3. Индикатор сөздерді қолданып, ауыспалы осы шақты ауыспалы келер шаққа өзгертіңіз.

Преобразуйте переходное настоящее время в переходное будущее время, используя слова-индикаторы.

~~бүгін~~ ертең келесі аптада бүрсігүні

1. Мен хат жазамын. *Мен бүгін хат жазамын* .
2. Оқытушы сабақ түсіндіреді. ..... .
3. Студенттер мәтінді әңгімелейді. ..... .
4. Мен іссапарға барамын. ..... .

4. Сөйлемдерді ауыспалы келер шақта жазыңыз.

Напишите предложения в ауыспалы келер шак.

Арманның ертеңге жоспары

1	2	3	**4**	5
10:00 	**11:30** 	**12:30** 	**13:15** 	**16:50** 
бассейнге бару	кітапханаға бару	Маратпен кездесу	емтихан тапсыру	теннискe қатысу

1. *Ол ертең сағат 10-да бассейнге барады* .
2. ..... .
3. ..... .
4. ..... .
5. ..... .

57-САБАҚ

Рай категориясы. Ашық рай. Бұйрық рай

Категория наклонения. Изъявительное наклонение. Повелительное наклонение

Рай категориясы іс-әрекеттің шындық болмысқа қатысын айтушы тұрғысынан сипаттайды.

Райдың 4 түрі түрі бар: ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай.

Ашық рай іс-қимылдың шаққа (осы шақ, өткен шақ, келер шақ) қатысты орындалуын білдіреді, яғни іс-әрекеттің шындыққа қатысын сөйлеп тұрған сәтпен байланысты сипаттайды. Ашық райдың арнайы қосымшалары жоқ.

Рай категориясы (категория наклонения) выражает отношение действия к действительности с позиции говорящего.

В казахском языке существуют следующие виды наклонений:
ашық рай (изъявительное наклонение),
қалау рай (желательное наклонение),
бұйрық рай (повелительное наклонение),
шартты рай (условное наклонение).

Ашық рай (изъявительное наклонение) выражает выполнение действие по отношению к времени (настоящее, прошедшее и будущее время), то есть характеризует связь действительно производимого действия с моментом речи. Аффиксов изъявительного наклонения не существует.

Биыл оқуға түссе, Астанаға барады.	*Если он поступит в этом году, то поедет в Астану.*
Ол биыл емтиханды сәтті тапсырса екен.	*Сдал бы он в этом году удачно экзамены.*

Істің бұйрық мағынасын білдіретін етістіктің түрін **бұйрық рай** деп атайды.

Бұйрық рай (повелительным наклонением) называют форму наклонения, выражающую значение волеизъявления (приказ, просьбу, совет).

Бұйрық рай іс-әрекетке қозғау салу, түрткі болу мақсатында айтылады.

Бұйрық рай (повелительное наклонение) используется в значении побуждения к действию.

Мен банкке барайын.	*Давайте я пойду в банк.*
Сен баспаға бар.	*Ты иди в издательство.*

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-айық/-ейік, -йық/-иік*
(I жақ көпше түрі)

I жақта бұйрық мәнінен гөрі ниет, тілек мәні басым болады.

В I лице больше передается намерение либо пожелание, чем приказ.

– Дүкенге кім барады?	*Кто пойдет в магазин?*
– Мен барайын.	*Давайте я пойду.*
– Келушілерді кім қарсы алады?	*Кто встретит приезжающих?*
– Мен қарсы алайын.	*Давайте я встречу.*

– Қонақтарға компанияны кім таныстырады?	*Кто познакомит гостей с компанией?*
– Мен таныстырайын.	*Давайте я познакомлю.*

II жақтағы бұйрық рай адамды әрекет етуге міндеттейді.
Повелительное наклонение II лица обязует человека к выполнению действия.

– Келушілерді қарсы алуға сен бар.	*Ты поедешь встречать участников.*
– Қонақтарды сен күтіп ал.	*Ты встретишь гостей.*
– Сағатқа қара.	*Посмотри на часы.*

III жақтағы бұйрық рай *-сын/-сін* қосымшасы арқылы жасалады.
Повелительное наклонение III лица образуется с помощью аффиксов *-сын/-сін.*

– Әуежайға кім барады?	*Кто поедет в аэропорт?*
– Арман барсын.	*Пусть поедет Арман.*
– Кітапты кім сатып алады?	*Кто купит книги?*
– Хатшы сатып алсын.	*Пусть купит секретарь.*

Жасалу жолдары:
Способ образовании:

Етістік + *-ыңдар/-іңдер, -ңдар/-ңдер*
(II жақ көпше түрі)

Етістік + *-ыңыздар/-іңіздер, -ңыздар/-ңіздер*
(II жақ көпше, сыпайы түрі)


Жіктелуі:
Спряжение:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен бар**айын**	Біз бар**айық**
II	Сен бар Сіз бар**ыңыз**	Сендер бар**ыңдар** Сіздер бар**ыңыздар**
III	Ол бар**сын**	Олар бар**сын**

1. Тиісті форманы қойыңыз.
Вставьте нужную форму слова.



1. Біз тарихи ескерткіштерді (көр) *көреміз* .
2. Мен музейді (көр) ..... .
3. Мен қаланың орталығында (бол)..... .
4. Ол бассейнге (бар)..... .
5. Мен ініме шахмат (үйрет)..... .

2. Суреттерге сәйкес ашық райлы сөйлемдер құраңыз.
Составьте предложения в ашық рай (изъявительном наклонении) в соответствии с картинками.

1	2	3	4
			
5	**6**	**7**	**8**
	18. $y=\sqrt{x}+\sqrt[3]{2}=x^{\frac{1}{3}}+2^{\frac{1}{3}}$ y-? 19. $y=2\sqrt{x}-\frac{1}{x}+\sqrt[3]{3}$ y-? 20. $y=(x-0.5)^2$ y-? 21. $y=0.5-3(0-x)^2$ y-? 22. $y=\frac{1}{\sqrt[3]{2x-1}}+\frac{5}{\sqrt[3]{(x^3+2)^2}}=(2x-1)^{-\frac{1}{3}}+5(x^3+2)^{-\frac{2}{3}}$ y-? 23. $y=\cos\ln^2 x$ y-? 24. $y=\left(e^{\sin x}-1\right)^2=e^{2\sin x}-2e^{\sin x}+1$ y-? 25. $y=x^4-\frac{1}{3}x^3+2.5x^2-0.3x+0.1$ y-?		

1. *Кітаптардың барлығын оқып шық* .
2. ..... .
3. ..... .
4. ..... .
5. ..... .
6. ..... .
7. ..... .
8. ..... .

3. Суреттерге сәйкес бұйрық мәнді сөйлемдер жазыңыз.
Составьте предложения в повелительном наклонении в соответствии с картинками.

Мен шай ішіп, таза ауамен демалдым.	Досыма сыйлық алуым керек.	Мен ертең емтихан тапсырамын.
		
Сіз *шай ішіп, таза ауамен демалыңыз* .	Сіз	Сіз ....
Мен екі сағаттан кейін пойызға отырамын.	Тісім ауырып тұр.	Мәшинемді жөндедім.
		
Сіз	Сіз	Сіз ....
Республика даңғылына қалай жетуге болады?	Бүгін кешке беташарға барамыз.	Сүт қосылған шай ішемін.
		
Сіз	Сіз	Сіз ....

58-САБАҚ

Шартты рай
Условное наклонение

Шартты рай іс-әрекеттің болу, болмау, орындалу мүмкіндігін, шартын білдіреді. Шартты рай етістікке *-са/-се* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады.

Шартты рай (условное наклонение) обозначает возможность осуществления, условия выполнения действия.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-са/-се* + жіктік жалғау

Жіктелуі: Спряжение:		
Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен бар-*са*-*м*	Біз бар-*са*-*қ*
II	Сен бар-*са*-*ң* Сіз бар-*са*-*ңыз*	Сендер бар-*са*-*ң*-*дар* Сіздер бар-*са*-*ңыз*-*дар*
III	Ол бар-*са*	Олар бар-*са*

Шартты райлы етістік тілек, арман, мақсат мәндерін білдіріп, сөйлемнің соңында келеді.

Глаголы в шартты рай стоят в конце предложения и могут выражать пожелание, мечту цель.

Мысалы: *Шіркін, биыл оқуға түссем!*

Шартты райлы етістік *керек* сөзімен тіркесіп болжал мәнін білдіреді.

Глагол в условном наклонении в сочетании со словом *керек* выражает значение предположения.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-са/-се* + жіктік жалғау *керек*

Олар айтса керек.	Возможно, они сказали.
Олар ендігі бұл хабарды естісе керек.	Вероятнее всего, они услышали эту новость.

1. Тиісті орындарға *-са/-се* жұрнағы мен жіктік жалғауды қойыңыз.

Поставьте суффикс *-са/-се* и личные окончания.

1. Бұл туралы ертең сөйлес*се*. қайтеді.
2. Әсем ертерек кел....., киноға барар едік.
3. Осы мәселені сіз бүгінгі жиналыста айт..... болар еді.
4. Сіздер тапсырманы осы айда бітіре ал..... жақсы болар еді.

2. *-са/-се* формасын және *ғой, еді, екен, етті, ма/ме* құрылымдарын қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Дополните предложения, вставляя форму *-са/-се* и конструкции *ғой, еді, екен, етті, ма/ме.*

1. Әйтеуір, бар*са*. болды.
2. Бір ауыз мен туралы айт..... .
3. Барма..... , өзім кете беремін.
4. Ертең кел.....ңіздер де болар еді.
5. Біз сіздерге бүгін бар..... бола ма ?
6. Шіркін, ауылға демалуға барып кел..... .
7. Қараңғы түсіп кетпей, үйге ертерек жет..... .
8. Семинарға мектеп мұғалімдері де қатыс..... деп едік.

59-САБАҚ

Қалау рай
Желательное наклонение

Қалау рай – сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетті орындауға немесе орындамауға қалау, ниет, ынтасын білдіретін рай категориясының бір түрі. Қалау рай бірнеше жолмен жасалады.

-са/-се формадағы шартты райлы етістік *игі еді, еді, екен, етті, жақсы болар еді* сөздерімен тіркесіп, қалау рай жасайды.

Қалау рай (желательное наклонение) – один из видов наклонения, которое выражает желание либо нежелание производить действие, намерение говорящего. Қалау рай образуется несколькими способами.


Условное наклонение в сочетании со словами *игі еді, жақсы болар еді* образует желательное наклонение.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-са/-се* + жіктік жалғау *игі еді, еді, екен, етті*

Өзі келсе екен.	Хорошо было бы, если бы он сам приехал.
Шіркін, өзіңді бір көрсем ғой.	Эх, хоть раз увидеть бы тебя.
Осы жолғы іссапарға бармасам екен.	Лишь бы я не поехала в этот раз в командировку.
Ұлым аман-есен жетсе игі еді.	Хорошо бы мой сын приехал живым и здоровым.
Оның өзімен жолықсам игі еді.	Было бы здорово встретиться с ним самим.
Ертерек келсеңіз жақсы болар еді.	Хорошо было бы, если бы вы приехали пораньше.

Жіктелуі: Сряжение:				
Жақ	Жекеше түрі		Көпше түрі	
I	Мен көрсем	екен	Біз көрсек	екен
		игі еді		игі еді
		еді		еді
		етті		етті
II	Сен көрсең	екен	Сендер көрсеңдер	екен
		игі еді		игі еді
		еді		еді
		етті		етті
	Сіз көрсеңіз	екен	Сіздер көрсеңіздер	екен
		игі еді		игі еді
		еді		еді
		етті		етті
III	Ол көрсе	екен	Олар көрсе	екен
		игі еді		игі еді
		еді		еді
		етті		етті



– Конференцияда баяндамамды жақсы қабылдаса екен.



– Сен оған жақсы дайындалдың ғой.

Болымсыз түрі	Сұраулы түрі
Жиналыс ұзаққа созылмаса екен.	Мен кездесуге барсам ба екен?
Бүгін жаңбыр жаумаса екен.	Меценаттар туралы ақпаратты қайдан іздесем екен?
Пойызға кешікпесек екен.	Ол сауда үйінде сыртқы киім бар ма екен?

Қалау рай етістік түбіріне *-ғы кел* формасының жалғануы арқылы жасалады.
Қалау рай образуется путем присоединения конструкции -ғы кел.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ғы кел* + жіктік жалғау

Жіктелуі:
Спряжение:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Менің оқы-*ғы*-м келеді	Біздің оқы-*ғы*-мыз келеді
II	Сенің оқы-*ғы*-ң келеді Сіздің оқы-*ғы*-ңыз келеді	Сендердің оқы-*ғы*-ларың келеді Сіздердің оқы-*ғы*-ларыңыз келеді
III	Оның оқы-*ғы*-сы келеді	Олар оқы-*ғы*-лары келеді

1. Сөйлемдерді *-са/-се екен, -са игі еді, -са/-се етті, -са/-се еді* формаларын пайдаланып толықтырыңыз.

Дополните предложения, используя формы *-са/-се екен, -са игі еді, -са/-се етті, -са/-се еді.*

1. Мен тарихи ескерткіштерді (көр) *көрсем екен* .
2. Мен музейлерді (арала) ..... .
3. Мен қаланың орталығында (бол) ..... .
4. Мен шет елдерде (сапар шек) ..... .
5. Сен жақсы жұмыс (тап) ..... .
6. Біз сәулет ескерткіштермен (таныс) ..... .

2. Ашық райлы етістікті қалау райлы етістікке өзгертіңіз.

Преобразуйте глаголы в ашық рай (изъявительном наклонении) в форму қалау рай (желательного наклонения).


1. Бізде жүзуден жарыстар болып тұрады.
Бізде жүзуден жарыстар болып тұрса екен .
2. Мен ақ түсті көйлекті **кидім**.
..... .
3. Кітаптарды поштамен **жібердік**.
..... .
4. Ол түнгі Алматыны **көрді**.
..... .
5. Ол жақсы **жүгірді.**
..... .

3. Берілген сөйлемдерге тілек мәнді сұрақ жазыңыз.

Составьте вопросительные предложения со значением желания к данным предложениям.

1. Мен кеше жаңа көйлек сатып алдым.	*Мен де көйлек сатып алсам ба екен?* .....
2. Біз кастингке барамыз.	....
3. Мен оны күтемін.	....

4. Суреттерге қарап, қалау рай мәнді сөйлем құраңыз.
Составьте предложения в форме қалау рай в соответствии с картинками.



Менің сүт ішкім келеді.



















5. *-ғы/-гі,/-қы/-кі кел* формасын пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.
Закончите предложения, используя форму *-ғы/-гі,/-қы/-кі + кел.*

1. Ертең тапсырыс (бер) *бергім келеді* .
2. Менің жарық бөлмеде (отыр) ..... .
3. Оның дәрігерге (көрін) ..... .
4. Оның үстел теннисін (ойна) ..... .

60-САБАҚ

Мақсат мәнді қалау рай
Желательное наклонение со значением цели

Мақсат мәнді қалау рай *-айын/ -ейін деп еді* формасы арқылы жасалады.

Мақсат мәнді қалау рай (желательное наклонение в значении цели) образуется с помощью конструкции *-айын/-ейін деп еді.*

– Мен жапон қуыршақтарының көрмесін көрейін деп едім. Ол қай залда екенін білесіз бе?

Я хотела посмотреть выставку японских кукол. Вы не знаете в каком зале она проходит?



Жекеше түрі	Көпше түрі
Мен келейін (барайын) деп едім. Сен келейін (барайын) деп едің. Сіз келейін (барайын) деп едіңіз. Ол келейін (барайын) деп еді.	Біз келейік (барайық) деп едік. Сендер келейін (барайын) деп едіңдер. Сіздер келейін (барайын) деп едіңіздер. Олар келейін (барайын) деп еді.
Сұраулы түрі	**Болымсыз түрі**
Ол барайын деп пе еді? Сен барайын деп пе едің? Сіздер барайын деп пе едіңіздер? Олар барайын деп пе еді?	Ол бармайын деп еді. Біз бармайық деп едік. Олар бармайын деп еді.

– Біз ауыл қарттарымен сөйлесейік деп едік. – Оның еш қиындығы жоқ.	– Сәуле, сенің ертең қолың бос па? – Мен ертең кітапханаға барайын деп едім.
– Балалар, біз ертең кездесе аламыз ба? – Ағай, біз жексенбіде тауға барайық деп едік.	– Мен сізді жаңа ұжыммен таныстырайын деп едім. – Мен бұл ұжыммен көптен таныспын.

1. Етістікті мақсат мәнді қалау райға өзгертіңіз.
Преобразуйте глаголы в форму желательного наклонения со значением цели.

1. Бүгін кітапханаға барамын.
Бүгін кітапханаға барайын деп едім .....
2. Әкем жұмысына ерте барады.
..... .
3. Мен Астанаға барамын.
..... .
4. Ән кешін өткіземіз.
..... .
5. Балама депозит ашамын.
..... .

2. *-айын/-ейін, -йын/-йін* құрылымын пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.
Дополните предложения, используя формы *-айын/-ейін, -йын/-йін.*

1. Мен қаланы аралап (көр) *Мен қаланы аралап көрейін деп едім* .....
2. Мен қаламен (таныс) ..... .
3. Мен терезеден тауға (қара) ..... .
4. Ағам авиация академиясына (түс) ..... .
5. Кімге әдемі гүл (сыйла) ..... деп едің?
6. Кіммен (таныс)..... деп едіңіз?
7. Кімнің әнін (тыңда)..... едің?

61-САБАҚ

Қимыл есімі (Тұйық етістік)

Инфинитив

Қимыл есімдері іс-әрекеттің атауы ретінде қолданылады да, етістік формаларына тән шақтық мағынаны да, жақтық мағынаны да білдірмейді: *сұра-у* (спрашивать), *жүр-у* (ходить), *бар-у* (идти), *шегеле-у* (забивать), *сөйлес-у* (разговаривать), *кел-ме-у* (не приходить), *бөге-ме-у* (не задерживать).

Қимыл есімдері (глаголы действия) употребляются только для обозначения наименования действия и не выражают значения времени и лица, как любые другие глаголы.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + -у

Ескерту: Исключение:	
оқы +*у* = *оқ+у*	*Жаңа газетті оқуың керек.*
құй +*у* = *құ+ю*	*Бүгін гүлдерге су құюым керек.*
аз*ай*+*у* = *аза+ю*	*Жұмыссыздар саны азаюы керек.*
көбей +*у* = *көбе+ю*	*Астанада жаңа ғимараттар көбеюі керек.*



Қимыл есімі есімдерше көптеледі, тәуелденеді, септеледі.

Глаголы действия (инфинитив) принимают окончания множественного числа, склоняются, спрягаются как именные части речи.

Қимыл есімінің көптелуі:
Присоединение окончаний множественного числа:

Етістік + *у* + *лар/лер*

Абай оқулары сәтті өтті. | *Абаевские чтения прошли успешно.*

Қимыл есімінің тәуелденуі:
Спряжение глаголов действия:

Етістік + *у* + */-ым/-ім/-ың/-ің/-ы/-і*

Жазуыңыз әдемі екен. | *У вас красивый почерк.*

Қимыл есімі есім сөздер сияқты септеледі. Қимыл есімі инфинитив склоняется как именные части речи.	
Атау септік Именительный падеж	Тіл үйрену – басты мақсат.
Ілік септік Родительный падеж	Тіл үйрену*дің* әртүрлі тәсілдері бар.
Барыс септік Дательный падеж	Тіл үйрену*ге* көңіл бөліңіз.
Табыс септік Винительный падеж	Тіл үйрену*ді* ерте жастан бастау керек.
Жатыс септік Местный падеж	Тіл үйрену*де* тұрақтылық болуы керек.
Шығыс септік Исходный падеж	Тіл үйрену*ден* шаршама.
Көмектес септік Творительный падеж	Сауатты сөйлеу тілді үйрену*мен* келеді.



Атау септік Именительный падеж	Етістік + *у*
Ілік септік Родительный падеж	Етістік + *у* + /*-дың*/*-дің*
Барыс септік Дательный падеж	Етістік + *у* + /*-ға*/*-ге*
Табыс септік Винительный падеж	Етістік + *у* + /*-ды*/*-ді*
Жатыс септік Местный падеж	Етістік + *у* + /*-да*/*-де*
Шығыс септік Исходный падеж	Етістік + *у* + /*-дан*/*-ден*
Көмектес септік Творительный падеж	Етістік + *у*/*-мен*

1. Етістіктерге *-у* жұрнағын жалғап, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения, присоединив к глаголам суффикс *-у*.


емде, ~~оқы~~, маман бол, бала тәрбиеле

1. Оқушының міндеті – *оқу* .
2. Студенттің мақсаты – ..... .
3. Ата-ананың мақсаты – ..... .
4. Дәрігердің мақсаты – ..... .

2. Суреттер бойынша сөйлем құрастырыңыз.
Составьте предложения по картинкам.



1



2



3



4



5



6

1. *Ән айтуы жаман емес* .....
2. .....
3. .....
4. .....
5. .....
6. .....

3. Жақшадағы сөздерге қажетті қосымшаларды жалғап жазыңыз.
Впишите слова данные в скобках, присоединив к ним нужные аффиксы.

Студенттердің көпшілігі өз денсаулығына капитал ретінде қарамайды. Олар бұл капиталды (дамыт) *дамыту* керектігі туралы ойланбайды. Бұл туралы біле тұра, денсаулықтарын қадағаламайды. (Оқы) ..... кезінде студенттердің денсаулығына көптеген факторлар әсер етеді. Оның біріншісі – объективті факторлары. Бұл – оқу кестесі, аудиториялардың (жабдықтал) ..... . Ал екінші фактор – субъективті фактор: (тамақтан) ....., күн тәртібі, қозғалыс.

Студенттер денсаулықтарына байланысты мынадай шағымдар айтқан: (шарша) ..... (50%), жеңіл ауру (26%), психологиялық ыңғайсыздық (25%), бас ауруы (18%), жүрек аурулары (14%), асқазан аурулары (14%), тіс ауруы (10%), бүйрек ауруы (2%).

4. Тиісті қосымшаларды қойыңыз.
Вставьте нужные аффиксы.

1. Бала досының келу..... күтіп тұр.
2. Тауды көру..... өзі бір рақат.
3. Фирманың жауабын күт..... тура келді.
4. «Болашақ» бағдарламасымен кез келген жастың бару..... болады.
5. Атасы немересінен жеті атасын айтып беру..... сұрады.

62-САБАҚ

Есімше
Причастие

Есімше – сын есімге де, етістікке де тән белгілерді қамтитын және заттың қимылға қатысты сипатын білдіретін етістіктің ерекше бір түрі.

Мысалы: *Жүгірген* жетпес, *бұйырған* кетпес,
Асық *ойнаған азар*, доп *ойнаған тозар*.

Есімше (причастие) – особая форма глагола, которая обладает свойствами как глагола, так и имени прилагательного и обозначает признак предмета по действию.

Есімше етістікке төмендегі жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:
Есмімше (причастие) образуется путем присоединения к корню глагола следующих суффиксов:

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік +	*-ған/-ген, -қан/-кен* *-атын/-етін, -йтын/-йтін* *-ар/-ер, -р* *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* *-ушы/-уші*



*Ол күнде кел**уші** еді.*
Он обычно приходил каждый день.



*Жақсылық кеше кел**ген**.*
Жаксылык приходил вчера.



*Мүмкін, ол ертең бар**ар**.*
Возможно, она пойдет завтра.



*Ол Бақытжанмен бірге бір мектепте оқы**ған**.*
Он учился с Бакытжаном в одной школе.

Есімше етістік түбірден жасалса да, сын есімдер сияқты септеледі, тәуелденеді.

Есімше, хоть и образовано из корня глагола, склоняется и спрягается как имя прилагательное.

Есімшенің тәуелденуі: Присоединение личных окончаний:		
Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Менің оқы+*ған*+ым	Біздің оқы+*ған*+ымыз
II	Сенің оқы+*ған*+ың Сіздің оқы+*ған*+ыңыз	Сендердің оқы+*ған*+дар+ың Сіздердің оқы+*ған*+дыр+ыңыз
III	Оның оқы+*ған*+ы	Олардың оқы+*ған*+дар+ы

Есімшенің көптелуі: Присоединение окончаний множественного числа:
бар + ған + дар
көр + ген + дер
бар + атын + дар
көр + етін + дер
бар + ушы + лар
көр + уші + лер

Есімшенің септелуі: Склонение причастий:		
Атау	кім? не?	оқы+ған
Ілік	кімнің? ненің?	оқы+ған+ның
Барыс	кімге? неге? қайда?	оқы+ған+ға
Табыс	кімді? нені?	оқы+ған+ды
Жатыс	кімде? неде?	оқы+ған+да
Шығыс	кімнен? неден?	оқы+ған+нан
Көмектес	кіммен? немен?	оқы+ған+мен

Есімше формасындағы етістік септелгенде, көптелгенде, тәуелденгенде зат есім ретінде қолданылады.

Есімше (причастие) при склонении, присоединении окончаний множественного числа и личных окончаний употребляется в качестве предмета.

Білгенге – маржан,
Білмегенге – арзан *(мақал)*
Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ. *(Абай)*
Құлақ *естігенді* көз көреді. *(мақал)*
Ағайынның *азары* болса да, *безері* болмайды. *(мақал)*

Есімшенің жіктелуі: Спряжение причастий:		
Жекеше түрі		Көпше түрі
I	Мен жаз-*ған-мын*	Біз жаз-*ған -быз*
II	Сен жаз-*ған-сың* Сіз жаз-*ған-сыз*	Сендер жаз-*ған-сың-дар* Сіздер жаз-*ған-сыз-дар*
III	Ол жаз-*ған* Ø	Олар жаз-*ған* Ø

Есімше сын есім мәнінде қолданылғанда сын есім сияқты зат есімнің алдынан келіп, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады.

Мысалы: *Жылтыраған шамдар, көтерілген тозаң көрінеді. (Ғ. Мұстафин)*

Есімше баяндауыш қызметінде өткен шақта нақты болған іс-әрекетті білдіреді.

Есімше (причастие) в случае употребления в значении имени прилагательного, как и прилагательное, ставится перед именем существительным и выполняет функцию определения.

Есімше в функции сказуемого обозначает реальное произведенное действие в прошедшем времени.



*Бұл ғимарат он жыл бұрын салын**ған**.*
Это здание было построено десять лет назад.



*Бақытжан Семейдегі дәрігерлік институтты бітір**ген**.*
Бакытжан закончил медицинский институт в Семее.

1. *-ған/-ген* құрылымын пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.
Закончите предложения, используя формы *-ған/-ген.*

1. Самат Алматыға (бар) ..*барған*.. еді.
2. О*л* кеше (кел) ..... .
3. Біз жұмысқа (бар) ..... .
4. Бұ*л* кеңсе 20 жы*л* бұрын (тұрғызы*л*) ..... .
5. Жазира педагоги*к*а*л*ық институтта (оқы) ..... .

63-САБАҚ

Есімшенің болымсыз түрі
Отрицательная форма причастия

Есімшенің болымсыз түрі етістік түбіріне *-ма/-ме* жұрнағы жалғануы арқылы және есімше формадағы етістікке *жоқ, емес* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады.

Есімше формасындағы етістіктерге жатыс септік жалғау *-да/-де* жалғанғанда амал-әрекеттің мезгілін білдіреді.

Мысалы:

Жаздүкін шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда. (Абай)

Отрицательная форма причастий образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов *-ма/-ме* и сочетания глагола в форме причастия со словами *жоқ, емес.*

При присоединении к глаголам в форме причастия суффиксов *-да/-де* обозначается время, период действия.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ма/-ме +*	*-ған/-ген* *-атын/-етін*



Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-ған/-ген, -қан/-кен + жоқ/ емес*



Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-атын/-етін* + емес



Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік *+-ма/-ме+с*



-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек жұрнақтары арқылы жасалған есімшенің болымсыз түрі:

Отрицательная форма причастия с суффиксами *-мақ/-мек, -бақ/-бек,-пақ/-пек:*

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* + емес



1. Сөйлемдерді есімшенің болымды формасымен аяқтаңыз.
Закончите предложения причастиями в утвердительной форме.

1. Былтыр Бақытжанның үйінде *танысқанмын* (таныс).
2. Біз кеше көрмеге ..... (бар). Көрмеге Жақсылық қатысты.
3. Өткен жылы Жақсылықтың кітабы ..... (шық), сен оны оқып па едің?
4. Ол ұлттық киімдер мен зергерлік бұйымдар туралы көп мәліметтер ..... (жина), жан-жақты ..... (зертте). Оның кітабынан көп мағлұмат алуға болады.
5. Мен Жақсылықпен былтыр ..... (таныс).
   Сен де Жақсылықты ..... (көр). Ол – Бақытжанның досы.

2. Сөйлемдерді есімшенің болымсыз формасымен аяқтаңыз.
Закончите предложения причастиями в отрицательной форме.

1. Сіздің үйіңізге әлі бар..... .
2. Біз қала әкімімен кездес..... .
3. Мен Алматыға әлі кел..... .
4. Дариға апаға телефон соғып хабарлас..... .
5. Менің Астанадағы жұмыстарым әлі біт..... .
6. Мен теледидардан «Құрдастар» хабарын көр..... .
7. Дариға апа да, балалар да әлі көрмеге бар..... , олар сізді күтіп жүр.

Көсемше
Деепричастие

64-САБАҚ

Көсемше – етістікке тән белгілерді қамтитын және негізгі қимыл-әрекетке қатысты қосымша әрекетті көрсетіп тұратын етістіктің ерекше бір түрі.

Көсемше (деепричастие) – особая форма глагола, которая обладает свойствами глагола и обозначает добавочное действие при основном действии.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік +	*-ып/-іп* *-а/-е/-й* *-ғалы/-гелі/-қалы/-келі*



– Терезені аша алмай жатырмын.



– Мен домбыра тарта аламын.

Көсемше – күрделі баяндауыштың құрамында негізгі етістік ретінде жиі қолданылады.

Көсемше часто употребляется в качестве основного глагола в составе сложного сказуемого.

Мысалы: кіріп шықты, айтып салды, оқып шықты, қағып түсті т.б.

Көсемшенің қызметі сан алуан.

Деепричастие многофункционально.

1) Қимылды білдіріп, етістіктің шақ категориясын жасауға негіз болады.

Обозначает действие и служит основой для образования категории времени глагола.

Мысалы: Баяғыда бай бол*ып*ты. Төрт түлігі сай бол*ып*ты. Бұл мысалда көсемшенің *-ып* формасы амал-әрекеттің өте ертеде болып кеткендігін білдіреді.

2) Қимылды білдіріп, күрделі етістік жасауға қатысады.

Обозначает действие и участвует в образовании сложного глагола.

Мысалы: Мереке бастығы кеше ауданға бар*ып* келді.

3) Қимылдың әртүрлі сынын, амалын, белгісін білдіреді.

Обозначает признак, способ действия.

Мысалы: Үйге сөйле*й* кірді. – Бұл сөйлемде *-й* көсемше формадағы етістік *қалай* деген сұраққа жауап беріп, кіру қимылының амалын білдіреді.

Көсемше төмендегідей мағыналарды білдіреді:
Көсемше выражает следующие значения:

- Іс-әрекеттің мақсатын:
  Цель действия:

Мен ән айтқалы отырмын.	Я собираюсь спеть песню.

- Сөйлеу кезінде болып жатқан іс-әрекет:
  Действие, совершаемое в момент разговора:

Мен ән айтып отырмын.	Я пою.

- Орындалған іс-әрекеттің болған немесе болмағандығы белгісіз екенін білдіреді:
  Обозначает неопределенность совершения действия:

Ол ән айтыпты.	Оказывается он спел песню.

Көсемшелер жеке дара қолданылмайтындықтан, оларға көптік, септік, тәуелдік жалғаулары жалғанбайды. Көсемше жұрнақтары тек жіктік жалғауларын жалғай алады.

Так как деепричастия не употребляются в отдельности, к ним не присоединяются окончания множественного числа, падежные и притяжательные окончания. Суффиксы деепричастий присоединяют только личные окончания.

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен бар+*а*+мын	Біз бар+*а*+мыз
II	Сен бар+*а*+сың Сіз бар+*а*+сыз	Сендер бар+*а*+сың+дар Сіздер бар+*а*+сыз+дар
III	Ол бар+*а*+ды	Олар бар+*а*+ды

-ғалы/-гелі жұрнақтары арқылы жасалған көсемшеге жіктік жалғауы жалғанбайды, етістіктермен тіркесіп қана қолданылады: айтқалы келді, жазғалы отыр.

К деепричастию с суффиксом -ғалы/-гелі личные окончания не присоединяются, они употребляются только в сочетании с глаголом: -айтқалы келді (пришел сказать), жазғалы отыр (собирается написать).

Көсемшенің *-ғалы/-гелі* жұрнағының мағыналары:
Значения суффиксов деепричастий *-ғалы/-гелі:*
Іс-әрекеттің басталуға дейінгі кезеңін білдіреді:
Обозначает период до начала действия:
Мысалы: А. Байтұрсынұлының 140 жылдығына арналған халықаралық конференция басталғалы жатыр. Анасының Бурабайдағы демалысы біткелі жатыр.

Іс-әрекеттің мақсатын білдіреді:
Обозначает цель действия:
Мысалы: Аудан әкімі ауылдың қазіргі ахуалымен танысқалы келді.
Университеттің ғалым-хатшысы ғылыми жобаларды Астанаға апарғалы кетті.

Көсемшенің болымсыз түрі:
Отрицательная форма причастия:

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік +	*-ма/-ме* *-ба/-бе*	*-п* *-й* *-ғалы/-гелі/* *-қалы/-келі*	+ жіктік жалғау



– Бұл әнді бұрын естіп пе едің?

– Жоқ, естімеппін.



– Бүгін қаладан келе ме?

– Жоқ, келмейді.



– Ауылға бармағалы көп болды ма?

– Иә, бармағалы көп болды.

Көсемшенің -а/-е/-й жұрнақтары *ал* етістігімен тіркесіп, іс-әрекеттің орындалу мүмкіндігін білдіреді.

Суффиксы деепричастий -а/-е/-й, сочетаясь с глаголом ал, выражает возможность выполнения действия.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік +	*-а/-е/-й* ал+ *-а/-е-й*	+ жіктік жалғау

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен айта аламын	Біз айта аламыз
II	Сен айта аласың Сіз айта аласыз	Сендер айта аласыңдар Сіздер айта аласыздар
III	Ол айта алады	Олар айта алады

*Мен домбыра **тарта аламын**, ал менің досым гитара **тарта алады.***

*– Сіз суда **жүзе аласыз ба?***
– Иә, бірақ онша емес.

*– Біз сізбен қашан **кездесе аламыз?***
*– Ертең сағат тоғызда уақытыңыз **бола ма**?*

Я могу играть на домбре, а мой друг может играть на гитаре.

– Вы умеете плавать?
– Да, но не совсем.

– Когда мы можем с вами встретиться?
– Завтра в девять у вас будет время?

Жіктелуі: Спряжение:		
Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен айта *алмай*мын	Біз айта *алмай*мыз
II	Сен айта *алмай*сың Сіз айта *алмай*сыз	Сендер айта *алмай*сыңдар Сіздер айта *алмай*сыздар
III	Ол айта *алмай*ды	Олар айта *алмай*ды

Болымсыз түрінің жасалу жолы:
Способ образования отрицательной формы:

Етістік +	*-а/-е/-й ал + -ма/-ме + -а/-е/-й*	+ жіктік жалғау

– Сіз ертең концертке <u>бара аласыз</u> ба?
– Жоқ, ертең концертке <u>бара алмаймын</u>.
– Мен мына автобуспен Медеуге <u>бара аламын</u> ба?
– Жоқ, сіз бұл автобуспен Медеуге <u>бара алмайсыз</u>.

Көсемшенің *-а/-е,/-й, -ып/-іп,/-п, -ғалы/-гелі* жұрнақтарынан басқа *-ғанша/-генше, -мастан/-местен, -ысымен/-ісімен, -майынша/-мейінше* сияқты формалары бар.

Кроме суффиксов *-а/-е,/-й, -ып/-іп,/-п, -ғалы/-гелі* существуют следующие формы деепричастий: *-ғанша/-генше, -мастан/-местен, -ысымен/-ісімен, -майынша/-мейінше.*

1. Сөйлемдегі етістіктерді көсемше жұрнақтарымен түрлендіріңіз.
Видоизмените глаголы в данных предложениях с помощью суффиксов деепричастий.

1. *Пойызға билет сатып ал.*
Пойызға билет сатып алыпты.
2. Автокөлік жүргізуді үйрет.
.....
3. Әуежайдан күтіп ал.
.....
4. Жаңа жұмыс ізде.
.....
5. Ақша бер.
.....

2. *-ып,-іп,-п/-а,-е,-й* көсемше жұрнақтарын қосып, сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложения, используя суффиксы деепричастий *-ып,-іп,-п/-а,-е,-й.*

1. Балалар аулада (ойна) *ойнап* жүр.
2. Марал мәшине (жүргіз) ..... алады.
3. Оқушылар лагерьде жазғы демалысын (өткіз) ..... жатыр.
4. Андрей алма ағашын (отырғыз) ..... қойды.
5. Менің досым суда (жүз) ..... алады.
6. Қонақтар қаланы (тамашала) ..... шықты.
7. «Интеллект» курсында ағылшын, қазақ тілдерін (үйрен) ..... жүрмін.
8. Біздің қонақүй әртүрлі қызмет түрлерін (көрсет) ..... алады.

3. Суреттер бойынша сөйлем құрастырыңыз.
Составьте предложения по картинкам.

	Ол		Ол ..... .
	Ол		Ол ..... .
	Ол		Ол ..... .

4. Мәтінді қалпына келтіріңіз.
Восстановите текст.



Бірде Аңсар көршісі Нұрланға:
– Нұрлан, мысығыңды маған бір күнге бер... ал..... ба?- деді.
– Неге?
– Біздің үйде тышқан көп еді.
– Жоқ, бер.... ал..... . Сен тышқандарыңды біздің үйге шақыр, - деді.

5. Сөйлемдерге көсемше жұрнақтарын қосып, сөйлемдерді қайта құрыңыз.
Видоизмените предложения, используя суффиксы деепричастий.

1. *Мен/ауылға/демал/келдім*
Мен ауылға демалғалы келдім .
2. Ертең/шетелге/жүр/отырмын
..... .
3. Үйге/қонақ/кел/жатыр
..... .
4. Мен/бос уақытта/жүзу үйрен/жүрмін
..... .
5. Мамандар/жұмыс/жоспарын/жасады
..... .

6. Сөйлемдерді болымсыз түрде аяқтаңыз.
Завершите предложения отрицательной формой.

1. Ол – өте білікті маман. Бірақ жақсы жұмыс (~~тап~~) *таба алмады* .
2. Досан телефонын жоғалтып алды. Сондықтан телефонға (жауап бер)
..... .
3. Менің автокөлігім бар. Бірақ оны (жүргіз) ..... .
4. Ертең конференция болады. Бірақ оған (қатыс) ..... .

Көмекші етістіктер. *Бол, ет, қыл* көмекші етістіктері

Вспомогательные глаголы. Вспомогательные глаголы бол, ет, қыл

65-САБАҚ

Көмекші етістіктердің тілімізде атқаратын қызметі көп. Көмекші етістіктер мүмкіндік мағынасын бере алады. Мысалы: келе алады, айта алады.

В казахском языке вспомогательные глаголы многофункциональны. Вспомогательные глаголы выражают значение возможности. Например: келе алады (может прийти), айта алады (может сказать).

Сондай-ақ қимылдың жасалу тәсілін білдіре алады. Мысалы: *айта салды* (немқұрайлықпен жасалуы); *келе қалды* (күтпеген жерден келу); *айта жаздады* (жетімсіз қимыл) т.с.с.

Наряду с этим вспомогательные глаголы могут означать способ действия. Например: айта салды (сказал невзначай); келе қалды (пришел неожиданно); айта жаздады (чуть не сказал) и т.д.

Көмекші етістіктер сөзжасамдық қызмет те атқарады. *Бол, ет, қыл* етістіктері есім сөздерден етістік жасайды.

Көмекші етістіктер (вспомогательные глаголы) также выполняют словообразовательную функцию. Глаголы *бол, ет, қыл* образуют глаголы из именных слов.




Бала кезімде ұшқыш болуды арман еттім.

В детстве я мечтал стать летчиком.



Құжаттарды түске дейін әзір қыл.

Подготовь документы до обеда.



Күні бойы жазғанымды таба алмай әуре болдым.

Целый день провозилась, так как не могла найти то, что написала.

Бол, қыл, ет етістіктерінің есім сөздерді етістікке айналдыруы туынды етістіктермен ұқсас: алаң болу – алаңдау; арман ету – армандау; әбігер қылу – әбігерлеу; әуре қылу – әурелеу; құштар болу-құштарлану; ыза болу – ызалану т.с.с.

Преобразование именных частей речи в глаголы с помощью глаголов *бол, қыл, ет* схоже с производными глаголами: алаң болу – алаңдау (беспокоиться); арман ету – армандау (мечтать); әбігер қылу – әбігерлеу (суетиться); әуре қылу – әурелеу (доставлять хлопоты); құштар болу – құштарлану (пристраститься); ыза болу – ызалану (рассердиться).

1. Көп нүктенің орнына *бол, ет, қыл* көмекші етістіктерінің тиістісін қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный из вспомогательных глаголов *бол, ет, қыл*.

Жүсіп бүкіл патшалыққа ие .*бол*.ып, барша мұратына жеткен екен. Алпамыстың елін қалмақтар ойран .....іп кеткен екен. Жолдан өткенде сақ .....ып жүргейсің. Кешкі асын бүгін ертерек әзірл.....ті. Кешке дейін бекерге әуре .....ды.

2. Мәтіннен *бол, қыл, ет* етістіктерімен жасалған тіркестерді табыңыз.
Найдите словосочетания, которые образованы с помощью глаголов *бол, қыл, ет*.

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскеніңді өшірерсің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа,
Жанашыры жоқ жарлыға
Жәрдемші бол асыға,
Қиын-қыстау күндерде
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба.

3. Мәтіннен *бол* етістігінің қатысуымен жасалған тіркестерді көрсетіңіз.
Укажите словосочетания, которые были образованы с помощью глагола *бол*.

Жасынан домбыра тарту, ән айтуға бейім болған Мәди Бәжұлы ақындық, композиторлық өнерді өзінің жан серігіне айналдырды. «Қарқаралы», «Шіркін-ай», «Қаракесек», «Үшқара», «Сәулем-ай», «Туған ел» атты әндері ел арасына кеңінен тарады. Халықтың сүйікті әншісі болды.

Мәди он саусағынан бал тамған өнерлі адам болды: домбыра, қобыз шауып, зерлеп ер-тұрман жасады, кісен соқты, ою ойып, қыз-жігіттің киім үлгілерін пішті, жезден биік өкше етік тікті. Мәдидің асқақ әндері бүгінгі ұрпаққа мұра боп қалды («Қазақ әдебиеті»).

Үстеу
Наречие

66-САБАҚ

Үстеу – қимыл, іс-әрекеттің әртүрлі белгілерін (амал-тәсілін, мезгілін, мекенін, жай-күйін) білдіретін сөз табы. Үстеулер *қалай? қашан? қанша? қайда? қайдан?* деген сұрақтарға жауап береді. Үстеу – түрленбейді, көптелмейді, жіктелмейді, тәуелденбейді, септелмейді.

Үстеу (наречие) – это часть речи, которая обозначает различные признаки действия (время, место, цель и образ действия). Үстеу отвечают на вопросы *какой? когда? сколько? где? откуда?* Үстеу не изменяются, то есть не присоединяет окончаний множественного числа, не спрягаются, не присоединяют личных окончаний, не склоняются.

Мысалы: ***ерте*** (рано), ***кеш*** (поздно), ***қазір*** (сейчас), ***бұрын*** (давно), ***тез, жылдам*** (быстро), ***ақырын*** (медленно), ***жорта*** (нарочно), ***әдейі*** (намеренно, специально), ***алға*** (вперед), ***босқа*** (зря) ***т.б.***

Жоғары *көтерілдік*.	Поднялись наверх.
Төмен *түстік*.	Спустились вниз.
Жаяу *көтерілдік*.	Поднялись пешком.
Әрең *түстік*.	Еле спустились.

Үстеудің түрлері мен сөйлемдегі қызметі
Виды наречий и их функции в предложениях

Үстеудің құрамына қарай түрлері Виды наречий по составу	
Негізгі үстеу Непроизводные наречия	ерте (рано), кеш (поздно), сәл (немножко), аз (мало), көп (много), тым (чересчур), ылғи (всегда), қазір (сейчас), бұрын (давно), тез, жылдам (быстро) т.б.
Туынды үстеу Производные наречия	Бала+ша (по-детски), орыс+ша (по-русски) шикі+лей (сырой), сонша+лық (настолько), жаз+дай (летом), түн+де (ночью), алды+мен (сначала), қайт+а (снова), тосын+нан (случайно), т.б.
Күрделі үстеу Сложные наречия	Бүгін – бұл+күн (сегодня), биыл – бұл+жыл (в этом году), анда-санда (иногда), әрең-әрең (еле-еле), күн ілгері (за день вперед), ертеден кешке дейін (с утра до вечера) т.б.

Негізгі түбір үстеулер – құрамы жағынан бөлінбейтін, негізгі түбір сөз арқылы іс-қимылдың, амал-әрекеттің түрлі белгісін білдіретін сөздер.

Негізгі түбір үстеулер (непроизводные наречия) – слова, которые не делятся по составу и в виде корня обозначают признак действия.

Мысалы: кеше (вчера), бұрын (давно), кейін (после), тез (быстро), өте (очень), дереу (быстро) т.б.

Негізгі үстеулердің көпшілігі сын есімнің шырай жұрнақтарымен түрлене алады.

Большинство непроизводных наречий видоизменяются с помощью суффиксов имен прилагательных.

бұрын – бұрын+ырақ, бұрын+дау
кейін – кейін+ірек, кейін+деу
әрмен – әрмен+ірек, әрмен+деу

Туынды үстеулер деп басқа сөз таптарынан қосымшалар жалғану арқылы жасалған үстеулерді айтамыз.

Туынды үстеулер (производными наречиями) называются наречия, которые, образуются из других частей речи путем присоединения аффиксов.

Үстеу тудыратын ең өнімді қосымша *-ша/-ше* жұрнағы, іс-әрекеттің қалай істелгендігін білдіреді.

Самый продуктивный словообразовательный суффикс *-ша/-ше* выражает образ действия.

Мысалы: адам<u>ша</u> сөйлеу (разговаривать как человек), құс<u>ша</u> ұшу (взлететь как птица), орыс<u>ша</u> сөйлесу (говорить по-русски) т.б.

-лай, -лей (-дай, -дей, -тай, -тей: екіншілей, күздей;
-дайын, -дейін (-тайын, -тейін): Түлкідейін түн қатып, Бөрідейін жол тартып (Махамбет) (көбінесе батырлар жырында қолданылған көне қосымша);
-шалық, -шама: соншалық, осыншама;
-шылап (-шілеп): Итшілеп зорға жетті;
-қары (-кері): ішкері, сыртқары.

Күрделі үстеулер – бірнеше түбірдің бірігуі, кірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалған сөздер.

Күрделі үстеулер (сложные наречия) – это слова, которые образуются путем слияния, наложения и сочетания нескольких корней.

Мысалы:
бірігу (слияние)**:** бүгін (бұл күн), биыл (бұл жыл), жаздыгүні (жаздың күні) т.б.
қосарлану (удваивание)**:** бірте-бірте, бостан-босқа, анда-санда, бет-бетімен т.б.
тіркесу (сочетание)**:** ала жаздай, күні бойы, алдын ала, күн ұзаққа т.б

Үстеудің мағынасына қарай түрлері: Виды наречий по значению:			
Үстеудің мағыналық түрлері Семантические виды наречий	Сұрақтары Вопросы	Мысалдар Примеры	Сөйлемдегі қызметі Функции в предложении
Мезгіл үстеуі Наречие времени	Қашан? Қашаннан?	Бұл үйге былтыр да келген. Келгенім – бүгін. Еріншектің ертеңі бітпес.	Пысықтауыш, баяндауыш, бастауыш
Мекен үстеуі Наречие места	Қайда? Қайдан?	Ілгері жүріңіз. Іздеген адамыңыз сонда.	Пысықтауыш, баяндауыш
Сын-қимыл үстеуі Наречие образа действия	Қалай? Қайтіп? Қалайша?	Ақырын жүріп, анық бас... Біз сізбен біргеміз, жолбасшы!	Пысықтауыш, баяндауыш
Мөлшер үстеу Наречие меры	Қанша? Қаншама?	Мұнша неге қорықтың? Ақылың қанша болса, табысың сонша.	Пысықтауыш, баяндауыш
Күшейткіш үстеу Усилительные наречия	Қалай? (қандай?)	Мүлдем ұмытып қалыппын.	Пысықтауыш
Мақсат үстеу Наречие цели	Қалай? Не мақсатпен?	Астанаға әдейі келдім.	Пысықтауыш
Себеп-салдар үстеу Наречие причины	Неліктен? Не себепті?	Амалсыздан айтқаныңа көндім.	Пысықтауыш
Топтау үстеу Разделительные наречие	Қалай? Қаншалап?	Әрең жетті.	Пысықтауыш

Үстеудің сөйлемдегі негізгі қызметі – пысықтауыш. Бірақ ол сөйлемде заттанып, баяндауыштың, бастауыштың да қызметін атқара алады.

Наречие выполняет функцию обстоятельства, а при субстантивации выступает в роли подлежащего и сказуемого.

Мезгіл үстеулері қимыл, іс-әрекеттің жүзеге асу уақытын, мезгілін, мерзімін білдіреді.

Мезгіл үстеулері (наречия времени) обозначают время, период, сроки действия.

Мысалы: ертең, бүгін, кеше т.б.

Бүгін институт қызметкерлері іссапармен Астанаға кетті.

Бұл ойын ол ертең Бекарысқа да айтады (З.Ш.).

Таңертең радиодан жаңбыр жауатынын хабарлады.

Мекен үстеулері қимыл, іс-әрекеттің мекенін, орнын, бағытын білдіреді.

Мекен үстеулері (наречия места) обозначают место, направление действия.

Мысалы: ілгері, төмен, жоғары, кейін т.б.

Базаралы басын шайқады да кейін қозғалды (М. Әуезов).

Ұшақ жоғары көтеріліп, биіктей түсті.

Мөлшер үстеулер қимыл, іс-әрекеттің немесе сынның көлемін, мөлшерін білдіреді.

Мөлшер үстеулер (наречия меры) обозначают объем, меру действия либо признака.

Мысалы: неғұрлым, бірталай, әжептәуір, біраз т.б.

Алматы Астанадан анағұрлым үлкен.

Университеттегі сабақтар ағылшынша жүретіндіктен, Жарас ағылшын тілін әжептәуір үйреніп қалды.

Күшейткіш үстеулері заттың сынын немесе іс-әрекеттің сипатын асыра не төмендете көрсетеді.

Күшейткіш үстеулері (усилительные наречия) усиливают либо уменьшают признак предмета или действия.

Мысалы: өте, ең, тым, өңкей, аса т.б.

Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті (Ғ. Мүсірепов).

Майра өзіне жүктелген істі өте тиянақты атқарады.

Сын-қимыл үстеулері іс-әрекеттің жүзеге асу амалын білдіреді.

Сын-қимыл үстеулері (наречия образа действия) обозначают способ произведения действия.

Мысалы: дереу, әрең, жылдам, шалқасынан, зорға, бірден т.б.

Қапылыста тосқауылға тап келіп, әзер құтылдық (Қ.С.).

Дипломаттар ағылшын тілінде емін-еркін сөйлейді.

Топтау үстеулері іс-әрекеттің бірнеше адам бірігіп, топтаса жүріп жүзеге асуын білдіреді.

Топтау үстеулері (разделительные наречия) обозначают действие, выполненное совместно группой лиц.

Мысалы: екі-екіден, төртеулеп, топ-тобымен.

Жұмыскерлер жер баракторынан бір-бірлеп шығып, айналаға тітіркене қарайды (Ғ.Мүсірепов).

Форумға келген қонақтарды екеулеп жүріп күтті.

Себеп-салдар үстеулері іс-әрекеттің себебін, салдарын білдіреді.

Себеп-салдар үстеулері (наречия причины) обозначают причину и следствия действия.

Мысалы: бостан-босқа, амалсыздан, бекерге т.б.

Жансерік шаруасы бітпегендіктен, амалсыздан аудан орталығына тағы келді.

Бірде Опрышкиннің самолётіне оқ тиеді де, амалсыздан жау жеріне қонады. (Т.Бигелдинов).

1. Үстеулерді құрамына қарай бөліңіз.


Разделите наречия по составу.

~~бұрын~~, ~~бүгін~~, кеше, қыс бойы, былтыр, неғұрлым, ілгері, ~~балаша~~, бері, әдейі, жорта, емін-еркін, тез-тез, ала жаздай, шапшаң, күні бойы, ұзақ, төмен, кешке

Негізгі	Туынды	Күрделі
бұрын	*балаша*	*бүгін*

2. Көп нүктенің орнына мағынасы бойынша үстеулерді қойып бірнеше сөйлем жазыңыз.

Составьте несколько предложений, вставив вместо многоточия наречия, подходящие по смыслу.



Абзал *жаяу* жүрді.
.....
.....
..... .



Ұшақ ..... ұшты.
.....
.....
..... .



Дария ..... сөйледі.
.....
.....
..... .

3. Үлгі бойынша тиісті үстеулерді қолданып, сұхбатты жалғастырыңыз.

Продолжите диалог по образцу, используя нужные наречия.

Қажетті сөздер: *жаяу, әзер, ертең, ала жаздай, ертең, қазақша, ~~бүгін~~.*

– Іссапардан қашан келдіңіз?
– *Іссапардан бүгін келдім* .
– Ол жаққа жаңбыр жауып па?
– ..... .
– Офиске қалай жеттіңіз?
– ..... .
– Шаршамадыңыз ба?
– ..... .
– Есепті қашан өткізесіз?
– ..... .
– Есепті қай тілде дайындап жатырсыз?
– ..... .
– Іссапар куәлігіңізді алып келдіңіз бе?
– ..... .

Еліктеу сөздер
Подражательные слова

67-САБАҚ

Еліктеу сөздерге табиғаттағы әртүрлі дыбыстар мен іс-әрекеттерге тікелей еліктеуден туған сөздер жатады.

Еліктеу сөздерге (к подражательным словам) относятся те слова, которые были образованы путем прямого подражания различным звукам и действиям, происходящим в природе.

Мысалы: тарс етті – стукнуло, гүрс етті – грохнуло т.б.

Еліктеу сөздер мағынасына қарай екіге бөлінеді: Еліктеу сөздер (подражательные слова) по значению делятся на две группы:	
Дыбыстық еліктеуіштер Подражание звуку	Непосредственно передают звуковые изменения природы: сарт (стук), сықыр-сықыр (скрип), дүңк (грохот), арс-арс (гав-гав), қарқ-қарқ (каркать).
Бейнелеуіш еліктеуіштер Подражание образу действия	Характеризует различные действия и процессы: жалт қарады (резко посмотрел), қоқандама (не петушись), бұранда (извиваясь) и др.

Еліктеу сөзден өзге сөз таптары жасалады: Из подражательных слов образуются другие части речи:	
Түбір еліктеу сөздер Подражательные слова в виде основы	Басқа сөз таптары Другие части речи
тарс (резкий стук; хлопок), *гүрс* (воспроизведение грохота выстрела), *тырс* (тук; кап), *даң-(ғыр), дүң(гір), қаң(ғыр)*	Есім сөздер (имена): Тарс+*ыл* (стук; грохот), гүрс+*іл* (гул; грохот; стук), тырс+*ыл* (треск; хруст), даң+*ғыр* (стук; громыхание; лязг), дүң+*гір* (гул; глухой отрывистый звук), қаң+*ғыр* - қаң+*ғыр* (звонкое бренчание)
күрк, сірк, томпаң, қорб(аң), жылт	Етістік (глагол): күрк+*іре* (греми), сірк+*іре* (мороси), томп+*аң*+*да* (движение быстрыми шажками (о малыше), қорб+*аң*+*дау* (ходить, переваливаясь), жылт+*ыл*+*дау* (поблескивать, мерцать), жарқ-жұрқ *ету* (блистать, сверкать (неоднократно)

Еліктеуіш сөздер көбінесе көмекші етістікпен тіркесіп қолданылады.

Подражательные слова употребляются в большинстве своем в сочетании со вспомогательными глаголами.

Мысалы: *сарт етті, саңқ етті, топ етті, т.б.*

Еліктеуіш сөздер қайталанып та, қосарланып та жұмсалады.

Подражательные слова употребляются и повторяясь и сливаясь.

Мысалы: *тарс-тұрс етті, арс-арс етті, сарт-сұрт етті, пыр-пыр етті, т.б.*

Бөлме тып-тыныш, тек сырт-сырт етіп соққан сағаттың дыбыс ғана естіледі.

Аспаннан найзағай жарқ-жұрқ етті.

1. Дыбыстық еліктеуіштері бар сөйлемдерді табыңыз.

Найдите предложения с звукоподражательными словами.

1. Есік сықыр-сықыр етіп ашылды.
2. ~~Аю қорбаңдап жүреді.~~
3. Қараңғыда жылт-жылт етеді.
4. Найзағай жарқ етті.
5. Ит арс етті.
6. Шам тарс етіп құлады.
7. Шағала шаңқ етті.
8. Баяғыдай балпаң басып жүр.
9. Шелек қаңғыр етті.
10. Уақыт зу-зу өтіп жатыр.

2. Сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз.


Составьте предложения по картинкам.

	
қарқ *Қарға қарқ етті*	қарқылдап күлді *Жасұлан қарқылдап күлді*
	
бұрқ-бұрқ	бұрқылдап ашуланды .....



лап

.....



тырс-тырс тиді

.....



жарқ-жұрқ

.....



бырт етіп үзілді

.....

3. Сәйкестікті табыңыз. Бейнелеуіш еліктеуіштерді белгілеп көрсетіңіз.
Найдите соответствие. Отметьте слова, подражающие образу действия.

Жұлдыздар.....етеді.	тық-тық
Өзен суы ..... ағады.	жылт-жылт
Сағат ..... етіп жүреді.	сылдыр-сылдыр
Аю ..... жүреді.	қаңқ
Түйе ..... басады.	саңқ
Қаз ..... етті.	маң-маң
Сауысқан ..... етті.	қорбаңдап

68-САБАҚ

Шылау. Жалғаулықтар
Служебные слова. Союзы

Шылаулардың толық лексикалық мағынасы болмайды. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сияқты сөз таптарымен тіркесіп, олардың мағынасын толықтыру, нақтылай түсу үшін көмекші қызмет атқарады. Шылаулар мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлінеді: септеуліктер, демеуліктер, жалғаулықтар.

Шылаулар (служебные слова) не имеют полного лексического значения. Они связывают между собой слова и предложения.

По значению и выполняемой функции служебные слова делятся на три группы: жалғаулықтар (союзы), септеуліктер (послелоги), демеуліктер (частицы).

Жалғаулықтар өзара тең дәрежедегі сөздерді, сөйлемдерді байланыстырады.

мен/бен/пен жалғаулық шылауы көмектес септіктің *-мен/-бен/-пен* жалғауларымен формалық жағынан бірдей болып келеді. Бұл форма көмектес септік мәнінде қолданылғанда, септеліп тұрған сөзге жалғанып, бірге жазылады. Бірыңғай сөздерді байланыстырғанда бөлек жазылады.

Жалғаулықтар (союзы) связывают равноправные между собой слова и предложения.

Союз *мен/бен/пен* приравнен по форме к окончаниям көмектес септік *-мен/-бен/-пен*. При использовании в значении көмектес септік он присоединяется к склоняемому слову и пишется слитно. При соединении однородных членов предложения пишется раздельно.




Мынау – нан **және** май.
Мынау – нан **мен** май.
Это – хлеб и масло.




Бұл – доп **және** кітап.
Бұл – доп **пен** кітап.
Это – мяч и книга.



Ораз **және** Әсел – достар.
Ораз **бен** Әсел – достар.
Ораз и Асель – друзья.

Көмектес септік		
Тамақты нан**мен** же. Еду ешь с хлебом.	Ол кітап**пен** келді. Он пришел с книгой.	Мен Ораз**бен** сөйлестім. Я разговаривал с Оразом.

Жалғаулық шылау		
Нан **мен** май	Кітап **пен** дәптер	Ораз **бен** Әсел

Жалғаулық шылаулар 6 мағыналық топқа бөлінеді: Союзы делятся на 6 группы:	
Ыңғайластық жалғаулықтар Соединительные союзы	мен (бен, пен, менен), және, да/де, та/те, әрі
Қарсылықты жалғаулықтар Противительные союзы	бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, сонда да, әйткенмен, әйтсе де
Талғаулықты жалғаулықтар Разделительные союзы	әлде, біресе, не, немесе, болмаса, я, яки, кейде, бірде, мейлі
Себептік жалғаулықтар Причинные союзы	себебі, өйткені, неге десең, не үшін десең
Себеп-салдарлық жалғаулықтар Причинно-следственные союзы	сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені, сол үшін, соның үшін
Шартты жалғаулықтар Условные союзы	егер, егер де, онда



Үстелдің үстінде сағат, **қалам** мен **кілт** жатыр. [қаламмен]	На столе лежат часы, ручка и ключи.

1. *Және* мағынасындағы *мен/пен/бен* сөздерін белгілеңіз.
Отметьте слова *мен/пен/бен*, которые находятся в значении *және*.

1. Суретке ағаш, гүл мен үй салынған.
2. ~~Суретші қарындашпен сурет салды.~~
3. Мен Даниярмен бірге оқимын.
4. Құжатың мен суретіңді әкел.
5. Біз жұмысқа автобуспен келдік.
6. Оқушымен бірге оның ата-анасы келді.
7. Мен, әдетте, пойыз бен ұшаққа отырамын.
8. Қараша мен желтоқсанда қар көп жауады.
9. Мәжіліс залына бөлім бастықтары мен қызметкерлер жиналды.

2. *мен/пен/бен* шылауын қолдана отырып, сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложения, используя союзы *мен/бен/пен*.

1	2	3	4	5	6
	  	  	  	 	 

1. Менің кішкентай ұлым ..... *ай мен күнді* ..... салды.
2. Менің портфелімде ..... жатыр.
3. Олар асханада ..... ішті.
4. Есіл өзенінің сол жағалауында ..... орналасқан.
5. Бүрсігүні Қостанай облысында ..... жауады.
6. Мен қызыма ойыншық дүкенінен ..... сатып алдым.

3. *мен/пен/бен/және* шылауларын қолданып, сөйлемдерді байланыстырыңыз.
Сформулируйте одно предложение, используя союзы *мен/пен/бен*.

1. Қағаздың түсі қызыл. Дәптердің түсі қызыл.
Қағаз бен дәптердің түсі қызыл .
2. Біз базардан қияр сатып алдық. Біз базардан сәбіз сатып алдық.
..... .
3. Жаңбыр дүйсенбіде жауды. Жаңбыр сейсенбіде жауды. Жаңбыр сәрсенбіде жауды.
..... .
4. Мен Думанды көрдім. Мен Асылбекті көрдім. Мен Мәдинаны көрдім.
..... .

Да/де, та/те жалғаулық шылаулары

Соединительные союзы *да/де, та/те*

69-САБАҚ

да/де, *та/те* шылаулары өзі байланысатын сөзден кейін келеді.
Союзы *да/де, та/те* ставятся после связанного с ним слова.

Әсел де, Санжар да әл-Фараби атындағы университетте оқиды.
[Әсел *де*] ⟶ [Санжар *да*]
И Асель, и Санжар учатся в университете имени аль-Фараби.

Бұл ⟶ дәптер *де* менікі.
[дәптер *де*]
Эта тетрадь тоже моя.

да/де, та/те жалғаулық шылаулары жатыс септіктің *-да/-де, -та/-те* жалғауларымен формадағық жағынан ұқсас болып келеді. Мекен, мезгіл т.б. мағыналарды білдіріп, жатыс септігінде тұрса, алдыңғы сөзбен бірігіп жазылады. Ал сөзбен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұрса, жалғаулық шылау болып, бөлек жазылады.

Союзы *да/де, та/те* схожи по форме с окончаниями жатыс септік *-да/-де, -та/-те*. В примерах, когда обозначают время, место в жатыс септік, окончания *-да/-де, -та/-те* пишутся слитно с сочетаемым словом. Если связывают между собой слова и предложения, являются союзами, и пишутся раздельно.

-да/-де, -та/-те жатыс септігі	Қыста қар, көктем**де** жаңбыр жауады. Зимой идет снег, весной дождь.
да/де, та/те шылауы	Маған қыс **та**, көктем **де** ұнайды. Мне нравится и зима, и весна.



Мағынасы: Бірінші адамның аты – Сергей, екінші адамның да аты – Сергей.
Значение: Первого человека зовут Сергей, второго тоже зовут Сергей.

Бүгін **де**, ертең **де** жаңбыр жауады.
Мағынасы: Екі күн бойы жаңбыр жауады.
Значение: Два дня подряд будет **лить** дождь.



дүйсенбі сейсенбі




1. *да/де, та/те* шылауларын белгілеңіз.
Отметьте союзы *да/де, та/те*.

1. Қағаз да, кітап та, дәптер де сөреде жатыр.
2. ~~Үйде қонақтар отыр.~~
3. Менде уақыт жоқ.
4. Сізде бұл ән бар ма?
5. Мен де саған келемін.
6. Бізде неміс тілі сөздігі бар.
7. Мен де сені жақсы көремін.
8. Біз де неміс тілінде сөйлейміз.
9. Сіз де бұл әңгімені оқыдыңыз ба?
10. «Балапан» телеарнасында ойындар да, мультфильмдер де көрсетіледі.

2. Сөздерді орын тәртібімен орналастырыңыз.
Поставьте слова в нужном порядке.

1. де/саябақта/мен/қыдырдым
Мен де саябақта қыдырдым .
2. үйде/бар/Wi-Fi желісі/жұмыста/де/да
..... .
3. зейнеткер/Болат ағай/да
..... .
4. дәмі/алманың/алмұрттың/да/тәтті/да
..... .
5. жасыңыз/де/сіздің/ма/қырықта
..... .
6. де/да/көпірлер/жаңа/ғимараттар/салынған/Астана/қаласында
..... .
7. барыпты/да/Оралға/де/Ақтөбеге/жазда/Құрмановтар
..... .
8. Олжас/де/айранды/етті/ішпеді/жемеді/да
..... .

3. Суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения, используя картинки.

			
~~қызанақ~~	~~кәмпит~~	теледидар	кесе
			
шұжық	ет	орындық	шәйнек

1. Жаңа дүкенде *кәмпит* те, *қызанақ*. та сатылады.
2. Менің мысығым .....-ті де, ...-ты да жейді.
3. Бөлмеде .....да, ...та бар.
4. Үстелде .....те, ...де тұр.

4. Тиісті шылауларды жазыңыз.
Напишите соответствующие союзы.

да, де, та, те

1. Маратқа алма берші.
2. Маған *да* берші.
3. Ғазизаның көзі ..... қара, шашы ..... қара.
4. Кеше біз көрмеге бардық. Сіздер ..... болдыңыздар ма?
5. Мария қазақ тілінде жақсы сөйлейді. Илья ..... жақсы сөйлейді.

70-САБАҚ

Туралы, арқылы, үшін септеулік шылаулары

Послелоги *туралы, арқылы, үшін*

Атаушы сөздер арасындағы мезгілдік, мекендік, мақсаттық, себептік қатынастарды білдіретін шылаудың түрі **септеулік шылаулар** деп аталады.

Септеуліктер белгілі бір септік жалғаудағы сөзбен тіркесіп қолданылады.

Служебные слова, обозначающие временные, пространственные, целевые и причинно-следственные отношения, называются **послелогами.** Послелоги стоят после управляемого слова, используемого в определенном падеже.

Туралы, арқылы, үшін, сияқты, жөнінде шылаулары атау септігіндегі сөздерден кейін келеді және өзгермейді.

Послелоги *туралы (о, про), арқылы (через), үшін (для), сияқты (как, как будто), жөнінде (про, о)* сочетаются со словами в именительном падеже и не изменяются.

туралы (о, об, про):

– Тарихшы қазақ хандығы туралы айтты.
– Историк рассказал о казахском ханстве.

– Әңгіме не туралы?
– Жас балалар туралы.
– О чем разговор?
– О детях.

– Бүгінгі мәжіліс жаңа қаржы көзін табу туралы болады.
– Сегодняшнее заседание о новых источниках финансирования.

арқылы (через, по):


– Ұлттық кітапханаға қалай барамыз?
– Жер асты жолы арқылы барасыз.
– Как дойти до Национальной библиотеки?
– Можно пройти через подземный переход.



– Президент саябағына қалай өтеміз?
– Мына жол үстіндегі көпір арқылы.
– Как пройти к Президентскому парку?
– Через этот наземный мост.



– Пойыз Жайық өзенінен қалай өтеді?
– Аспалы көпір арқылы өтеді.
– Как поезд проезжает через реку Жайык?
– По навесному мосту.



үшін (для, за, зачем, из-за):

– Сіз не үшін келдіңіз? *– Мен үй сұрап келдім. Ал менің көршім ақшалай көмек сұрау үшін келді.*	*– Вы для чего приехали?* *– Я приехал просить жилье. А мой сосед приехал просить денежную помощь.*
– Келісімшарт не үшін жасалады? *– Міндеттер мен құқықтарды анықтау үшін жасалады.*	*– Для чего составляется договор?* *– Договор составляется для определения обязательств и прав.*

1. Суреттерге қараңыз. Сөйлемдерді *үшін, арқылы* септеулік шылауларымен толықтырыңыз.

Просмотрите картинки. Дополните предложения послелогами *үшін, арқылы.*



1. Мәшине көпір *арқылы* өтіп барады.
2. Ұшақ Астанадан Мәскеу ..... Лондонға ұшты.
3. Көзілдіріктегі күңгірт әйнек кімдер ..... жасалады?

2. Сөйлемдерді *арқылы, үшін, туралы* шылауларымен толықтырыңыз.

Дополните предложения послелогами *арқылы, үшін, туралы.*

1. Сен жақында киноға бардың ба? Ол не *туралы*?
2. Сіз Астанаға не үшін келдіңіз? Емделу ..... .
3. Бұл хабарды қалай алдыңыз? Кім ..... ?

3. *Үшін, туралы* шылауларын пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы, используя послелоги *үшін, туралы.*

– Асқар Олжасұлы, сіз қандай мәселемен келдіңіз?

– Ерлан мырза, осыдан екі жыл бұрын ет өнімдерін шығаратын шағын кәсіпорын ашқан едім.

– Сөзіңізді бөлгенім үшін кешіріңіз. Кәсіпорныңыз тек ет өнімдерін шығару ..... ашылды ма?

– Иә, әзірге солай. Ет өнімдерімен қоса сүт тағамдарын шығаруға болады, бірақ құрал-жабдықтар сатып алу қажет. Ол ..... несие алу керек.

– Әрине, кәсіпорынды дамыту ..... несие алғаныңыз дұрыс. Бизнес-жоспарыңыз бар ма?

– Бар. Міне, сүт тағамдарын шығару ..... бизнес-жоспар.

4. Сөйлемдерді *туралы, арқылы, қарай, дейінгі* көмекші сөздерімен толықтырыңыз.
Дополните предложения вспомогательными словами *туралы, арқылы, қарай, дейінгі.*

– Ертістің ұзындығы неше шақырым?

– 4331 шақырым.

– Ертіс қандай облыстар арқылы өтеді, білесің бе?

– Жоқ, ол ..... білмеймін.

– Ертіс Шығыстан солтүстікке ағады. Ол Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарының жері ..... Батыс Сібір ойпатына ..... ағады.

– Ал Қара Ертіс деген қандай өзен, айтшы?

– Зайсан көліне ..... Ертісті қара Ертіс деп атайды.

– Рақмет, Ертіс ..... біраз білдім.

5. Сөйлемдерді *туралы, үшін* сөздерімен толықтырыңыз.
Дополните предложения словами *туралы, үшін.*

1. Семинарда оқулықтар туралы пікір алысады.
2. Мен базарға тауардың бағасын білу..... келдім.
3. Астана ..... әндердің байқауы болып өтті.
4. Тәуелсіздік ..... күрескен ұл-қыздарымыздың есімдері ұмытылмайды.
5. Анам соғыс уақытындағы балалар өмірі ..... көп айтып отыратын.

Байланысты, сәйкес/сай, бола септеулік шылаулары

Послелоги *байланысты, сәйкес/сай, бола*

71-САБАҚ

Байланысты, сәйкес, сай, бола септеулік шылаулары барыс септікті сөзден кейін қолданылады.

Септеулік шылаулары (послелоги) *байланысты, сәйкес, сай, бола* используются после слов в дательном падеже.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Сөз + барыс септік жалғауы *(-ға/-ге,-қа/-ке)*
байланысты, сәйкес/сай, бола

байланысты (в связи с ...):

Отбасы жағдайына *байланысты* үш күн демалыс алдым.	В связи с семейным положением я взял три дня отпуска.
Жоспарға *байланысты* жаңа сұрақтар қойылды.	В связи с планом были заданы новые вопросы.
Оның келісімге *байланысты* толықтырулары болды.	У него были дополнения в связи с договором.
Ол бағдарламаға *байланысты* ойларын айтты.	Она выразила свои мысли по поводу программы.

бола (из-за):

Серік қызметке *бола* басқа қалаға көшті.	Серик из-за работы переехал в другой город.
Емтиханға *бола* саяхатқа бармадық.	Из-за экзамена не смогли поехать в путешествие.
Ауа райына *бола* шатыр құрмадық.	Из-за погоды мы не стали строить крышу.

сәйкес/сай (соответственно, в соответствии, согласно):

Оқулыққа сәйкес/сай тапсырмалар берілді.	Были даны задания в соответствии учебнику.
Жұмыс кестесіне сәйкес/сай дайындалдық.	Мы готовились согласно графику работ.
Жауапқа сәйкес/сай баға қойылды.	Были выставлены оценки соответственно ответам.
Заңға сәйкес/сай шара қолданылды.	Были приняты меры согласно закону.

Қолданыста *сәйкес, сай, байланысты* сөздері өзара ауысып отыруы кездеседі. Бірақ олардың мағыналық айырмашылығы бар.

Сәйкес/сай сөздері қалыптасқан нормаларға белгілі бір құбылыстың сай келу/келмеуін білдіреді.

Байланысты сөзі заттар мен құбылыстар арасында туындаушы, себеп-салдарлық байланысты көрсетеді. Белгілі бір істің қалыптасуына негіз болған себепті білдіреді.

В разговорной речи слова *сәйкес, сай, байланысты* заменяют друг-друга. Но они отличаются по смыслу.

Слова *сәйкес/сай* обозначают *соответствие/несоответствие* явлений установленным нормам.

Слово *байланысты* выражает производную, причинно-следственную связь между предметами и явлениями. Также обозначает первопричину произведения определенного действия.


Ауа райына ***байланысты*** жұмыс тоқтады.	В связи с погодными условиями работы прекратились.
Талапқа ***сәйкес*** есеп менеджерге берілді.	Отчет был отдан менеджеру в соответствии требованиям.

1. Суреттерге қарап, *байланысты, сәйкес, сай* септеуліктерін пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

Рассмотрите картинки и составьте предложения, используя послелоги *байланысты, сәйкес, сай*.



1



2



3

1. ..... .
2. ..... .
3. ..... .

2. Сөйлем мазмұнын қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Дополните предложения нужными по смыслу словами.

байланысты	***сәйкес***	***сай***

1. Жаңа оқулықтың енуіне *байланысты* үлкен талқылау жүрді.
2. Ауа райының қолайсыздығына ..... ұшақ кеш ұшты.
3. Аттестаттау ережелеріне ..... жаңа құжат түрлері дайындалды.
4. Мемлекеттік грант талаптарына ..... комиссия өз жұмысына кірісті.
5. Ұжым жиналысының шешіміне ..... жұмыс уақыты қысқартылды.

Бірге, қатар, қоса септеулік шылаулары

Послелоги *бірге, қатар, қоса*

72-САБАҚ

Бірге, қатар, қоса сөздері көмектес септігіндегі сөздерден кейін тіркеседі және екі заттың не екі құбылыстың қатар болғанын білдіреді.

Слова *бірге, қатар, қоса* сочетаются со словами в көмектес септік и обозначают одновременное действие двух объектов либо явлений.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Сөз + *көмектес септік (-мен/-бен/-пен)* бірге, қатар, қоса

*Жаңбырмен **қатар** суық жел тұрды.*
*Концертте інім менімен **қатар** отырды.*
*Серік мектепті менімен **бірге** бітірді.*
*Үстел үстінде алмамен **бірге** алмұрт та тұр.*
*Аялдамаға автобуспен **қатар** троллейбус та келді.*

Бірге, қатар сөздері бір-бірінің орнына қолданыла береді.

Слова *бірге, қатар* могут заменять друг друга.

Мұқан Шоқанмен *қатар* Омбыда оқыды. Мұқан Шоқанмен *бірге* Омбыда оқыды.	Мукан учился в Омске вместе с Шоканом.
Ата-аналар балаларымен *бірге* мектеп бітіру кешіне дайындалды. Ата-аналар балаларымен *қатар* мектеп бітіру кешіне дайындалды.	Родители вместе с детьми готовились к выпускному вечеру.

Қоса сөзі екі заттың бірдей еместігін, біріншісі негізгі, ал екіншісі оған қосымша екенін білдіреді.

Кәсіпкер балалар үйіне компьютермен *қоса* магнитофон сыйлады.

Предприниматель подарил детскому дому вместе с компьютерами магнитофон.

Бірге, қатар, қоса сөздері көмектес септігіндегі тұйық етістікпен де тіркеседі.

Слово ***қоса*** обозначает, что одно из двух вещей или явлений является главным, второе – дополнительным.

Слова ***бірге, қатар, қоса*** сочетаются с глаголами в форме инфинитива в көмектес септік.



Ол футбол ойнаумен қатар бассейнге барады.
Он параллельно с футболом ходит в бассейн.

Менің інім ағылшын тілін үйренумен қатар испан тілін оқып жүр.	Мой младший брат наряду с английским изучает испанский язык.
Таза ауамен қатар жақсы тағам түрлері денсаулыққа әсер етеді.	Хорошая пища наряду с чистым воздухом благоприятно влияют на здоровье.

1. Көп нүктенің орнына *бірге, қоса, қатар* сөздерін қойыңыз.
Вместо многоточия проставьте слова *бірге, қоса, қатар*.

1. Менің әкем кітап оқумен *қатар* футбол қарауды да ұнатады.
2. Біздің ұжымымыз жұмыс істеумен ..... жақсы демала алады.
3. Олжас институтта оқумен ..... фирмада да жұмыс істейді.

2. Сөйлемдерде *ішінде, бойы, қатар, қоса, бірге* сөздерінің қажеттісін қойыңыз.
Вставьте нужное из слов *ішінде, бойы, қатар, қоса, бірге.*

1. Әселмен *бірге* мектепке көршінің қызы да барды.
2. Менің ағам 3 жыл ..... университет бітірді.
3. Сәуле кесте тоқумен ..... ертегі жазуды ұнатады.
4. Дәрігер 1 сағат ..... ауруларды қарады.
5. Вокзалға күтушілермен ..... шығарып салушылар да келді.

3. Сұрақтарға *бірге, қатар* сөздерін қолданып жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы, используя слова *бірге, қатар.*

1. Алғаш рет мектепке кіммен бірге бардыңыз?
Алғаш рет мектепке анаммен бірге бардым .
2. Партада кіммен бірге отырдыңыз?
.....
3. Оқумен (жұмыспен) қатар немен айналысасыз?
.....

Барысы, кезі, іші, бойы септеуліктері

Послелоги *барысы, кезі, іші, бойы*

73-САБАҚ

Барысында септеулігі істің басынан аяғына дейінгі кезеңін білдіреді.

Послелог *барысында (в ходе)* обозначает период действия от начала до конца.

Кезі септеулігі нақты бір уақытты білдіреді, яғни оқиға белгілі бір уақыт аралығында болатынын көрсетеді.

Послелог *кезі (во время)* обозначает точное время, т.е. действие выполняется в какое-то определенное время.



жиналыс уақытында



жиналыс кезінде



жиналыс бойы

Жиналыс барысында үш мәселе қаралды.	*В ходе заседания было рассмотрено три вопроса.*
Жиналыс кезінде бейтаныс адам кіріп келді.	*Во время собрания вошел посторонний человек.*
Жас маман жиналыс бойы компьютер қарап отырды.	*Молодой специалист на протяжении всего собрания смотрел в компьютер.*

барысында (в ходе ...):

кездесу барысында

кеш барысында

хабар барысында

әңгіме барысында

концерт барысында

келіссөз барысында

уақытында (во время ...):

кездесу кезінде

кеш өткізу уақытында

хабар жеткізу уақытында

келіссөз өткізу кезінде

жұмыс кезінде

сапар кезінде

... ішінде 13:00 - 14:00	.... бойы 14:00 - 17:00
	
бір сағат ішінде	*үш сағат бойы*
Түскі үзіліс сағат 13 пен 14 аралығында. Сен бір сағат ішінде тамақтанып келуің керек. Обед с 13 до 14 часов. Ты должен пообедать за один час.	Жиналыс сағат 14-те басталды. Біз үш сағат бойы жиналыста отырдық. Собрание началось в 14 часов. Мы были на собрании в течении трех часов.

1. ***Барысында, уақытында, кезінде*** **сөздерін тиісті орындарға қойыңыз.**
Вставьте слова *барысында, уақытында, кезінде*.

1. Біз жазғы демалыс *кезінде* теңізге бардық.
2. Көрмені ұйымдастыру ..... жас суретшілермен таныстым.
3. Жиналыс ..... барлық ұялы телефондар сөндірілді.

2. ***Ішінде, барысында, арқылы*** **сөздерін көп нүктенің орнына қойыңыз.**
Вместо многоточий вставьте слова *ішінде, барысында, арқылы*.

1. Жеңіске арналған салтанат*ты кеш барысында* соғыс ардагерлеріне сыйлық берілді.
2. Ұшаққа тіркеу екі сағат ..... жүргізіледі.
3. Өскеменге пойыз Семей ..... барады.

Сияқты, секілді септеуліктері

Послелоги *сияқты, секілді*

74-САБАҚ

Сияқты/секілді сөздері бір затты екінші затқа ұқсату мағынасын білдіреді.

Сияқты/секілді заттар арасындағы айырмашылықты, бірінде бар, екіншісінде жоқ белгілерді көрсету үшін қолданылады.

Сияқты/секілді сөздері атау септігіндегі сөздерден кейін тіркеседі.

Слова *сияқты/секілді* используются для выражения сходства двух предметов.

Слова *сияқты/секілді* используются для указания отличий между двумя предметами, наличия каких-либо свойств у одного и их отсутствия у другого предмета.

Слова *сияқты/секілді* сочетаются со словами в именительном падеже.

*Баласы **әкесі сияқты** математиканы жақсы көреді.*	*Сын любит математику, как и отец.*
*Қызы **анасы сияқты** музыканы жақсы көреді.*	*Дочь любит музыку, как и мама.*
*Ол мен **сияқты** көлік сатып алды.*	*Он купил транспорт, как и я.*
*Пойыз ұшақ **сияқты** жылдам емес.*	*Поезд не такой скоростной как самолет.*
*Асан жас бала **секілді** асыр салып ойнады.*	*Асан начал резвиться и играть как ребенок.*






Барыс қоян сияқты қорқақ емес.	*Қоян барыс сияқты жыртқыш емес.*
Барс не такой пугливый как заяц.	*Заяц не такой хищник как барс.*

1. Үлгі бойынша суретке сәйкес сөйлем құраңыз.

Используя образец, составьте предложения по картинкам.

1.	2.	3.
		
Самат Арман Мағжан (ұзын-қысқа)	Тарих оқулығы 200 теңге География оқулығы 350 теңге Математика оқулығы 450 теңге (қымбат-арзан)	алма апельсин жүзім (қышқыл-тәтті)

4.	5.	6.
		
28 жас Елнұр 30 жас Гауһар 18 жас Нұрлан (үлкен-кіші)	Эйфель мұнарасы Бәйтерек мұнарасы Бостандық статуясы (биік-аласа)	аю қоян түлкі (батыл-қорқақ)

1. *Арман Мағжан сияқты ұзын емес, бірақ Самат секілді қысқа емес.*

2. .....

.....

3. .....

.....

4. .....

.....

5. .....

.....

6. .....

.....

2. Сөйлемдерді *сияқты/секілді* сөздерін пайдаланып, өзгертіп жазыңыз.
Напишите предложения, используя слова *сияқты/секілді.*

1. Астана да, Алматы да әдемі қала.
Алматы Астана сияқты әдемі қала.

2. Балқаш, Арал – үлкен көлдер.

.....

3. Мен де ол да жас едік.

.....

Модаль сөздер
Модальные слова

75-САБАҚ

Модаль сөздер – сөйлемде айтылған ойға сөйлеушінің қатынасын білдіреді.
Модаль сөздер (модальные слова) выражают отношение говорящего к высказываемой мысли.

Сенің баруың керек.	Тебе надо пойти.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + тұйық етістік *(-у)* тәуелдік жалғау + керек/қажет

Менің бар*уым*/кет*уім керек* (қажет)
Сенің бар*уың*/кет*уің керек* (қажет)
Сіздің бар*уыңыз*/кет*уіңіз керек* (қажет)
Оның бар*уы*/кет*уі* керек (қажет)
Біздің бар*уымыз*/кет*уіміз керек* (қажет)
Сендердің бар*уларың*/кет*уіміз керек*(қажет)
Сіздердің бар*уларыңыз*/кет*уіңіз керек* (қажет)
Олардың бар*улары*/кет*улері керек* (қажет)

– Менің хат жазуым керек.



– Оның хат жазуы керек.

– Айжан сенің бассейнге нешеде баруың керек?



– Сағат 10-да баруым керек.

Керек, қажет модаль сөздері жіктеледі.
Модальные слова *керек, қажет* спрягаются.

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен керек**пін** (қажет**пін**)	Біз керек**піз** (қажет**сіз**)
II	Сен керек**сің** (қажет**сің**) Сіз керек**сіз** (қажет**сіз**)	Сендер керек**сіңдер** Сіздер керек**сіз**дер
III	Ол керек (қажет) **Ø**	Олар керек (қажет) **Ø**

1. Дұрысын таңдаңыз.

Выберите правильный вариант.

1. Оның кездесуге бару/баруы керек.
2. Менің есепті тексеруім/тексеруің керек.
3. Қазір Алматы – Астана пойызы келуі/келу керек.
4. Сіздің министрлікке хат жазуларың/жазуыңыз керек.
5. Сіздің бүгін жиналысқа қатысуыңыз/қатысуың қажет.
6. Сендер сынып газетін шығаруларың/шығаруың керек.
7. Біздің мектепте би үйірмесін ашуымыз/ашуыңыз керек.
8. Бүгін біздің сағат 14. 00-де Көкшетауға ұшумыз/ұшуымыз керек.
9. Олардың кинотеатрда ұлттық киноларды жиі көрсетуі/көрсетулерін қажет.

2. *-ым/-ім, -ың/-ің, -ы/-і, -ымыз/-іміз* қосымшаларының қажеттісін қойыңыз.

Вставьте нужные из ряда аффиксы *-ым/-ім, -ың/-ің, -ы/-і, -ымыз/-іміз*.

1. – Мен қонақүй төлемақысын қашан төле*ү.і.м.* керек?
2. – Құжаттарды хатшы қайда өткіз..... қажет?
3. – Біздің балаларға қандай киім ал..... керек?
4. Маған достарым кел..... керек.
5. Біздің бүгін кешке концертке бар..... керек.
6. Әсем мұғалімнің тапсырмасын орында..... қажет.

3. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Закончите предложения.

1. Менің сағат 8.30-да сабаққа бару*ы.м керек* .
2. Сәуленің күн сайын сағат 16. 00-де ағылшын тілі курсына қатысу.....
   ..... .
3. Менің досымның ай сайын сағат 10-нан 11-ге дейін дәрігерде болу.....
   ..... .
4. Сіздің аптасына бір рет сағат 9-дан 10-ға дейін жиналыс өткізу.....
   ..... .
5. Бөлім бастығының айына бір рет департамент директорына есеп беру
   ..... .

4. Дұрыс нұсқаны белгілеңіз.
Укажите правильный вариант.

1. Менің ертең ерте тұруым керек/керекпін.
2. Бөлімге маман керек/керексің.
3. Бізге сенің кеңесің керек/керексің.
4. Сіз жобаны дайындауыңыз керексіз/керек.
5. Сендер ертең конференцияда керек/керексіңдер.

5. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы письменно.

1. Көз не үшін керек? *Көз көру үшін керек* .
2. Несие карточкасы не үшін керек? ..... .
3. Спорт не үшін керек? ..... .
4. Білім не үшін керек? ..... .
5. Ұялы телефон не үшін керек? ..... .

6. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы письменно.

1. Сіздің айына бір рет не істеуіңіз керек?
Менің айына бір рет дәрігерге көрінуім керек .
2. Сіздің күнде таңертең не істеуіңіз керек?
..... .
3. Сіздің жұмыста не істеуіңіз керек?
..... .
4. Сіз ата-анаңызға не айтуыңыз керек?
..... .

76-САБАҚ

Модаль сөздердің қолданылуы
Употребление модальных слов

Сөйлеу барысында модаль сөздердің қысқартылған формасы пайдаланылады.
В разговорной речи часто употребляется сокращенная форма модальных слов.

Маған
Саған
Сізге
Оған
} хат жазу керек.

Бізге
Сендерге
Сіздерге
Оларға
} хат жазу керек.

Модаль сөздердің болымсыз формасы *керек/қажет* сөздеріне *емес* көмекші сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.
Отрицательная форма модальных слов образуется с помощью вспомогательного слова ***емес***.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + тұйық етістік *(-у)* + керек/қажет емес

Асқарға бүгін жұмысқа ерте бару керек емес.	Аскару сегодня не надо рано идти на работу.
Қала тұрғындарына суда шомылу үшін алысқа бару қажет емес.	Жителям города для купания не нужно далеко идти.

Модаль сөздердің болымсыз формасы *керек/қажет сөздеріне жоқ* сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.
Отрицательная форма модальных слов образуется при помощи слов *қажеті/керегі жоқ*.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + тұйық етістік *(-у) -дың/-дің* қажеті/керегі жоқ

Маратқа күнде ерте тұрудың қажеті жоқ.
Марату не нужно каждый день рано вставать.

Адамға көп ұйықтаудың қажеті жоқ.
Человеку не надо много спать.



– Баламның тапсырмасы бойынша ойыншық сатып алуым керек.

– Иә, ол ойыншықтар жақсы көреді ғой.



– Хан шатырға жету үшін қай автобусқа отыру керек?

– Бұл жерден алыс емес пе?

– Автобусқа отырудың қажеті жоқ. Оған жаяу да баруға болады.

– Онша алыс емес.



– Жоқ, қазіргі ереже бойынша билет қажет емес.

– Екі жасқа дейінгі балаларға ұшаққа билет қажет пе?

1. Тиісті нұсқаны таңдаңыз.
Выберите правильный вариант.

1. Бүгін сенің/саған не істеуің керек?
2. Ертіс өзенінде/Ертіс өзені кememен серуендеу керек.
3. Маған/менің досыма кітап сатып алуым керек.
4. Соғыс ардагерлеріне/соғыс ардагерлерінің арналған концерт дайындау керек.

2. Сөйлемдерді *ол, менің, сендердің* сөздерімен толықтырыңыз.
Дополните предложения словами *ол, менің, сендердің*.

1. Ол мұражайға баруы керек.
2. ..... қала орталығына баруым қажет.
3. ..... Бәйтеректі көрулерің керек.
4. ..... Майра әжейге көмектесу керек.

3. Сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения.

1. Сәрсен Астананы көрді.
Сәрсен Астананы көруі керек .....
2. Мен жазғы олимпиадаға қатысамын.
..... .
3. Біздің спортшылар олимпиадада жеңіске жетеді.
..... .
4. Мен туыстарыма телефон соғамын.
..... .
5. Мен ініме шахмат үйретемін.
..... .

4. Суретке қарап, не істеу керек екенін айтыңыз.
Посмотрев на рисунки, напишите что необходимо сделать.

		
1. Мараттың басы ауырып отыр.	2. Бақшада жүзім пісіп тұр.	3. Айшаның анасының туған күні.
		
4. Оның көйлегі кірледі.	5. Сәкен кітапты жыртып алды.	6. Музыканың дауысы қатты естіліп жатыр.

1. *Маратқа дәрігерге бару керек* .....
2. ..... .
3. ..... .
4. ..... .
5. ..... .
6. ..... .

Тиіс, міндетті модаль сөздері
Модальные слова *тиіс, міндетті*

77-САБАҚ

Тиіс, міндетті сөздері орындалуға тиісті іс-әрекетті жеткізу үшін қолданылады.
Конструкция *тиіс, міндетті* (должен, обязан) употребляется для передачи действия, которое должно быть выполнено.

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-уға/-уге +тиіс/міндетті*

– Бүгін әкімдікте мәжіліс. *– Онда біз кешікпеуге тиіспіз/міндеттіміз.*	*– Сегодня в акимате собрание.* *– Тогда мы не должны опаздывать.*
– Ол бүгін жолға шығуға тиіс пе? *– Иә, шығуға тиіс.*	*– Он сегодня должен выехать?* *– Да, должен выехать.*

Жасалу жолы:
Способ образования:

Етістік + *-уға/-уге +тиіс/міндетті* + жіктік жалғау

Ол кеше есепті тапсыруға тиіс болатын.	*Он должен был вчера сдать отчет.*

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Мен керек*пін* (қажет*пін*)	Біз таңдауға тиіспіз.
II	Сен керек*сің* (қажет*сің*) Сіз керек*сіз* (қажет*сіз*)	Сендер жазуға тиіссіңдер. Сіздер кездесуге тиіссіздер.
III	Ол керек (қажет) Ø	Олар жіберуге тиіс.

Болымсыз түрі:
Отрицательная форма:

Етістік + *-уға/-уге* тиіс/міндетті емес + жіктік жалғау

Мен жұмыстан кейін қалуға тиіс/міндетті емеспін.	*Я не обязана оставаться после работы.*
Сіздің барлық сұрақтарыңызға жауап беруге міндетті емеспін.	*Я не должен отвечать на все ваши вопросы.*

– Мен белгілі адамдар туралы кітап сатып алдым. Сен оны міндетті түрде оқуға тиіссің.



1. *-уға/-уге тиіс/міндетті* үлгіні пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.
Дополните предложения, используя образцы *-уға/-уге тиіс/міндетті.*

1. Отбасында ер адам – басты тұлға. Сондықтан да жауапты істі ер адам *атқаруға міндетті* .
2. Мен бүгін банкке (бар) ..... .
3. Қарызды уақытында (қайтар) ..... .
4. Әр қызметкер тоқсан сайын (есеп бер) ..... .
5. Мына кітаптарды мен кітапханаға бүгін (өткіз) ..... .
6. Балалар жастайынан отбасы жұмыстарына (икемдел) ..... .

2. *-уға/-уге тиіс* үлгіні пайдаланып, сөйлемдерді төмендегі етістіктермен толықтырыңыз.
Дополните предложения следующими глаголами, используя образцы *-уға/-уге тиіс.*

қол қою, кездесу, үйрену, қарап шығу

1. Жарты сағаттан кейін серіктесімізбен *кездесуге тиіспін.*
2. Келісімшарт мәтіні дайын. Оған бөлім бастығы ..... .
3. Мен хатты аударған едім. Қазір хатты тағы ..... .
4. Сіз көлік жүргізуді ..... . Бұл сіздің жұмысыңызға керек.

3. *Керек, тиіс* сөздерін пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы, используя слова *керек, тиіс.*

1. Бұл мата не үшін керек?
Бұл мата сәнді көйлек тігу үшін керек .
2. Тәжірибе жинау үшін не істеу керек?
..... .
3. Адамдармен араласу үшін не істеу керек?
..... .
4. Дәрігер не істеуге тиіс?
..... .

4. *-уға тиіс, -у қажет емес* үлгілерін пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.
Дополните предложения, используя образцы *-уға тиіс/-у қажет емес.*

Асхат: Кеңсеге арналған үстелдерге тапсырыс берейін бе?
Әсет: Жоқ, үстелдерге тапсырыс (бер) *беру қажет емес* .

Аян: Мен ертең байқауға (қатыс) ..... .
Сәуле: Сәттілік тілеймін!
Аян: Рақмет!


Айбек: Мәшинені (жөнде).....?
Сәуле: Жоқ, (жөндет)..... .

Бар, жоқ, иә модаль сөздері
Модальные слова *бар, жоқ, иә*

78-САБАҚ

Бар, жоқ, иә **модаль сөздері құптау, жоққа шығару, барлық, жоқтық мәндерді білдіру үшін қолданылады.** *Иә* **модаль сөзі жіктелмейді.**

Модаль сөздері (модальные слова) бар (есть), жоқ (нет), иә (да) употребляются для выражения наличия либо отрицания. Модальное слово *иә (да)* не спрягается.



– Жиналыста бөлім бастығы бар ма?
– Жоқ басқарма бастығы отыр.
– Заңгер ше?
– Иә, заңгер осында.

1. Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңіз. *Иә, жоқ* сөздерін пайдаланыңыз.
Ответьте на вопросы, используя картинки. Используйте слова *иә, жоқ*.



Бірінші суретте үш орындық бар ма?

.....



Бөлмеде теледидар бар ма?

..... .



Бөлмеде тақта бар ма?

..... .



Дәрісханада оқытушы бар ма?

.....

2. Жауапқа сәйкес сұрақ құрастырыңыз.
Составьте вопросы, соответствующие ответам.

1. .....? .....?	– Жоқ, менің мәшинем жоқ. – Иә, досымның мәшинесі.
2. .....? .....?	– Иә, бар. – Ағамның аты – Жомарт.
3. .....? .....?	– Әпкем жоқ. – Қарындасым бар.
4. .....? .....?	– Әрине бар. Екінші қабатта. – Жоқ, бізде кітапханада көркем әдебиеттер ғана бар.

3. Қажетті орындарға *иә, жоқ, бар* сөздерін қойып, сөйлемдерді аяқтаңыз.
Закончите предложения, вставив нужное слово из ряда *иә, жоқ, бар*.

1. Сәкен Мұратұлы, сіз жұмыстасыз ба?

– ....., ...

2. – Департамент директоры ....?

– ....., қазір ол демалыста.

3. – Сендердің бақшаларыңда жидектер ....?

– ..... .

Көмекші есімдер (ішінде, үстінде, астында)

Служебные имена (ішінде, үстінде, астында)

79-САБАҚ

Көмекші есімдер заттың кеңістікте орналасу қатынастарын білдіреді: *асты, үсті, іші, жаны, қасы, алды, арты, бойы* және т.б.

Көмекші есімдер өзі қатысты ілік септігіндегі зат есімдерден кейін келеді.

Көмекші есімдер (служебные имена) указывают на пространственные отношения предметов.

Служебные имена сочетаются с именами существительными, стоящими в форме ілік септік.



Доп қораптың **ішінде** жатыр.
Мяч лежит внутри коробки.



Доп қораптың **үстінде** тұр.
Мяч стоит на коробке.



Доп қораптың **астында** тұр.
Мяч стоит под коробкой.



Доп қораптың **қасында** тұр.
Мяч стоит около коробки.



Доп қораптың **алдында** тұр.
Мяч стоит перед коробкой.



Доп қораптардың **арасында** тұр.
Мяч стоит между коробками.

Үстінде, артында, алдында т.б. сияқты көмекші есімдер заттың кеңістікте орналасуын (мекенін) көрсетеді.

Үстінде (на), артында (за), алдында (перед) и т.д. указывают на расположение предметов в пространстве.



Құмыра үстелдің үстінде тұр.
Ваза стоит на столе.



Сәния қабырғаның арғы жағында тұр.
Сания стоит за стеной.



Сәния қабырғаның алдында тұр.
Сания стоит перед стеной.

үйдің артында	**қаптың ішінде**	**диванның астында**
за домом	в мешке	под диваном

1. Көмекші есімдермен келген сөйлемдерді табыңыз.
Найдите предложения со служебными именами.

1. Диванның қасында екі кресло тұр.
2. ~~Қонақтар шай ішіп отыр~~.
3. Ештеңе етпес.
4. Бөлме терезелері биік.
5. Үйдің артында бақ бар.
6. Сөмкенің ішінде кітап жатыр.
7. Шкафтың артында ештеңе жоқ.
8. Үстелдің үстінде журналдар жатыр.
9. Біз өзен бойымен серуендеп келеміз.
10. Бақшада қияр мен қызанақ пісіп тұр.
11. Теледидардың алдында музыкалық орталық тұр.

2. Сөздерді реттеп, сөйлем құраңыз.
Упорядочьте слова и составьте предложения.

1. арасына/екі терезенің/ілдік/теледидар
Екі терезенің арасына теледидар ілдік .
2. телефон/кабинеттің/шылдыры/естілді/ішінен
..... .
3. артында/Алмагүл/есіктің/тығылып тұр
..... .
4. қобызшының/отыр/домбырашы/қасында
..... .
5. артында/орналасқан/дүкеннің/менің/үйім
..... .
6. астында/өзен/ағып жатыр/көпірдің
..... .
7. Алдияр/қасында/отыр/атасының
..... .

3. Тиісті жалғау мен көмекші есімдерді табыңыз.
Найдите соответствующие окончания и служебные имена.

~~-дың астында~~ -ның қасында, -нің артында, -тің ішінде, -нің алдында, -ның арасында, -тың жанында



1. Мәдина қолшатыр*.дың астында* тұр.



2. Терезе..... ..... шырша көрініп тұр.



3. Екі бала..... ..... Сабыржан тұр.



4. Жылқы..... ..... құлын тұр.



5. Мен Бәйтерек..... ..... тұрмын.



6. Гүл терезе..... ..... тұр.

4. Көп нүктенің орнына тиісті көмекші есімдерді жазыңыз.
Напишите вместо многоточий соответствующие служебные имена.

1	2	3	4	5	6
					
Бәйтерек	Әнші фонтан	Ғимараттар	Ақ Орда	Бейбітшілік пен келісім сарайы	«Қазақ елі» монументі

1. Бәйтеректің ...*үстінде*... шар бар.
2. Бәйтерек әнші фонтанның ..... .
3. Ақ Орда екі ғимараттың .....
   орналасқан.
4. Ақ Орданың .....
   Бейбітшілік пен келісім сарайы тұр.
5. «Қазақ елі» монументінің .....
   Бейбітшілік пен келісім сарайы тұр.




80-САБАҚ

Сөз тіркесі
Словосочетание

Сөз тіркесі дегеніміз – толық мағыналы екі не бірнеше сөздің бір-біріне мағыналық жағынан бағына байланысуы. Басыңқы сөздің қай сөз табынан жасалуына қарай сөз тіркесі *есімді тіркес, етістікті тіркес* болып жіктеледі.

Сөз тіркесі (словосочетание) – это связь двух или нескольких полнозначных слов, связанных по смыслу и грамматически. В зависимости от того, из какой части речи образовано главное слово словосочетания, бывают следующие виды данной единицы: именные и глагольные.

Есімді тіркес	Етістікті тіркес
	
Жақсы маман Хороший специалист	Достармен кездесу Встреча с друзьями
	
Биік ғимарат Высокое здание	Хат жазды Написал письмо

1. Есімді сөз тіркесін табыңыз.
Найдите именные словосочетания.

1. Қиын міндет
2. ~~Міндетті орындау~~
3. Кең бөлме
4. Жеріміз кең
5. Арманға жету
6. Жетер жеріміз
7. Орындалған арман
8. Бөлме тазартылды

2. Сурет пен берілген сөздерді қатыстырып, есімді және етістікті сөз тіркесін жасаңыз.

Образуйте именные и глагольные словосочетания, использовав рисунки и слова.

Қажетті сөздер: *қалың, жарық, қымбат, биік, алды, көрінді, оқыды, сөнді.*

Үлгі: *жаңа* ***жол***		..... салынды
.....		....
.....		....
.....		....
.....		....

3. Сұрақтарға сөз тіркесімен жауап беріңіздер.

Ответьте на вопросы словосочетаниями.

– Аты-жөніңіз кім?

– ....

– Жасыңыз нешеде?

– ....

– Қай қалада тұрасыз?

– ....

– Қайда жұмыс істейсіз?

– ....

– Еңбек өтіліңіз қанша жыл?

– ....

– Қай университетті бітірдіңіз?

– ....

– Отбасыңызда қанша адам бар?

– ....

– Соңғы оқыған кітабыңыз қандай?

– ....

– Авторы кім?

– ....

81-САБАҚ

Сөздердің байланысу түрлері
Типы соединения слов

Қазақ тілінде сөздердің байланысуының 4 түрі бар: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу.

В казахском языке существует 4 типа связи слов: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу.

Қиысу (Согласование)

Қиысу – сөз бен сөздің жіктік жалғаулары арқылы және жіктелу ретімен байланысуы.

Согласование – вид связи, при котором зависимое слово согласуется с главным в личных окончаниях и спряжении.

Мысалы (например): *Мен – ұстазбын. Біз – ұстазбыз. Сен – мамансың. Сендер – мамансыңдар.*

Меңгеру (Управление)

Меңгеру – бағыныңқы сөздің атау мен ілік септігінен басқа септік жалғаулары арқылы басыңқымен байланысуы.

Управление – вид подчинительной связи, где зависимое слово сочетается с главным в падежной форме (кроме именительного и родительного падежей).

Мысалы (например): *үлкенді сыйлау, домбырамен ән салу т.б.*

Матасу (Взаимоподчинение)

Матасу – сөздердің ілік септігі мен тәуелдік жалғаулары арқылы байланысуы.

Взаимоподчинение – вид связи, при котором слова согласуются в форме родительного падежа и притяжательной форме.

Мысалы (например): *мекеменің қызметкері, ауылдың ауасы т.б.*

Қабысу (Примыкание)

Қабысу – сөздердің бір-бірімен ешбір жалғау және шылаусыз, тек іргелес тұру арқылы байланысу түрі.

Примыкание – вид связи, при котором зависимость слова выражается лексически, порядком слов и интонацией, без применения окончаний и служебных слов.

Мысалы (например): *жаңа көше, қызық оқиға т.б.*

1. Сұхбатты толықтырыңыз.

Дополните диалог.

– Сәлем! Танысып қойыңыз, бұл – ме..... әріптес..... – Айгүл.

– Өте қуаныштымын. Ме..... аты-жөн..... – Ербол. Жақсы жеттіңіздер ме?

– Мен де қуанышты..... . Рақмет, біз жақсы жетті..... . Ұшақтың іш.... жайлы екен, тез жеттік.

– Сіздер..... қонақүй..... апарайын.

– Рақмет, тамаша болар еді!

2. Сөздерді байланыстырып, байланыс түрін анықтаңыз.
Свяжите слова и определите виды связи слов.

1. Сағат 6-*да* тұру *тұрды (меңгеру)* .

2. Жаттығу жасау ..... .

3. Автобус..... отыру ..... .

4. Жұмыс..... келу ..... .

5. Әріптестер..... амандасу ..... .

6. Қызмет..... кірісу ..... .

3. Сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите соответствующий ответ.

1 - Б	2 -	3 -	4 -	5 -	6 -	7 -	8 -

1	Кең дала
2	Жанар – дәрігер
3	Сенің курстасың
4	Қызметке қабылдау
5	Ұжыммен тіл табысу
6	Ортақ міндет
7	Біздің құпиямыз
8	Ол – табыскер

А	меңгеру
Ә	матасу
Б	~~қабысу~~
В	қиысу
Г	меңгеру
Ғ	қиысу
Д	қабысу
Е	матасу

82-САБАҚ

Синтаксистік қатынастар
Синтаксические отношения

Тіркес құрамындағы сөздер бір-бірімен әртүрлі семантика-синтаксистік қатынасқа түседі. Мысалы: *биік (қандай?) таулар* – анықтауыштық қатынас, қалада (қайда?) тұрады – пысықтауыштық қатынас.

Слова, образующие словосочетание, имеют различные семантико-синтаксические связи. Примеры: *биік (қандай?) таулар* (высокие горы) – определительные отношения, қалада (қайда?) тұрады (живёт в городе) – обстоятельственные отношения.

Синтаксистік қатынастар	Мысалдар
1. Субъект-предикаттық Субъектно-предикативное	Мен – ғалыммын. Біз келе жатырмыз.
2. Атрибутивтік Атрибутивное	бес кітап, досымның сөзі
3. Объектілік Объектное	кітап оқу, ұлына айтты
4. Адвербиалдық Адвербиальное	театрға барды, далада жүр

Субъект-предикаттық қатынас заттың (құбылыстың) сын-сипаты, әрекеті мен дәреже деңгейін т.б. білдіреді.

Субъектно-предикативные отношения обозначают характеристику предмета (явления), действие и уровень.

Мысалы: әл-Фараби – ұлы ойшыл. *Аль-Фараби – великий мыслитель.*

Боран күшейді. Буран усилился.

Атрибутивтік қатынас заттың сын-сапа, мөлшерлік сипатын білдіреді.

Атрибутивные отношения выражают качественную и количественную характеристику предмета (явления), т.е. отношение «предмет и его признак».

Мысалы: арзан тауар *(дешевый товар)*, *оныншы бұйрық* *(десятый приказ)*, *менің інім* *(мой младший брат)*.

Объектілік қатынас іс-әрекеттің затқа, объектіге бағытталғанын, сондай-ақ немен жүзеге асқанын білдіреді.

Объектные отношения обозначают направленность действия к предмету и объекту, а также инструмент, посредством которого было выполнено действие.

Мысалы: кітап оқу *(читать книгу)*, *болашақ туралы ойлану* *(думать о будущем)*, *дипломмен марапатталды* *(награжден дипломом)*.

Адвербиалдық қатынас «әрекет және оның өту сипаты» қатынасын білдіреді.

Адвербиальные отношения выражают отношения «действие и характеристика его выполнения».

Мысалы: тез сөйлеу *(говорить быстро)*, *жаяу жүру* *(ходить пешком)*.

1. Көп нүктенің орнына формадағы сөз тіркесін қойыңыз.
Вместо многоточий поставьте словосочетание в нужной форме.

Бұл – басшының кабинеті ... (атрибутивтік қатынас). Басшы, кабинет.
Мен .....(адвербиалдық қатынас). Кабинет, кір
Мен ..... (объектілік қатынас). Басшы, амандас
Басшы .....(адвербиалдық қатынас). Жылы, қабылда
Жұмыс жайлы ..... (субъект-предикаттық қатынас). Біз, сөйлес

2. Сурет бойынша сөйлемдер құрастырып, синтаксистік қатынастарды анықтаңыз.
Составьте предложения по картинкам, определите синтаксические отношения.

Керекті сөздер: *ұлы, өзен, қазақ, жарыс, ақын, ~~гарышкер~~, дайындал, балық.*



Бұл - Тоқтар Әубәкіров. Ол - қазақтың тұңғыш ғарышкері.



.....
..... .



.....
..... .



.....
..... .

3. Сөйлемдерді салыстырыңыз. Субъект мен объектінің формасын анықтаңыз.
Сравните предложения. Определите формы субъекта и объекта.

Арман қалада тұрады.	Арманға қонақтар келді.
Жазушы оқырмандармен кездесті.	Оқырмандар жазушыға сұрақтар қойды.
Біз мұражайға бардық.	Мұражай жәдігерлері мол екен.
Қызметкерлер мәжіліске қатысты.	Басшылық біраз қызметкерді марапаттады.
Жексенбі күні жарыс болды.	Жарысқа бәріміз қатыстық.

83-САБАҚ

Сөйлем мүшелері. Бастауыш
Члены предложения. Подлежащее

Қазақ тілінде сөйлем мүшелері екіге бөлінеді: тұрлаулы мүшелер (бастауыш, баяндауыш), тұрлаусыз мүшелер (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш).

В казахском языке члены предложения делятся на две группы: главные (подлежащее и сказуемое) и второстепенные члены предложения (определение, дополнение, обстоятельство).

Бастауыш (Подлежащее)

Бастауыш – сөйлемде кім, не туралы айтылғанын білдіріп, ***кім? не? кімдер? нелер?*** сұрақтарына жауап беретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі. Бастауыш атау септіктегі зат есім, есімдік және заттанған өзге сөз таптарынан жасалады.

Бастауыш (подлежащее) – главный член предложения, который указывает на то, о ком или о чем говорится в предложении и отвечает на вопросы ***кім? (кто?) не? (что?) кімдер? (кто? во мн.ч.) нелер? (что? во мн.ч.).*** Бастауыш выражается именами существительными (зат есім), местоимениями (есімдік), а также субстантированными частями речи в атау септік (именительном падеже).





Лиза – дәрігер.	Ол емханада жұмыс жасайды.

Зат есім	Сан есім	Есімдік
Лиза – дәрігер.	Он екіге бөлінеді.	Біз – жаспыз.

1. Мәтіндегі бастауыштардың астын сызыңыз.

Подчеркните в тексте подлежащие.

Марал демалыста отбасымен тауға шықты. Күн суық. Қар қалың. Жолдасы Бекен шаңғы тепті. Шаңғысы жаңа. Ал балалар өз шаналарымен сырғанады. Шананың бірі үлкен, бірі кіші. Ал Марал біраз серуендеген соң, дастарқан жайды. Таза ауада жеген тамақ қандай дәмді!

2. Суретті (санды) бастауыш етіп, сөйлем құрастырыңыз.
Составьте предложения, используя рисунки (цифры) в функции подлежащего.

20 *Жиырма екіге бөлінеді* .....

45 .....



.....



.....



.....

3. Сәйкестігін табыңыз.
Найдите соответствие.

Біз	Астана
Қазақстан жер көлемі жағынан	жүзден аса ұлт тұрады
Еліміздің	қазақстандықпыз
Онда	қазба байлығы мол
Бас қаласы	әлемде тоғызыншы орын алады

84-САБАҚ

Баяндауыш
Сказуемое

Баяндауыш (сказуемое)

Баяндауыш бастауыштың іс-әрекетін білдіретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі. Баяндауыш жіктелген етістіктен кейде есім сөзбен беріледі. *Кім? не?* деген сұрақтарға жауап береді.

Баяндауыш (сказуемое) – главный член предложения, обозначающий действие и признак предмета. Баяндауыш выражается спрягаемой формой глагола, иногда именными словами. Отвечает на вопросы *не істеді? қайтті?(что делал? что сделал?) кім? (кто?) не? (что?) қандай? (какой?).*

Қанат банкте жұмыс істейді.	*Канат работает в банке.*
Абай – ұлы ақын.	*Абай – великий поэт.*
Жарас жиырмада.	*Жарасу двадцать лет.*
Жанардың көйлегі қызыл.	*Платье Жанар красного цвета.*


1. Сұрақтарға жауап жазыңыз, одан баяндауышты табыңыз.


Ответьте на вопросы, найдите в ответах сказуемое.

1. Роза Рымбаева кім? *Роза Рымбаева – әнші.*
2. Қандай атақтары бар? ..... .
3. Қандай конкурстарға қатысты? ..... .
4. Репертуарында қандай әндер бар? ..... .
5. Тағы қандай қазақ әншілерін білесіз? .....
..... .
6. Қандай композиторлардың әндерін орындайды?
..... .

2. Суретпен тиісті сөздерді пайдаланып, баяндауышы бар сөйлемдер құрастырыңыз.

Составьте предложения со сказуемым, используя рисунки и нужные слова.





Бұл – Жасұлан .
Ұлты – .....
Жасы – .....
Бойы – .....
Көзі – .....

Бұл – .....
Ұлты – .....
Жасы – .....
Бойы – .....
Көзі – .....

3. Кестедегі сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастырыңыз.
Составьте предложения с помощью слов в таблице.

Аты-жөні	Туған жері	Жасы	Жұмыс орны	Отбасы туралы мәлімет
1. Азамат Қайратұлы	Семей	22	Ішкі істер бөлімі	Үйленбеген
2. Асхат Сержанұлы	Жамбыл	45	Аударма бөлімі	Үйленген, 4 баласы бар
3. Ардақ Ерікқызы	Атырау	30	Кітапхана	Тұрмыста, 2 баласы бар
4. Бибігүл Сәрсенқызы	Орал	20	Банк	Тұрмыс құрмаған

1. Бұл - Азамат Қайратұлы. Семейде дүниеге келген.Жасы жиырмаекіде. Ішкі істер бөлімінде қызмет етеді. Әлі үйленбеген.
2. .....
.....
..... .
3. .....
.....
..... .
4. .....
.....
..... .

85-САБАҚ

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері

Второстепенные члены предложения

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері үш топқа бөлінеді:
Второстепенные члены предложения делятся на три группы:

– анықтауыш (определение):

Дәулет – *озат маман*. | Даулет – передовой специалист.

– толықтауыш (дополнение):

Кітапты ұқыпты ұста. | Книгой пользуйся аккуратно.

– пысықтауыш (обстоятельство):

Бүгін далада күн суық. | Сегодня холодно.

Анықтауыш – заттың белгісі, сапасы, түсі мен әртүрлі қасиетін білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.

Анықтауыш (определение) – это второстепенный член предложения, который обозначает признак, качество, свойства предмета.

Дианың (кімді?) жақсы (қандай?) достары көп. | У Дианы много хороших друзей.

Сұрақтары (вопросы): қандай? (какой?) қай? (который?) кімнің? (кого?) ненің? (чей?).

Толықтауыш әрекет бағытталған объектіні білдіреді.

Толықтауыш (дополнение) выражает объект действия.

Сұрақтары (вопросы): кімді? (кого?) нені? (чего?) кімге? (кому?) неге? (чему?) кіммен? (с кем ?) немен? (с чем ?) кімнен? (от кого?) неден? (от чего?)

Білекті бірді (кімді?) жығады, білімді мыңды (кімді?) жығады.

Пысықтауыш – қимылдың мезгілі, мекені, мақсаты, қалай орындалғанын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.

Пысықтауыш (обстоятельство) – это второстепенный член предложения, который обозначает время, место, цель, условие, образ действия.

сұрақтары (вопросы): қашан? (когда?) қайда? (где?) қалай? (как?) неліктен? (почему?) не үшін? (зачем?) не мақсатпен? (с какой целью?)

Кеше (қашан?) театрға (қайда?) жаңа қойылымды көру үшін (не үшін?) бардық. | Вчера ходили в театр посмотреть новую постановку.

1. Мағынасы бойынша тиісті сөздердің бірін таңдаңыз. Сөйлемнің қай мүшесі екенін анықтаңыз.
Выберите подходящее по смыслу слово. Определите член предложения.

Дамир – (Қазақстанның, жақсы) азаматы. Ол жоғары білімді (*Лондонда*, маман) алған. Қазір Қазақстан (экономикасын, ғимаратын) дамыту үшін еңбек етуде. Оның ағылшын достары (Қазақстан, Англия) туралы көп сұрайтын. Ал Дамир өз елі туралы (ерінбей, тез) әңгімелейтін. Досы (Майкл, Дамир) жақында Астанаға келмекші.

2. Оқыңыз. Жауаптарды толықтырыңыз.
Прочитайте. Дополните ответы.


– *Жазда қайда демалдың?*
– ..... *бардық.*

– Отбасыңызбен бірге бардыңыз ба?
– ....., ...

– Бұрын онда болып па едіңіз?
– ....., ...
– Есте қалатын қандай жерлері бар екен?
– ....., ..., ...

3. Көп нүктенің орнына суреттегі заттың атына тиісті жалғауды қойып жазыңыз.
Вместо многоточий вставьте наименование предмета на рисунке, присоединив нужные окончания.

Үлгі: Қаладағы ұлттық киімдер дүкеніне бардық.

.....  -не бардық. Әкемізге .....  сатып алдық.

Анамызға .....  алдық. Өзіме .....  , ал жұбайыма

.....  алдым.

4. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын анықтаңыз.

Вместо многоточия поставьте нужные слова и определите функцию данного члена предложения.

Қажетті сөздер: ~~әділ~~/ақылдаса/Астана қаласында/ орналасқан/атақты.

Қазақ даласында *әділ (анықтауыш)* билер болған. Олар ел арасындағы дау-дамайды ..... (.....) шешкен. ..... (.....) шешендігімен көзге түскен ..... (.....) үш биге ескерткіш орнатылды. Ол қаланың орталық көшелерінің бірінде ..... . (.....)

5. Әр суретке екі сөйлемнен құрастырыңыз. Тұрлаусыз мүшенің астын сызыңыз.

К каждому рисунку составьте по два предложения. Подчеркните второстепенные члены предложения.

Атырау/Тараз/Семей/~~Отырар~~/Түркістан



Әбу Насыр әл-Фараби Отырар өңірінде дүниеге келген.
Алматыда әл-Фараби атындағы университет бар.
.....



.....
.....
.....



.....
.....
.....



.....
.....
.....



.....
.....
.....

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі
Порядок слов в предложении

86-САБАҚ

Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің орны біршама тұрақты:
В казахском языке порядок слов относительно устойчив:

а) жай хабарлы сөйлемде баяндауыш сөйлемнің соңында, бастауыш одан бұрын тұрады;
в простом повествовательном предложении подлежащее обычно находится впереди сказуемого, которое стоит, как правило, в конце предложения;
Мысалы:

Әуез фирмада жұмыс істейді.	*Ауез работает на фирме.*

б) анықтауыш анықтайтын сөзінен бұрын тұрады;
определение всегда стоит перед определяемым словом;
Мысалы:

Қалада биік үйлер көп.	*В городе много высотных домов.*

в) толықтауыш пен пысықтауыш өздеріне қатысты сөздерден (баяндауыштан) бұрын тұрады;
дополнение и обстоятельство стоят перед сказуемым;
Мысалы:

Кеше театрдан Айгүлді көрдім.	*Вчера в театре видел Айгуль.*

Қазақ тілінде баяндауыш әрқашан сөйлем соңында тұрады.
В казахском языке сказуемое всегда стоит в конце предложения.

Мен кеше достарыммен кездестім.	Я вчера встречался с друзьями.
Ол емтиханнан жақсы бага алды.	Она на экзамене получила положительную оценку.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері сөйлемде тұрлаулы мүшелерге байланысты орналасады.
Расположение второстепенных членов предложения зависит от расположения главных членов предложения.

Анықтауыш Определение	Бастауыш Подлежащее	Толықтауыш Дополнение	Баяндауыш Сказуемое
Үлкен	ағам	үй	сатып алды.
Үздік	мамандар	сыйлықтар	алды.

Бастауыш подлежащее	Пысықтауыш обстоятельство	Баяндауыш сказуемое
Біз	театрға	бардық.
Ата-анам	Бурабайда	демалды.

Мақсатына қарай логикалық екпін түсетін сөз баяндауыштың алдында тұрады.

В зависимости от цели высказывания слово, имеющее логическое ударение, стоит перед сказуемым.

– *Ата-анаң жаздыгүні* ***қайда*** *демалды?*
– *Олар жаздыгүні* ***Бурабайда*** *демалды.*
– *Бурабайда жаздыгүні* ***кімдер*** *демалды?*
– *Бурабайда жаздыгүні* ***ата-анам*** *демалды.*

Қазір, көптен бері, бір жыл ішінде, келесі жылы, кеше, бүгін, ертең сөздері, әдетте, сөйлем басында орналасады.

Слова *қазір (сейчас), көптен бері (с давних пор), бір жыл ішінде (за год), келесі жылы (в следующем году), кеше (вчера), бүгін (сегодня), ертең (завтра)* обычно ставятся в начале предложения.

Кейде *жаңбыр жауады.*	*Иногда идет дождь.*
Қазір *ол банкте жұмыс істейді.*	*Сейчас он работает в банке.*
Бір жыл ішінде *жаңа үй салдық.*	*За год построили новый дом.*
Көптен бері *осы мәселе шешілмеді.*	*Эта проблема не решается с давних пор.*
Келесі жылы *жаңа мектеп беріледі.*	*В следующем году будет сдана новая школа.*
Енді *мен сіздерге ауыл туралы айтайын.*	*Теперь давайте я вам расскажу об ауле.*

Бұрыннан, кеш, жиі

Мен бұл іспен ***бұрыннан*** *таныспын.*	*Я знаком давно с этим делом.*
Біз хабарды ***кеш*** *естідік.*	*Мы поздно услышали эту новость.*
Біз сіздерге ***жиі*** *келіп тұрамыз.*	*Мы часто к вам приходим.*

Үнемі	Сирек
Сіз мектепке ***үнемі*** *келіп тұрасыз.*	*Сіз мектепке* ***сирек*** *келіп тұрасыз.*
Ол ***үнемі*** *циркке баласын апарады.*	*Ол баласын циркке* ***сирек*** *апарады.*

1. Сөздерді орын тәртібімен орналастырып, сөйлем құраңыз.
Составьте предложения, расставив слова по порядку.

1. Маған/ұнады/өткен Көңілді тапқырлар клубы сайысы/Ресейдің/Сочи қаласында

Маған Ресейдің Сочи қаласында өткен Көңілді тапқырлар клубы сайысы ұнады .

2. Саша/ұнатады/РУДН командасын

.....

3. мен/тыңдауға/жаңалықтарды/кешкі/үнемі тырысамын

.....

4. қабілеттері/студенттердің/дамиды/клубта

.....

2. Сөздерді орын тәртібімен орналастырып, сөйлем құраңыз.
Составьте предложения, расставив слова по порядку.

1. Тәжірибе/біз/жасадық/география пәнінен

Біз география пәнінен тәжірибе жасадық.

2. Марат/анықтауға/ат салысты/бас жүлдегерді

..... .

3. ұйымдастырады/конференцияны/студенттер

..... .

4. бағасын/пәтер/несие комитеті/белгіледі

..... .

5. баскетбол/оқушылар/үйірмесін/ұйымдастырды

..... .

3. Көмекші сөздерді тиісті орындарға қойыңыз.
Расставьте вспомогательные слова.

туралы/~~бойынша~~/үшін/сәйкес

1. Жапон халқының салты *бойынша* шикі өнімдер асханада көп қолданылады.

2. Хабарландыруға ..... құжат түрлерін жинау керек.

3. Бос қызмет орны ..... ақпаратты Жапония фирмасы берген.

4. Қазақ халқы ..... қонақ өте қадірлі адам болған.

87-САБАҚ

Сөйлем
Предложения

Сөйлем аяқталған ойды білдіреді.
Сөйлем (предложение) выражает законченную мысль.
Мысалы:

Мен *университетте* оқимын.	Я учусь в университете.

Сөйлемдер мақсатына қарай **хабарлы, сұраулы, лепті** болып бөлінеді.
В зависимости от цели высказывания предложения делятся на: хабарлы (повествовательные), сұраулы (вопросительные), лепті (восклицательные).

Хабарлы сөйлем бір нәрсе жайлы хабарлайды.
Предложение, в котором сообщается о чем-то, называется хабарлы сөйлем (повествовательным предложением).
Мысалы:

Олар *театрға* барды.	*Они ходили в театр.*

Сұраулы сөйлем бір нәрсе жайында сұрауды білдіреді.
Предложение, в котором о чем-то спрашивают, называется сұраулы сөйлем (вопросительным).
Мысалы:

Сен *қашан* келесің?	*Когда ты придешь?*

Лепті сөйлем ерекше сезіммен айтылады. Мысалы: Ауа райы қандай *тамаша! Какая прекрасная погода!*
Предложение, которое произносится с особенным чувством, называется лепті сөйлем (восклицательным предложением).

Хабарлы сөйлем	Сұраулы сөйлем	Лепті сөйлем
.	?	!

1. Хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.
Преобразуйте повествовательные предложения в вопросительные.

Үлгі: Біздің мекеме өткен жылды табысты аяқтады.
Сіздің мекемеңіз өткен жылды қалай аяқтады?

Біздің де мекеме өткен жылды табысты аяқтады. Жыл қорытындысы бойынша бес түрлі өнімнің сапасы айрықша бағаланды. Енді оларды экспортқа шығармақпыз. Мамандарымыз бұл өнімдермен үш рет халықаралық көрмеге қатысып келді. Германия мен Бельгия мемлекеттері өнімдерге тапсырыс берді.

.....
.....
.....
.....
.....

2. Берілген сөздермен сұхбат құрыңыз.
Составьте диалог с предложенными словами.

1. оқу орны/бітір/қай жылы
2. қазір/оқы/қайда
3. қашаннан бері/кездеспе
4. бір жыл ішінде/неше рет/шетелге бар

1. *- Сіз оқу орнын қай жылы бітірдіңіз?*
- Осыдан үш жыл бұрын.

2. ..... .
..... .

3. ..... .
..... .

4. ..... .
..... .

3. Берілген сұрақтарға лепті сөйлеммен жауап жазыңыз.
Ответьте на вопросы восклицательными предложениями.



– Сен үнемі теннис ойнайсың ба?
– Сіз үнемі шетелде жүресіз бе?
– Сізге біздің қаламыз ұнады ма?
– Сіз бұл жаңалықты естідіңіз бе?

– Иә, әрине, ...!
– Жоқ, ...!
– О-о-о, ...!
– Әрине, ...!

88-САБАҚ

Құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем

Сложные предложения. Сложносочиненные предложения

Құрмалас сөйлем – екі немесе одан да көп жай сөйлемнен тұратын, біртұтас, грамматикалық, мағыналық, интонациялық тұрғыдан бүтін синтаксистік бірлік.

Құрмалас сөйлем (сложные предложения) – синтаксически целая по смыслу и интонации конструкция, состоящая из двух или нескольких простых предложений.

Мысалы: Тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін, күніміз мәңгі сөнбесін!

Пусть вечно развевается священное знамя независимости, пусть всегда будет солнце!

Құрмалас сөйлемнің түрлері Типы сложных предложений		
Салалас құрмалас Сложносочиненные предложения	Сабақтас құрмалас Сложноподчиненные предложения	Аралас құрмалас Сложные предложения смешанного типа
Пойыз келді де, біз вагонға отырдық. Подъехал поезд, и мы сели в вагон.	Пойыз келгенде, біз вагонға отырдық. Когда подъехал поезд, мы сели в вагон.	Пойыз келгенде, біз вагонға отырдық, бірақ пойыз бір сағаттан соң жүрді. Когда подошёл поезд, мы сели в вагон, но он тронулся только через час.

Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін **салалас құрмалас** сөйлем деп атайды.

Тип сложного предложения, в котором связаны равноправные сказуемые, называется сложносочиненным предложением.

Мысалы: Ұстаз болу өте қиын, сондықтан әр сөзіңе, әр қадамыңа *сақ болып*, ар *таразысына салғаның* жөн.

Например: Быть педагогом очень сложно, поэтому *лучше* каждое слово, каждый шаг *делать с осторожностью*, *взвешивать* на чаше совести.

Салалас құрмаластар байланысу тәсіліне қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз құрмалас болып екіге бөлінсе, мағынасына қарай 8 түрге жіктеледі.

Сложносочиненные предложения по типу связи делятся на 2 вида: жалғаулықты (союзные) и жалғаулықсыз (бессоюзные), по семантике подразделяются на 8 видов.

Салалас құрмаластың түрлері:

Виды сложносочиненных предложений:

Салалас құрмаластың түрлері Виды сложносочиненных предложений	**Жалғаулықтары** Союзы	**Жалғаулықты** Союзные	**Жалғаулықсыз** Бессоюзные
Ыңғайлас салалас Сложносочиненное соединительного типа	*да/де, та/те, әрі (ал)*	Дарын домбыраны қағып жібереді де, Әлмеш «Бозторғайды бастап кетті».	Рауандап таң атты, шуақты сәске болды.
Себептес салалас Сложносочиненное причинно-следственного типа	*сондықтан, сол себепті, өйткені себебі*	Бұл жерде алманың қадірі жоқ, өйткені ол әрі көп әрі арзан.	Қымыз әкеліңдер, мына жігіттер жолда қаталап шөлдеп келген болар.
Қарсылықты салалас Сложносочиненное противительного типа	*бірақ, дегенмен, сондада, әйтседе*	Үсімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді.	Тәңірберген бір рет үн қатып еді, Еламан үндемеді.
Шартты салалас Сложносочиненное условного типа	*әйтпесе, болмаса*	Сен келісім бер, әйтпесе үлгере алмайды.	Осы жолмен жүре бер, алдыңнан бұлақ кездесер.
Талғаулы салалас Сложносочиненное разделительного типа	*не, мейлі немесе, я, яки, я болмаса, әлде, құй*	Бұл жерде не шөп жоқ, не қамыс жоқ.	
Кезектес салалас Сложносочиненное последовательного типа	*бірде, біресе, кейде*	Біресе аузы қимылдайды, біресе қолы қимылдайды.	
Түсіндірмелі (жалғаулықсыз) Сложносочиненное пояснительного типа	*сонша, сондай, сол*	Алғашқы компонентінің баяндауышы сол, сондай, сонша – есімдік, үстеулер немесе *мынадай* жалпылауыш сөзі, есім, етістік сөздер	Саған ашып айтарым сол: мен осында қаламын. Ол жазыққа түсе беріп байқады: сүрең салушылар екі топ екен.
Көп компонентті салалас Сложносочиненное многокомпонентного типа		Құрамында үш не одан да көп жай сөйлем болады.	Ағасы елуден, өзі алпыстан асып барады, әрқайсысында бес-оннан бала бар, сонда да еншілерін бөліспей келеді.

1. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырыңыз.

Преобразуйте простое предложение в сложное.

Үлгі: *Жаяу Мұса Байжанұлы – қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын, ал туған жері – Павлодар облысының Баянауыл ауданы.*

1. Жаяу Мұса Байжанұлы – қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын. Туған жері – Павлодар облысының Баянауыл ауданы. 2. Қызылжар, Омбы қалаларына келеді. Қала өнерпаздарымен араласып, домбыра, сырнай, скрипка аспаптарын тартуды меңгереді. 3. Әндері ел ішіне тарай бастайды. Жаяу Мұсаға «Патша саясатына наразы адам» деген айып тағылып, Тобылға жер аударылады. 4. Жаяу Мұса әндерін күні бүгінге дейін халық сүйіп тыңдайды. Оның әлеуметтік көзқарастары, азаматтық ұстанымдары сол кездің демократтық-ағартушылық озық идеяларымен астасып жатты.


1. .....
.....
2. .....
.....
3. .....
.....
4. .....
.....

2. Сурет бойынша тиісті жалғаулық шылауды пайдаланып, құрмалас сөйлем құраңыз.

Составьте сложные предложения по картинкам, правильно употребив союзы.



және



ал

Астана - жаңа қала және көшелері кең де таза.

.....





бірақ

.....

.....



сондықтан

.....

.....


3. Салалас құрмаластың сәйкес сыңарын табыңыз.
Найдите соответствующую пару сложносочиненного предложения.

Аман өте көңілді,	бірақ ешкім тараған жоқ.	**Ыңғайлас салалас**
Қуанғаны соншалық,	өйткені оның бүгін туған күні.	**Қарсылықты салалас**
Жиналыс бітті,	не келгісі жоқ.	**Себеп-салдар салалас**
Кейде бұл ренжиді,	самал жел есіп тұр.	**Шартты салалас**
Не уақыты жоқ,	болмаса өзім кетемін.	**Талғаулы салалас**
Ертең кел,	телефонды тастай салды.	**Кезектес салалас**
Күн жылы,	ел қуанды, елмен бірге біз де қуандық.	**Түсіндірмелі салалас**
Спортшылар елге оралды,	кейде ол өкпесін айтады.	**Көп компонентті салалас**



4. *Ұнатамын, өйткені* /*ұнатпаймын, бірақ* үлгісін пайдаланып, сурет бойынша бірнеше салалас құрмалас сөйлем құрыңыз.

Составьте несколько сложносочиненных предложений, используя модель *ұнатамын, өйткені*/*ұнатпаймын, бірақ*.

		
1. Шахмат	**2. Суретке түсіруші**	**3. Бауырсақ**
		
4. Қымыз	**5. Қармақ**	**6. Шаңғы**

1. *Мен шахмат ойнауды ұнатпаймын, бірақ дойбыны жақсы ойнаймын. Мен шахмат ойнауды ұнатамын, өйткені ол ақыл-ойды шынықтырады.*
2. .....
3. .....
4. .....
5. .....
6. .....

Сабақтас құрмалас сөйлем
Сложноподчиненные предложения

89-САБАҚ

Басыңқы және бағыныңқы бөліктерден тұратын құрмалас сөйлемнің түрін **сабақтас құрмалас** сөйлем деп атайды.

Мысалы: Ертең күн жылы болса, біз тауға шығамыз.

Сложное предложение, которое состоит из главного и придаточного предложений, называют сложноподчиненным предложением.

Например: Если завтра будет тепло, мы пойдем в горы.

Сабақтас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-біріне бағына байланысады, алғашқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болады.

В составе сложноподчиненных предложений простые предложения подчиняются друг другу, сказуемое первого предложения имеет незаконченный вид.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері:
Виды сложноподчиненных предложений:

Сабақтас құрмалас сөйлемдер мағыналық жағынан мынадай топтарға бөлінеді:

Сложноподчиненные предложения в казахском языке по значению делятся на следующие группы:

– мезгіл бағыныңқылы сабақтас (придаточное времени);
– шартты бағыныңқылы сабақтас (придаточное условия);
– мақсат бағыныңқылы сабақтас (придаточное цели);
– себеп бағыныңқылы сабақтас (придаточное причины);
– қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас (придаточное образа действия).

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем
Придаточные предложения времени

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемде бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардағы істің орындалу мезгілін көрсетіп, *қашан? қашаннан бері? қашанға дейін?* сұрақтарына жауап береді.

Придаточные предложения времени показывают время действия и отвечает на вопросы: *қашан? (когда?), қашаннан бері? (с каких пор?), қашанға дейін? (до каких пор?).*

Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем мынадай тәсілдер арқылы жасалады:

- жатыс септік формасында тұрған ***-ған/-ген*** өткен шақ есімше жұрнағы;
- өткен шақтың ***-ша/-ше*** жұрнағы;
- өткен шақ есімшемен ***сайын, соң*** шылаулары (*барған соң, келген сайын*) және жатыс септігіндегі ***-ған/-ген*** өткен шақ есімше жұрнағы;

барыс және шығыс септік формасындағы өткен шақ есімшемен ***дейін, кейін, шейін, соң, бері*** шылаулары.

Придаточные предложения времени образуются следующим образом:

- суффикс причастия в прошедшем времени *-ган/-ген* в местном падеже;
- суффикс прошедшего времени *-ша/-ше;*
- причастие в прошедшем времени с послелогами *сайын, соң (барған соң, келген сайын)* и суффикс причастия в прошедшем времени *-ган/-ген* в местном падеже;
- причастие в прошедшем времени в дательном и исходном падежах с послелогами *дейін, кейін, шейін, соң, бері.*

Нұржан жұмыстан келгенде, Мейрам үйде болды.	*Когда Нуржан вернулся с работы, Мейрам был дома.*
Пойыз жүріп кеткенше, олар орнынан қозғалмады.	*Пока поезд не тронулся, они оставались на месте.*

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Придаточные предложения условия

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемде бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардағы істің шартын білдіріп, ***қайтсе? не істесе?*** деген сұрақтарға жауап береді.

Придаточные предложения условия указывают на то, при каких условиях происходит действие в главном предложении и отвечает на вопросы *қайтсе? не істесе? (если что сделает?)*

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.	*Если будешь трудиться не ленясь, то будешь всегда сыт.*

Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің етістігі *-са/-се, -ма-ған-да/-ме-ген-де* қосымшаларына аяқталады.

Сказуемое придаточного предложения условия оканчивается на *-са/-се, -ма-ган-да, -ме-ген-де.*

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Сложноподчиненные предложения с придаточным образа действия

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемде бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардағы істің орындалу сипатын білдіріп, *қалай? қайтіп?* деген сұрақтарға жауап береді.

Придаточные предложения образа действия в сложноподчиненном предложении раскрывает образ действия, названного в главном предложении, и отвечает на вопросы ***қалай? (как?) қайтіп? (каким образом?).***

Бағыныңқылы сыңардағы етістік көсемшенің *-ып/-іп, -п, -а/-е, -й* жұрнақтарымен қолданылады.

Сказуемое данного придаточного предложения оканчивается на одну из форм деепричастия *-ып/-іп,-п,-а/-е, -й.*

Көктем кел**іп**, күн жылынды.

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Сложноподчиненные предложения с придаточным причины

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемде бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардағы істің орындалу себебін білдіріп, ***неге? неліктен? не себепті?*** деген сұрақтарға жауап береді.

Придаточные предложения причины указывают на причину того, о чем говорится в главном предложении и отвечают на вопросы: *неге? (почему?) неліктен? (отчего?) не себепті? (по какой причине?).*

Бағыныңқылы сыңардағы етістік төмендегідей формаларда қолданылады:
-дықтан, -діктен жұрнақтары бар есімшенің өткен шақ түрі;
өткен шақ есімшемен ***сайын, соң*** шылаулары;
көсемшенің *-ып/-іп, -п, -а/-е, -й* жұрнақтарымен қолданылады.
Сказуемые придаточного предложения причины выражаются:
– причастием прошедшего времени с суффиксом *-дықтан/-діктен;*
– причастием прошедшего времени с послелогом *сайын, соң;*
– деепричастием на *-ып/-іп, -п, -а/-е, -й.*

Мысалы:

Билет алмағандықтан, театрға бара алмадық.	*Мы не смогли пойти в театр, потому что не было билетов.*

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
Сложноподчиненные предложения с уступительным придаточным предложением

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қайшы жай сөйлемнен тұрады. Қарсылықты бағыныңқы сыңар ***қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен?***деген сұрақтарға жауап береді.

Сложноподчиненные предложения с уступительным придаточным предложением состоят из двух простых, противоположных по значению предложений. Уступительные придаточные предложения отвечают на вопросы *қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен? (несмотря на что?)*

Бағыныңқылы сыңардағы етістік төмендегідей формаларда қолданылады:
-да/-де, -та/-те демеуліктермен тіркескен *-са/-се* шартты формасы;
көмектес септіктің *-мен,-бен,-пен* жалғауларымен есімше;
есімшенің *-ған/-ген, -қан/-кен* жұрнақтарына *-ша/-ше* қосымшаларының жалғануы арқылы.
Сказуемые уступительного придаточного предложения выражаются:
- условной формой на *-са/-се* с частицей *-да/-де, -та/-те;*
- причастием в форме творительного падежа *-мен,-бен,-пен;*
- причастием на *-ған/-ген, -қан/-кен,* к которому присоединяются аффиксы *-ша/-ше.*

Көп бағыныңқылы сабақтастар
Многокомпонентные сложноподчиненные предложения

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деп бір басыңқыға немесе басыңқы сөйлемнің белгілі бір сөзіне тәуелді бөліктерден тұратын синтаксистік бірлікті атайды.

Многокомпонентным сложноподчиненным предложением называют синтаксическую конструкцию, состоящую из частей, которые относятся к одному главному предложению или одному слову главного предложения и выступают как равноправные его части.

Мысалы: Үй қараңғы болғанымен, *далада* ай әлі *жарық* болғандықтан, біз жарық жақпадық.

Хотя дома темно, но из-за того, что на улице еще светит луна, мы не стали включать свет.

1. Салалас құрмалас сөйлемдерді сабақтас құрмалас сөйлемге айналдырып жазыңыз.

Преобразуйте салалас құрмалас сөйлем (сложносочиненные предложения) в сабақтас құрмалас сөйлем (сложноподчиненные предложения).

Үлгі:

Өтемісұлы Махамбет – қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, әрі Исатай Тайманов бастаған көтерілістің жалынды жыршысы.

Өтемісұлы Махамбет – қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы. Исатай Тайманов бастаған көтерілістің жалынды жыршысы. Махамбет ақын ғана емес, батыр. Оны халқы көсем тұтқан. Ол Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиембет, Доспамбет сияқты біртуар тұлғаларының мұраларын көкірегіне тоқып өсті. Көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

2. Төмендегі үлгіні пайдаланып, сурет бойынша бірнеше сабақтас құрмалас сөйлем жазыңыз.

Используя образец, по картинке составьте несколько сложноподчиненных предложений.

1. Күн бұлттанса, жаңбыр жауады.
2. Күн бұлттанып, жаңбыр жауғалы тұр.
3. Күн бұлттанғанмен, жаңбыр жауған жоқ.
4. Күн бұлттанғандықтан, жаңбыр жаууы мүмкін.



.....

.....

.....

.....


.....

.....

..... .







.....	.....	.....
.....	.....	.....
.....	.....	.....

3. Сабақтас құрмаластың сәйкес сыңарын тауып, қай түрі екенін анықтаңыз.
Найдите соответствующую пару и определите вид сложноподчиненного предложения.

1. Егер суды 0°-дейін мұздатсақ,	барлық сұрақтарыма жауап таптым.	Қимыл-сын бағыныңқылы
2. Кітапты оқып,	ол қайнайды.	Қарсылықты бағыныңқылы
3. Мен қанша қарасам да,	ол мұзға айналады. →	Себеп бағыныңқылы
4. Егер біз суды 100°-қа дейін қыздырсақ,	біз оған сүйсіне қараймыз.	Шартты бағыныңқылы
5. Айдана сымбатты қыз болғандықтан,	күн ашық болатын.	Мезгіл бағыныңқылы
6. Біз жолға шыққан кезде,	қуанып отырған кезде, жұмысқа қайта шақырды.	Көп бағыныңқылы
7. Анасы келіп,	ол мені байқамады.	Шартты бағыныңқылы

90-САБАҚ

Аралас құрмалас сөйлемдер
Сложные предложения смешанного типа

Аралас құрмалас сөйлемдер үш немесе одан да көп компонент өзара салаласа да, сабақтаса да байланысады.

Аралас құрмалас сөйлемдер (сложные предложения смешанного типа) состоит из трех и более компонентов, которые связаны между собой и способом соединения и способом подчинения.



Салалас	Сабақтас	Салалас (басыңқы сөйлем)
Бәрі уақытында жиналды. Все собрались вовремя.	Біз пойызға отырған кезде Когда мы сели на поезд	Кешіккен Болат жүгіріп келді. Прибежал опоздавший Болат.

Салалас	Сабақтас	Сабақтас	Салалас (басыңқы сөйлем)
Бәрі уақытында жиналды. Все собрались вовремя.	Біз пойызға отырған кезде Когда мы сели в поезд	Кешіккен Болат жүгіріп келгенмен Хотя опоздавший Болат прибежал	Пойыз орнынан қозғалды. Поезд тронулся с места.

Салалас	Сабақтас	Сабақтас	Салалас (басыңқы сөйлем)
Бәрі уақытында жиналды. Все собрались вовремя.	Біз пойызға отырдық. Мы сели в поезд.	Сол кезде кешіккен Болат жүгіріп келгенмен Хотя в то время прибежал опоздавший Болат	Пойыз орнынан қозғалды. Поезд тронулся с места.

Салалас	Сабақтас	Сабақтас	Салалас (басыңқы сөйлем)
Бәрі уақытында жиналмаса да Хотя не все собрались вовремя	Біз пойызға отырдық. Мы сели в поезд.	Сол кезде кешіккен Болат жүгіріп келгенмен Хотя в тот момент прибежал опоздавший Болат	Пойыз орнынан қозғалды. Поезд тронулся с места.

1. Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.

Найдите сложные предложения смешанного типа.

1. *Бауыржан Момышұлы – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанып, ол батальон, полк командирі қызметтерін атқарады.*

2. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші, Түркістан қаласында орналасқан, 1396-1399-жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи қабірінің басына тұрғызылған.

3. Баланы бесікке салғанда, ұйқысы қалың болсын деп, бесіктің үстіне жеті түрлі сырт киім (шапан, тон т.б.) жабылады.

4. Домалақ ананың қадір-қасиеті ерте-ақ танылғандықтан, ел аузында ол кісі жөнінде аңыз әңгіме көп.

5. Бірде Шабдан манап генерал-губернатор Колпаковскийдің тез жет деген шақыртуымен күймесін жектіріп, жанына ерер жігіт-желеңін сайлап, енді қозғала бергенде, есік алдына Жамбыл кеп, ат байлады дейді.

6. Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен атауы көп, үш жүздің өз өрнегі болғандықтан, кейде киімдерді ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп те танып жатады.

7. Күн батты, тауды қара көлеңке басты, бірақ тыңшылардан әлі хабар жоқ.

8. Жастар да аман болсын, сіз де аман болсаңыз, олар әлі талай биікке жетеді.

2. Аралас құрмалас сөйлемге айналдырыңыз.

Преобразуйте в сложные предложения смешанного типа.

1. Зал ду етті. Тораға сөйледі. Ешкім үндеген жоқ.
Зал ду етті, бірақ тораға сөйлегенде, ешкім үндеген жоқ. .

2. Арман демалыстан келді. Жұмыс енді қыза бастады. Бірақ ол бірден кірісе алмады.

.....

..... .

3. Жүргізуші музыка қосты. Күн кешкірген еді. Жолаушылар ұнатпады.

.....

..... .

4. Бұл – менің тұңғыш іссапарым. Көп нәрсені түсінбей тұрмын. Айтып берсеңіз. Мен бірден қағып аламын.

.....

..... .

5. Қызық оқиға болды. Қазір айтам. Ешкім күлмейтін болсын.

.....

..... .

3. Оң жақта берілген ақпаратты пайдаланып, сұраққа құрмалас сөйлеммен жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы сложными предложениями, используя информацию справа.



Үлгі: –Жұмысыңыз табысты жүріп жатыр ма?

- Иә, біршама жақсы жүріп жатыр, бірақ кейбір ақпараттар болмағандықтан, аяқтауға әлі ерте .

1. Жұмысыңыз табысты жүріп жатыр ма?	Кейбір ақпараттар жоқ. Аяқтауға әлі ерте.
2. Қазақ тілінде көркем әдебиетті оқу қызықты ма?	Тілді жаңа үйреніп жүрмін. Көптеген таныс емес сөздер кездеседі.
3. Сізге жатақханада тұру ұнай ма?	Бұрын тұрып көрмедім. Басында көп нәрсеге үйрену керек екен.
4. Сізге Астананың қысы ұнай ма?	Ауа таза. Өте суық.
5. Көршілеріңізбен тату тұрасыз ба?	Көбін танымаймын. Кейбіреуімен сәлеміміз түзу.
6. Мұражайға бармайсыз ба?	Уақытым жоқ. Бір реті келгенде барармыз.

2. .....
.....

3. .....
.....

4. ....
.....

5. .....
.....

6. .....
.....

Оқшау сөздер
Обособленные слова

91-САБАҚ

Оқшау сөздер – мағынасы мен айтылуы жағынан айырықша айтылатын сөздер. Олар сөйлем мүшелерінің қызметін атқармайды. Сөйлеуде сөйлемнің өзге мүшелерінен оқшау айтылады, жазғанда үтір немесе леп белгісі қойылады.

Оқшау сөздер (обособленные слова) – это слова, выделяемые по смыслу и интонации. Они не являются синтаксическими членами предложения. В речи выделяются от других слов паузами, при написании – запятой либо восклицательным знаком.

Оқшау сөздер үшке бөлінеді: Обособленные слова делятся на три вида:	
Қаратпа сөз Обращения	Ойдың кімге арналғанын білдіреді. Называют лицо, к которому обращена речь. **Мысалы:** Марат, үйге кір. Марат, зайди домой.
Қыстырма сөз Вводные слова	Сөйлеушінің айтылған ойға қатысын білдіреді. Показывают отношение говорящего к высказываемой мысли: сірә, мүмкін (наверное), сөзсіз, сөз жоқ (безусловно), рас, шын (действительно), бақытымызға қарай (к счастью), біріншіден (во-первых) т.б.
Одағай Междометия	Адамның көңіл күйін білдіретін сөздер. Слова, которые выражают чувства человека: пай-пай, алақай, бәрекелді, уһ, ой, әттеген-ай, қап т.б. **Мысалы:** Пай-пай, қауынның үлкенін-ай! Ах, какой большой дыня!

Қаратпа сөздер Обращения	
Қаратпа мәнінде қолданылатын сөздер Слова, используемые в форме обращения	Мысалдар Примеры
Кісінің аты, тегі, әкесінің аты (имя, фамилия, отчество человека)	– Жарас Мұратұлы, қабылдауыңызға жазылуға бола ма? – Жарас Муратович, можно записаться к Вам на прием?
Кім? деген сұрақ қоюға болатын жолдас, құрбы, балалар, оқушылар сияқты зат есімдер (имена существительные, отвечающие на вопросы кім? кто?)	Әріптестер, біз бүгін бірқатар мәселені шешіп алуымыз керек. Коллеги, мы должны сегодня решить ряд проблем.


Не? деген сұраққа жауап беретін сөздер де бейнелі ой білдіруде қолданылады (Имена существительные, отвечающие на вопросы не? что? при образном выражении мысли)	Тыңда, дала, Жамбылды, Тыңда, Қастек, Қаскелең! (Ж. Жабаев)

Қыстырма сөздер Вводные слова		
Мағыналары	**Қыстырмалар**	**Мысалдар**
Қуаныш, қорқыныш, аяныш, өкініш т.б.	*несін айтасың* (что тут говорить), *бақытымызға қарай* (к счастью), *өкінішке орай* (к сожалению) *т.б.*	***Өкінішке орай,*** бәрі біз ойлағандай болмады.
Сенушілікті, мойындауды, мақұлдауды білдіреді	*әрине, әлбетте* (конечно), *рас, расында, шынында, шынын айту керек* (и правду), *сөз жоқ* (безусловно), *сірә, мүмкін, шамасы* (возможно), *өзіңіз білесіз* (как знаете) *т.б.*	***Әрине,*** сенің өзінше орындағаның керек.
Ойдың кімнен шыққанын	*айтуынша* (по словам), *оның пікірінше* (по его мнению), *менің пайымдауынша* (по моему суждению), *ғалымдар көрсеткендей* (как говорят ученые) *т.б.*	***Қарттардың айтуынша,*** бұл жерде аң-құс көп болған.
Ой тәртібін	*біріншіден* (во-первых), *екіншіден* (во-вторых), *үшіншіден* (в-третьих) *т.б.*	Бұлай ету, ***біріншіден,*** менің адамгершілік парызым.
Ойды жалғастыру, қорыту	*сайып келгенде, қысқасы* (короче), *былайша айтқанда* (так скажем), *жалпы алғанда* (в общем), *ендеше, демек, сөйтіп* (и так) *т.б.*	***Сөйтіп,*** менің екі ыстық тілегім бірден орындалды.
Сөйлем күйінде келетін қыстырма		Бәтіш-ау (***Бәтиманы кішкене күнінде солай атайтын***), өзгермепсің ғой.

Одағайлар
Междометия



Пай-пай! Пah-Пah!
Алақай! Ура!
Бәрекелді! Оho!



Уһ! Ой! Туу!
Әттеген-ай!
Қап!



Тәйт! Жә!
Моһ-моһ! Көс-көс!
Шөре-шөре! Әукім-әукім!



Сәлем! Қош!
Құп! Кеш жарық!
Рақмет!

1. Көп нүктенің орнына тиісті оқшау сөздерді қойыңыз.
Вместо многоточий вставьте обособленные слова.

Қажетті сөздер: *пай-пай, меніңше, шөре-шөре, қарағым, сәлеметсіз бе, Сергей, тұрғындардың айтуынша, құп, лағым, қап.*

1. ....., бері кел!
2. ....., Алматыға барып емделгеніңіз дұрыс.
3. ....., бұл жерде бұрын көл болған.
4. ....., Көкшетаудың ауасын-ай!
5. ....., біздің жігіттер ерледі!
6. ....., ..., шөп жей ғой!
7. ....., жақсы жеттіңіз бе?
8. ....., кешігетін болды-ау!
9. ....., айтқаныңыз болсын!
10. ....., өтіп кетейін!

2. Мәтіннен оқшау сөздерді табыңыз.
Найдите в тексте обособленные слова.

– *Толқын,* жаңа көзілдірік алдым, жараса ма?
– *Меніңше,* бұрынғың әдемі еді.
– *Біріншіден,* оны сындырып алғанмын.
– *Қап, әттеген-ай!*
– *Екіншіден,* бұл одан әлдеқайда сапалы.
– *Мүмкін,* мен байқамаған болармын.

3. Сұхбатты оқшау сөздермен жалғастырыңыз.
Продолжите диалог с обособленными словами.

– *Ғафу етіңіз, бұл – менің орным.*
– *Мүмкін емес, билетімді қарайын.*
– .....
– .....
– .....
– .....

4. Төмендегі жағдаяттарда қандай оқшау сөз қолданған дұрыс?
Какие обособленные слова можно употребить в следующих ситуациях?

1. ~~Жұмысқа кешігетін болыңыз~~.
Әттеген-ай, жұмыстан кешігетін болдым-ау!
2. Ініңіз олимпиада чемпионы болды.
.....
3. Автобуста сізге жас бала орын берді.
.....
